



# **ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

**альманах**

**№2 (40) / 2015**



# ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

**альманах**

*Журнал Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркелген.  
Күәлік № 516-Ж  
(14.06.2004 ж.)*

**Бас редактор**  
*Қонысбай ӘБІЛ*

**Бас редактордың орынбасары**  
*Бижомарт ҚАПАЛБЕК*

**Құрылтайшы:**

*ҚР Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси  
жұмыс комитеті*

**Редакциялық кеңес:**

**Ғарифолла Есім**

*ғалым, философия ғылымдарының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі*

**Алдан Смайыл**

*Қазақстан Республикасының Парламенті  
Мәжілісінің депутаты*

**Сауытбек Абдрахманов**

*«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»  
акционерлік қоғамының президенті*

**Дихан Қамзабекұлы**

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің проректоры*

**Дархан Қыдырәлі**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі «Түркі Академиясы» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамының президенті, тарих  
ғылымдарының докторы*

**Юсуп Кеңес Сләмханұлы**

*жазушы, аудармашы*

**Қойшығара Салғараұлы**

*Мемлекеттік сыйлықтың,  
Күлтегін сыйлығының  
лауреаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ғалым,  
жазушы*

**Айдос Сарым**

*саясаттанушы*

**Асанова Жанар Болатқызы**

*Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс  
комитетінің бас сарапшысы*

*Туған тілім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өтсе тілім, мен де бірге өтемін.*

*Әбділда Тәжібаев*



**Анар ФАЗЫЛЖАНОВА,**  
филология ғылымдарының  
кандидаты,  
Ахмет Байтұрсынұлы  
атындағы Тіл білімі  
институты директорының  
орынбасары

# ҚАЗАҚ ТІЛІ: ТИІМДІ ДАМУДЫҢ ЖЕТІ ШЕШІМІ

*Мәртебені түсіну. Қазақ тілі – ҚР мемлекеттік тілі, еркіндік, тәуелсіздік, демократия сияқты аса маңызды құндылықтары тәрізді Қазақстан халқының құндылығы, адам капиталы консолидациясының және оның дамуының ажырамас және маңызды факторы.*

Мемлекеттік тілді білу және дамыту ҚР әрбір азаматының дамуы мен өркендеуіне тікелей қатысты. Мемлекеттік тілді қоғамның сапалық білуі, оның жоғары әлеуметтік мәртебесі жеке алғанда әрбір азаматтың, жалпы елдің материалды әрі рухани дәулеттілігін, қайталанбас әлемдік феномен ретінде қазақстандық

мәдениет пен өзіндік ерекшеліктерді, сонымен қатар ішкі тұрақтылық пен рухани қауіпсіздікті сақтауға қызмет етеді. Қазіргі қазақстандық қоғам санасында қазақ тілі мәртебесін осылай түсіну мемлекеттің және оның басшысы — Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың либералды, байсалды, толерантты және шыдамды, анағұрлым демократиялық көпжылдық тілдік саясатының арқасында бекітілді.

**Мемлекет + азаматтық қоғам.** Қазақстандықтардың қоғамдық санасында тілдік мәселе саясиленбауы тиіс; мемлекеттік тілді білмеу — азаматтың өзінің мемлекетіне қатысты құндылықтар мен өлшемдер жүйесіндегі жеке кемшілігі және мемлекетке қатысты материалистік кейіп білдірудің сылтауы емес екендігін түсіну жағына қарай алға жылжу болды. ҚР әрбір азаматы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі үшін жеке жауапкершілікті сезінуі тиіс. Дегенмен мемлекеттік тілдің маңыздылығын осылай прогрессивті түсіну үдерістерін нығайту және жандандыру үшін қоғамның құқықтық мәдениетін көтеру бойынша жүйелі шараларды қабылдау қажет. ҚР барлық азаматтары мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі мен сапасын көтеру бойынша катализация үдерістері үшін бұл мәселенің тиімділігі мен нәтижесі мемлекет пен азаматтық қоғамның бірлесе үйлестірілген екі тараптық өзара қарым-қатынасқа тәуелді екенін түсіндіру қажет. Сондықтан мемлекеттік тілде халықтың лингвистикалық мәдениетін көтеруге бағытталған азаматтық бастамаларды жандандыру қажет. Мысалы: Б. Бухарбаев ұйымдастырған қазақ тілі курстары, «Қобыланды» эпосы арқылы қазақ тілін үйрену жалпы ұлттық жоба» З. Ержан және т.б.

**Либерализмнен инструментализмге.** Мемлекеттің ұлттық тілдік саясаты қарастырған мемлекеттік тілді нығайту жөніндегі алға бағытталған төзімді жоспардың арқасында мемлекеттік тілдің: нормативтік, демографиялық, ғылыми-лингвистикалық, саяси базасы қалыптасты. Әрі қарай олардың әр қайсысының жетістіктерін, қазақ тілінің мәртебесін бекіту қажет. Нормативтік база бойынша анағұрлым жоғары деңгейге алға жылжу қажет, себебі тәуелсіздік жылдарда бұрынғы мүмкіндіктен көтерілді және әрі қарай тілдің дамуы үшін мемлекеттік тілдің 6 нормативтік негіздерін анағұрлым инструменталды негіздерге ауыстыру қажет. Яғни либералды саясат өз жемісін берді, енді оларды жоғалтып алмас үшін республика азаматтарының мемлекеттік тілді енгізудің нақты тетіктері мен талаптарын көрсететін инструменталды сипаттағы заң қабылдау керек. Сондықтан мемлекеттік тіл туралы заң қажет деп есептейміз.

**Саннан сапаға.** Тәуелсіздік жылдарда қалыптасқан қазақ тілінің лингвистикалық базасы көптеген лингвистикалық, көркем, әдістемелік, нормативтік, ғылыми, ғылыми-көпшілік, әдістемелік әдебиетпен толықты. Енді саннан сапаға көшу уақыты келді: қазақ тіліндегі оқулықтың, анықтамалықтың және әдебиеттің қазіргі қазақ тілінің, оны ҚР мемлекеттік тілі ретінде қолданған кезде, нормаларына сәйкес келуіне сараптама және талдау жасаудың мониторингін жүргізу; қазақстандық оқулықтарының жаңа тұжырымдамасын жасау қажет.

**Қазақ тілі – ғылым тілі + IT тілі = ұлттың өміршеңдігі.** Қазақ тілі біртіндеп ғылым, саясат, басқару, ақпараттың толыққанды тілі болып келеді. Ғылымның барлық салаларында, қоғамның саяси өмірінде және ақпараттық-техникалық кеңістігінде мемлекеттік тілдің дамуынсыз саяси, ғылыми, эстетикалық, қоғамның құқықтық санасын дамыту мүмкін емес, ал қоғамдық сананың дамымай қалған негізгі түрлері бар қоғам аморфты, деструктивті, ол мемлекет пен биліктің тұрақтылығы үшін қауіпсіз емес. Сондықтан оның тез арада қалыптасу үдерістерін және толығымен ғылымға: жаратылыстану және техникалық, соның ішінде ақпарат, басқару қызмет етуін жандандыру қажет; қазақ тілі жоғары технологиялар мен ғаламтор кеңістігінің тілі болуы қажет. Осыған байланысты қазақтілді кадрларды: IT мамандарды, бағдарламалаушыларды, компьютерлік инженерлерді, информатика мамандарын тәрбиелеу қажет. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты бастамасымен Қазақ тілінің ұлттық корпусы жобасын жүзеге асыру қажет.

**Білімдер жүйесі: тілден барлық басқа пәндерге = патриотизм.** Мемлекеттік тілді дамытудың жаңа кезеңінде қазақ тілін басқа пәндермен ықпалдастыру маңызды, осылайша оның басымдылығын қоғам санасында бекітеді. Себебі қазақстандық білім беру мазмұнын құрайтын – ғылымға дейінгі халықтық білімдер жүйесі мен қазіргі ғылыми білімдер қазақ тілінде прецеденттер, сөздер, фразеологизмдер, терминдер, онимдер, геперонимдер, гипонимдер, зоонимдер, эргонимдер, антропонимдер, гидронимдер, оронимдер, фитонимдер және т.б. түрінде сақталады, тасымалданады, генетика арқылы беріледі. Оларды әлемдік феномен ретінде өзінің жеке мәдениеті, географиясы, кеңістік ортасы, оның тарихы, материалдық және рухани әлемі туралы прецеденттік емес білімдерді қалыптастыру үшін қазақстандық білім беру мазмұнына енгізу қажет, сол арқылы қазақстандық патриотизмнің қуатты феноменінің қалыптасуына жағдай жасау қажет.

**Филологиялық білім, сұраныс = ұсыныс.** Жоғарыда айтылғандар негізінде және статистика бойынша 70%-дан астам қазақстандық оқушылар қазақ мектептерінде білім алады, ал 50%-дан астам студенттер еліміздің жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде оқитыны туралы фактіні ескере отырып, қазақ филологиясы, қазақ тіл білімі, мемлекеттік тілді оқыту теориясы мен әдістемесін дамыту қажет. Филологиялық білім беру сапасына, сонымен қатар қазіргі нарыққа қажет тар мамандандыру салаластығына көңіл бөлу өте маңызды; қоғамда қазақ тіліне деген сұраныс жоғары. Болашақта сұраныстың өсу үрдісі анық. Ал ұсыныс сұранысқа сәйкес келмейді. Қазақ тілі бойынша сапалы білімдермен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін нарық жоқ, қоғамның лингвистикалық мәдениетін көтерту бойынша қызмет көрсетуден едәуір дивиденттерді алуға болатын және бүгінгі күні халықтың үлкен сұранысына байланысты қажетті филологиялық мамандықтармен байланысты, әсіресе, қазақ тілін білуге және меңгеруге жастарға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, бизнес-құрылымдар жоқ. Олар – филолог-орыс тілі пәні мұғалімдері және қазақтілді ағылшын пәні мұғалімдері, қазақтілді славян және романо-герман тілдерімен оқытудың әдістемесі мен ерекшелігі; психологтар – қазақша сөйлеудің ерекшеліктері мен психологиялық негіздерін меңгертудің әртүрлі жас ерекшеліктерінде балалардың тілін дамыту бойынша мамандар; этнопедагогиканың, қазақ фольклорының, көркем мәтіндердің негіздерін білетін тәрбиелеушілер; қазақ тілінің артикуляторлық-акустикалық базасын және қазақ тілінің психо-физиологиялық ерекшеліктерін білетін логопедтер; дикторлар, хатшы-референттер, ісқағазын жүргізушілер, менеджерлер, басқарушылар, жарнамашылар және қазақ тілін білетін басқа да мамандар.

Дильнара ЕРУЛАНОВА,  
ҚР Білім беру ісінің үздігі

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ

*Адам белгілі бір қоғамда өмір сүреді, сол қоғамның материалдық және рухани байлығын жасаушы болып табылады. Сол себепті адамдар үнемі қарым-қатынаста болады. Адамдардың өмір сүруінің, тіршілігін жүзеге асыруының құралы – тіл.*

Адам – тілімен адам. Тіл – жеке адамның туындысы емес, қоғамның жемісі, қоғамның нәтижесі. Тіл – қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы. Сондықтан да тіл – қоғамдық құбылыс, қоғамдық қызметімен өмір сүретін құбылыс. Адамзат қоғамы даму, жетілу үстінде болады. Осы өзгерістердің бәрі тіл арқылы көрінеді, тіл арқылы басқаға жетеді.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани әдебиетті жасаудың, ұлттық – ұжымдық тәжірибесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Тіл – өмірдің ұлы қаруы.

Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның коммуникативтік функциясы, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы, конструктивтік функциясы, рухани мәдениетті жасау қызметі, эстетикалық функциясы, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын

жинақтауы каммулятивтік функциясы деп аталады. Қарым-қатынас майданына түскен сайын тілдің икемділігі артып, қызметі шыңдала береді. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айрықша көңіл бөліп, мемлекет шынайы қамқорлыққа алғанда ғана ерекше жандана түседі. Тіл саясаты тілдің қоғамдық қызметінің дамуына оң әсер етуге тиіс. Ал, кері әсер етсе, ондай саясат керітартпа саясат болып шығады.

Қазақ тілі қазақ ұлтының құралуымен бірге қазақ халқының ұлт тілі болып қалыптасты. Ұлттың өмір сүру кепілі — ұлттық тіл. Қазақтар өзінің ұлттық тілін «Ана тілі» деп атайды. Қазақтың ана тілі — қазақ халқына ортақ, бәріне бірдей түсінікті, біртұтас тіл. Соған қарамастан, халық тілі өз ішінен сараланады. Ол алдымен, бүкіл қазақ ұлтына және Қазақстанда тұратын басқа ұлттарға ортақ, түсінікті әдеби тіл. Екіншіден, белгілі аймақта, жергілікті сипатта қолданылатын диалектілер (пұшайман, мұштау, кісәпірлік, құлақтан, ақтық т.б.), үшіншіден, ауызекі сөйлеу тілі. Бұлардың қоғамдық орны, маңызы, қызметі бірдей емес, бірақ осының бәрі ұлттық тілді құрайды. Ұлттық тіл — қазақ ұлтының рухани, мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің қасиетті құралы.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Көп ұлтты мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Қазақстанның мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Мемлекеттік тіл — көп ұлтты елдің барлық халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы. Көп ұлтты Қазақстанда мемлекеттік тіл өз қызметін толық атқару үшін, Тіл Заңын қабылдау қажет болды. «Қазақ КСР-нің тіл туралы Заңы» 1989 жылы қабылданды. Одан кейін Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты 1992 жылы және 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Жаңа Конституциясында қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді. Мемлекеттік тіл — Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттің рәмізі. Осыған сәйкес 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» қабылданып, оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» екені жазылған.

Мемлекеттік тіл — Қазақстан мемлекетінің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын: мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салалары — радио, теледидар, мерзімді баспасөз сияқты ақпарат құралдары, ісқағаздарының тілі. «Тіл туралы Заң» осы салалардағы тілдерді

қолдануға байланысты туындайтын қатынастарды реттеп отырады. Мемлекеттік тіл мемлекет қамқорлығында болады.

Бастау тегі байырғы, мазмұн-мағынасы мейлінше төлтума қазақ мәдениеті жиырмасыншы ғасырда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалды. Бұрынғы ұлылардың бірі тілді туындатушылар мен жоғалтушылардың ортасында сол тілді ұқсата алмаушылар бар деген. Бұқара жұртшылық деңгейіндегі істі де икемді тіл, көшпелілер өмірінің сан ғасырлық және сан-сала тәжірибесін тал бойына сіңірген тіл, мәңгілік жұлдызды аспанның, ғарыштың суретін көкірегіне қондырған, көшпелінің қиялына қолғанат болған тіл тұтынуға жарамсыз болып қала жаздады.

Бұған себеп – отарлаушылардың тұрақты, мақсатты жүргізілген ішкі-сыртқы саясатының күшімен ата-бабамыз қалыптастырған отбасы тәрбиесінің, яғни тәрбие дәстүрі мәдениетінің бұзылуынан ба дейміз. Ата-бабасы сөйлеген аяулы ана тілі тұрғанда, баланың әкешешесімен, туған-туысымен өз отбасында өзге тілде шүлдірлесуі қай дәстүрімізде бар? Егер әр қазақтың баласы жақындарымен өзінің ана тілінде сөйлесе, қазақ тілі бүгінгідей күйге ұшырар ма еді? Бұл арада тіл мәселесін отбасы шешіп тастайды деген ұғым тумаса керек. Мұнда мәселе бастау-бұлақтардың суынан құралып, арналы ұлы дариялар ағатындай, қайнар көзі отбасы тәрбиесімен ашылып, бұлқына аққан бала бұлақтың ана тілі дариясын тасытар құнарлылығында болып отыр. Тіліміздің тағдыры – өзіміздің тағдырымыз. Оған салғырт қарау өзгені емес, өзімізді сыйламау.

Бұл тұрғыда мынандай жағдайға тоқтауға болады.

Біріншіден, қазақ тілі өзінің барша құдірет-қуатымен әлемдік тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақ тілінің жетістігі – өзге халықтардың тілдерінің жетістігіндей бүкіл адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір бөлігі. Әлем халықтарының бірде бірінің сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылыстарды танып-білуге болатын сөздер бар. Жалпы қазақ тілін дамыту дегеніміз – гуманитарлық тұрғыдағы қуатты қаруды шыңдау, қоршаған ортаны бағалаудың бір құралын жетілдіру деген сөз. Өмірдің барлық белестерінде, мейлі ол батаның немесе дананың сөзі болсын, болмаса күнделікті өмірдің мамыражай тұрмысындағы сәттерден бастап, философиялық немесе филологиялық тұрғыда болсын бейнелеуде әрбір халықтың тілі өзінше орамды.

Екіншіден, қазақ тілі — ұлт болмысының бір көрінісі. Қазақ санасының көзі көріп отырған проблемаларының бірі — қазақтардың бір бөлігі өз ана тілін толық білмейтіндігі. Тілсіз ұлттық тұтастықтың болуы мүмкін емес. Ана тілін білмеудің негізгі себебі, қазіргі таңға дейін орыс тілінің ақпараттық мүмкіндікті пайдаланып отыруы.

Үшіншіден, қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алып отыруына байланысты еліміздің барлық жерінде қолданылатын тіл болып табылады. Мемлекеттік тілдің қажеттілігін туғызып, оны бірте-бірте меңгерту жалпы ұлттық кірігу тетіктерінің бірі болса керек. Мемлекеттік тілде халықтарды өзара түсіністік негізде жақындас-тыратын мәдениеттің шынайы мән-мағынасы болуы тиіс.

Қазақтың қарапайым тілін, дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін білмеген, домбыра үніне ұйымаған, жусанды даланың иісін аңсамаған қазақтың өзін қазақ деп айту қиын.

1990 жылдан бері заңды түрде қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып есептелінді. Мұның мәнісі өз туған елімізде қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі бұрынғыдай арта түседі деген сөз. Шындыққа жүгінсек, соңғы жылдарға дейін ана тілімізге тиісті көңіл бөлінбей келді. Соның салдарынан республикамызда қазақтардың 40 пайызы өз ана тілін шала біледі немесе мүлдем білмейді. Кейінгі 35-40 жылдың айналасында жүздеген қазақ мектептері күшпен жабылды. Қысқасы, толыққанды қызметі оннан аспады. Өз туған республикамызда өз ана тіліміз отбасы, ошақ қасының тілі ғана болып қалды.

Еліміздің тарихында жариялық пен демократияның салтанат құруының нәтижесінде еліміз егеменді, тіліміз мемлекеттік болғаннан бері ана тіліне деген көзқарас жаңа сапаға ие болды. Қазақ тілі — әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Ана тіліміздің қадірін арттыру — барша қауымның міндеті. Осы жолдағы ізденістер мен игі істер тіліміздің дамуындағы басты назар болды. Республикамыз егемендігін алғаннан бастап, қазақ тілінің де мәртебесі көтерілді. Соған орай, мемлекеттік тілімізді дамыту барысында көптеген шаралар жасалынып, келешекке де өзекті мәселе етіп қойылды. Тәуелсіздігін алған мемлекетіміз өзінің нышан белгілерін де енгізді. Олар: туы, елтаңбасы, әнұраны. Егеменді мемлекетіміздің белгілерінің бірі — тілі. Еліміздің Ата Заңы — Конституциясының 7 және 93-баптарында:

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп көрсетілген.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

93-бабында: «Конституцияның 7 бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін, әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті».

Қазақстан жерін байырғы заманнан бері қоныстанып келе жатқан халық — қазақтар. Олар өз Отанында тұрады және республика халқының негізін құрайды. Біздің еліміз — Қазақ елі немесе Қазақстан деп аталуы да содан. Олай болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі болуы заңдылық.

Қазақстан — Тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз мемлекетіміздің мәдениеті, өркениеті дамып жатыр. Тәуелсіздіктің туы тігілгеніне 10 жылдан астам уақыт өтті. Қазақстан аумағында тұрып жатқан барлық диаспоралар тіліне мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде. Ал өзіміздің мемлекеттік тіліміздің даму үрдісінде кешуілдеп жатқан мәселелер көп. Тіл сөйлеген сайын жетіледі, жазған сайын қалыптасады. Мемлекеттік тілді жетілдіру үшін, оны күнделікті өмірде жиі қолдану керек. Қалыптастыру үшін «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілгендей іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру керек.

Мемлекеттік тілді оқытуға қажетті дидактикалық негіздерді анықтау үшін осы теорияның мемлекеттік тілді сол мемлекеттегі қалыптасқан «табиғи тілдік ортаның» болмысын танып-білу маңызды болмақ деп ойлаймын.

Өркениеттер тарихына ой жіберсек, қай халықтың да Ана тілі бар екенін көреміз. Ұлт тілін жеке тұлға не бір топ адам жасай алмайды. Ұлт тілі — халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы, рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші формасы. Сол себепті де қазақ атамыз: «Тілсіз өмір жоқ», «Өнер алды — қызыл тіл», - деп айтады. Тілі мен ділі, дәстүрінен ай-күннің аманында, ешбір жаугершілік замансыз-ақ айрылып қалатын жұрт

ел, ұлт болып қалудан қалғаны. Өркениеттер аламан жарысында тәлім-тәрбие, білім-ғылымды өз тілінде игермеген халықтың келешегінен қайран жоқ. Тілінен айырылған ел дүбәрә санамен мемлекеттілігін сақтай алғанмен, ұлт болудан қалмақ. Бүгінгі таңда қазақ мемлекетінің ана тілі, кешегі түркітанушы ғалымдарды «жат жазудың жетегінде кетпей, таза сақталған, әуезді тіл» деп тамсандырған қазақ тілі жетімдік тартуда. Ата тарихтың ақсонар беттеріне үңілсек, тілдің дамып, өркендеп қанат жаюы, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық қарқындылығына байланысты болған. Бізде әзірге керісінше...

Қазақ тілінің шын мәртебеге ие болуы үшін білім беру ісінде қазақ тілінің рөлін арттыру қажет. Қазір республикамызда жалпы білім беретін 8222 орта мектеп бар болса, олардың 3686-сы ғана қазақ мектептері. Былтырғы жылдың мәліметі бойынша орта білім беретін мектептерде 3 млн. бала оқыды. Олардың 1 млн. 628 мыңы қазақ мектебінде. Орыс мектебінде білім алған 1 млн. 152 мың оқушының шамамен 60 пайызы – қазақтар. Орыс мектебінде тәрбиеленген баланың ойлау жүйесі де орысша болатыны анық. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дейді халық даналығы. Қазіргі орысша білім алып жүрген қазақ балаларының арасынан да небір ғұлама ғалым да, білікті басшы да шығады. Алайда, олардан келешекте ана тілінің жанашыры шығады, ұлтқа жаны ашитын тұлға болады деп айта қою қиын. Қазірдің өзінде біздің ұлт өкілдері арасында дүбәрә буын қалыптасып келе жатыр. Ана тіліне атүсті қарайтын қаракөз ұрпақтың орысшаны толық меңгеріп, ағылшын тілін игеруге көшкені тіпті түңілдіреді. «Өзге тілдің бәрін білген ұрпақ» өз тіліне деген құрметінен айырылып бара жатыр. Мәселе осылай жалғаса берсе, тіліміздің тағдыры не болмақ? Қазақстанды қазақша сөйлетудің бір жолы – қазақ тіліне деген қажеттілік туғызу. Сонда ғана мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін игеруге деген ынта, талап пайда болады. Сондықтан істі мектептен, балалардың ұғымын, дүниетанымын, сөз құрастыруы мен жазуын ана тілі дәстүріне сай қалыптастырудан бастаған жөн. Бұл – қазақ халқының келешек тарихи тағдыры.

Жалпы алғанда, қазіргі кезеңде көптеген мемлекеттік органдарда ісқағаздарды қазақша жазуға көшіруде.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деген дуалы сөзі бар емес пе?! Расында да, бүгінгі таңда

Қызылорда, Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстары мемлекеттік тілге толық көшті.

Бұл күндері қазақ жерінде жаңа заман лебі есіп, экономикада, біздің санамызда да өзгерістер болып жатыр. Тілдің еркін дамуына жағдай жасалуда. Үлкен теңізді немесе ағысы қатты өзенді сақтап тұру үшін мыңдаған ұсақ бұлақтар құйып тұрады екен. Біздің де ұлы қазақ тіліміз үлкен дария болсын десек, тер төгіп, еңбек етуіміз керек дегім келеді.

Қазақ халқының шұрайлы тіл байлығын, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін өзге ұлттың өкілдеріне таныстыру – көрнекті ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің шынайы шығармаларының, өмір соқпақтарын оқытып, үйрету арқылы ғана жүзеге асатындығы кімге болса да мәлім. Біздің, өзіміздің, қазақ тіліміздің сарқылмас рухани байлығы туралы түсінік беру арқылы өзге ұлт өкілдерінің санасында өркениетті Қазақстанның өткені мен бүгіні туралы жаңа көзқарас қалыптастыруымыз әбден мүмкін. Соңдықтан да өзіміздің ана тіліміз – қазақ тіліне ерекше баса назар аударған жөн. Тағы бір айта кететін жай – біздің ана тілімізге шетелдік азаматтардың да назары ауып отыр. Мәселен, Америка Құрама Штатынан, Ұлыбританиядан, тағы басқа елдерден республикамызға жолсапармен келген адамдар, студенттер, бизнесмендер қазақ тілін оқып үйренуде. Қазақ тілін бүгінгі таңда мемлекеттік қоғамдық ғылыми-зерттеу істерінде де кеңінен қолдана бастады. Сөйтіп, өркениетті елдегідей біздің республикамызда да қазақ тілі өзіне лайық қоғамдық-әлеуметтік қызметін толық атқаруға мүмкіндік алу үстінде.

Мемлекеттік тілді үйрену, меңгеру – бұл қазіргі өмір талабындағы басты мақсат. Ол қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен шектелмейді, ең бастысы, тіліміз арқылы халқымыздың игі болмысын, өзіндік табиғатын, салт-дәстүрін де қоса таныту. Бүгінгідей шұғыл өзгерістерге, белесті бұрыстарға толы заманда, сан тарау ақпараттар ағымының ішінде біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің көтеріліп жатқаны, нұр үстіне нұр!

Ата заңның 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Осы бір тамаша сөздер Қазақстанның кез келген азаматын ойландыруы

керек-ақ. Қазақстан гүлденсе, қазақ жеріне тамырын жайған оның әрбір азаматының өмірі де гүлденеді. Ол үшін қасиетті Отанымыздың көк туын биікке көтеріп, анамыздың алдындағыдай азаматтық парызымыз бен міндетімізді бір сәт те естен шығармасақ, мемлекетіміздің тілін шекараны қорғағандай жан-тәнімізбен қорғамасақ, онда — бәрі де бос сөз.



**Жания ӘБДІБЕК,  
журналист**

## Ұлттық инновация және қазақтану мәселесі

*XXI ғасыр әлем тарихына «өркениеттер қақтығысы», «жаһандану дәуірі», «ақпарат ғасыры» деген атаумен енді. Дүниежүзінде идеялар қарама-қайшылығы мен ақпараттық текетірестер жүріп жатыр. Дәл осындай кезеңде Батыс пен Шығыс әлемінің өтінде орналасқан қазақ халқы қайткенде қазақ болып сақталып қалады?*

Сонымен бірге, әлемдегі әр халық соңғы кездері етек-жеңдерін жиыстырып, өздерінің ұлт ретінде сақталып қалуы үшін барын салуда. Ал, біздің елде осы бағытта қандай істер атқарылуда? Қазақтану ғылымы қалай дамуда және қазаққа не береді?

Осы және өзге де мәселелер жөнінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және политология факультеті «Ұлттық инновация және

қазақтану» тақырыбында «Ақиқат» журналымен бірігіп, келелі кеңес өткізген еді. Жиынға шетелдік қонақтар: Планк әлеуметтік антропология институтының профессоры Гюнтер Шлее, Бундесвер академиясының профессоры Иоганн Рау қатысып, әлем қазақты қай қырынан тануда деген сұрақ төңірегінде ой өрбітті. Сонымен қатар, факультеттің ғылыми құрамы баяндама жасады. Нақтырақ айтқанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және политология факультетінің деканы, философия ғ.д., профессор Әлия Масалимова, философия ғ.д., профессор Жақан Молдабеков, ҚР ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, экономика ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Раушанбек Елемесов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұхамедханұлы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Жұмашай Рақыш, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты Гүлбақыт Шашаева, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетхан Сәрсембин, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Қарашаш Алпысбаева және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, психология ғылымдарының кандидаты Жарас Сейтнұр қатысып, тұжырымды ой-пікірлерін ортаға салды.

– Қазақстанда қазақты ұлт ретінде зерттеп, оның халықтық психологиясын, ұлттық ділін жүйелі түрде зерттейтін «қазақтану» ғылымы қаншалықты дамыған? Қазақты ұлт ретінде зерттеуде қандай инновациялар мен технологиялар қолданылып жүр? Қазіргі әлемде жүріп жатқан мультимәдениеттілік үдерістер, жаһандану дағдарысы қазақтың ұлт ретінде кемелденуіне кедергі келтірмей ме?

Жақан Молдабеков: – Ширек ғасыр ішінде еліміз тәуелсіздігін нығайтты, күрделі әлеуметтік-экономикалық мүддесін қорғай алды, жаһандық дағдарыстан шығудың өзіндік жолын тапты. Қазақстандық жетілу жолының ерекшелігі, біріншіден, халқымызды ынтымаққа тоқтатуда, ұлтымызды тату тірлікке бастауда, елді ұлы істерге ұйыстыруда, қолжетімді тәуелсіздікті нығайтуда, қоғамды болашақ жолына біріктіре түсуде; екіншіден, басты мүдделер мен елеулі жобаларды ел игілігіне жаратуда; үшіншіден, экономиканың, саясаттың, мәдениеттің әлеуметтік серпілісін үйлестіріп, тарих пен

тәжірибені теңестіруде қалыптасты. Енді, осы жасампаздықтың қуатын, ықпалдастық бастауын «елімнің тағдыры – менің тағдырым» деген ерлер, елдің достығын жырлап, дәстүрді ұлықтаудың, қоғам үшін қажетті құндылықтарды бағалаудың уақыты келді. Өтпелі кезде кереғарлықтардың болуы заңдылық. Әсіресе, ғылыми көріністер мен әдістемелі талдау жүйесі, қоғамдық келісімнің ұлттық сипатын ашу және инновациялық үлгісін ұлықтайтын тетіктер жетіспеуде. Біз қиыншылыққа кідірмей, стратегиялық бағдарға лайықты тұжырымдаманы ұсынуды жөн көрдік. Жаһандану кезінде, Қазақстанның даму бағытында әлеуметтік-мәдени проблемаларды кәсіби деңгейде, интеграциялық үрдіс аясында ізденістердің бағытын анықтаудың, зерттеу жұмыстарын жүргізудің, сондағы мүдделер тоғысын табудың маңызы артуда.

Қазақтың жүрегіне жақын идея мен біліктілікті, қазақстандықтардың жіктелінген білімдерін ел мүддесіне топтастыратын білім саласын, біз қазақтану деп атап, оның ұстанымдарын насихаттау дамыз. Алайда, бүгін «Қазақтанудың» әдістемелі және интеллектуалды тиімділігі неде? Осы мәселе турасында кеңірек айтып өтуді жөн көріп отырмын.

Қазақтану «Мәңгілік Ел» идеясын интеллектуалды және институттық негізде толықтыруға лайықты. Қазақтану ілімі – халықтық әлем, тұлғалық және ұлттық мәдениет туралы бұрынғы дағдылы таптаурынның ықпалында біржақты қалып қоймаудың, оның шегінен шығудың мүмкіндігін іздестіреді. Қазақтанудың әрқилы мүмкіндіктері бар. Олар:

Біріншіден, ел азаматын салалық, өңірлік шектелуден, жат көзқарастың шеттетуінен, дауы бітпес салғыласуға ұрындырмаудан сақтандырады. Екіншіден, тұлғааралық, еларалық байланысты жандандыратын ғылыми-теориялық, әдістемелі және мәдени-тарихи ізденістерді бір-бірімен ұштастыруға, ізденісті пәнаралық деңгейге көтермелеуді және ұлттық сана-сезімнің тетігіне айналдыруды мұрат тұтады; Үшіншіден, дүниені, адамды тану тәсілдері мәдениеттің нақты түрі мен деңгейінен тәуелді, содан таусылмас нәр алатынына көз жеткізеді; Төртіншіден, ұлттық дамудың стратегиялық мақсатын түбегейлі нысан ретінде қабылдайды, оны қоғамның экономикалық өсуінің және дәуірдің әлеуметтік-мәдени дамуының жалпы заңдылығы аясында қарастырады, соған ғылыми ізденіс пен практикалық әрекеттің бағыт-бағдарын шоғырландырады.

Қазақтануды идея ретінде қабылдау интеллектуалды ортада баяу айналымға енуде. Бірақ, қазақтанудың құрылымы, қызметі күрделі болғандықтан, оның философиясы, методологиясы және идеологиясы бүгінгі және болашақ талабына сай зерттелінбегендіктен, қазақтану проблемасын ашық, белсенді, біріге зерттеуді қолдаушылар тобы әзірге некен-саяқ. Әйтсе де, қазақтану идеясын іштей қолдайтындар, оны білім беру жүйесіне арнайы енгізу қажеттілігін мойындаушылар қатары артуда.

Қазақтың тарихи тәжірибесін, ұлттық үлгісі мен дәстүрін негізге ала отырып, қоғамдық күшті іргелі мақсатқа жұмылдыру, қоғамдық қозғалысты демократия мен мәдениет арнасында қарқындату – адамзаттық прогреске жол ашпақ. Халқымыздың әлеуметтік-рухани тұтастығы мен тұрақтылығы біршама өзекті бастауларға – қазақтануға, тәуелсіз тұлғатануға, қазақ халқының рухани мұрасын жинақтауға, елтануды таратуға және насихаттауға қатысты. Сондықтан, бүгінгінің күн тәртібіне бірнеше мәселені шығаруға болады. Ең алдымен, ХХІ ғ. қазақ елінің, мәңгі елдің моделін жасау; екіншіден, бәсекеге лайықты кадрларды, ұрпақты, ұлтты дайындау; үшіншіден, білім берудің жаңа желісін ендіру; төртіншіден, университеттік білім мен ғылымның артықшылығын анықтау мәселелері кең ауқымда тұр. Жаңғырудың осы түрлері мен бағыттарының қайсыбір инновациялық цикліне назар аударған абзал. Жаңа тәсіл мен нақты ұстанымды, ықпалдастықтың мән-жайын анықтайтын кез.

Қазақтану – «мәдени мұра» табиғатын толық қамти алатын әдістемелі бағдар және де ұлттық идеяға, әдістемелі негізге, рухани жаңғырудың сабақтастығына негіз. Сонымен қатар, зерттеу позициясын жандандыратын тиімді тәсілдерді жинақтауға, олардың қолданысын құбылмалы, тұрақсыз жағдайда демеуге лайықты және өзара ықпалдастық пен бәсекелестікті адами фактордың қозғаушы күші мен ұлттық құндылық аясында тиянақтайды. Мұраның адами факторын анықтау, қазақтанудың кәсіби деңгейін көтермелеу – елтанудың айналым қорын, ұлттық рухтың жаңғыруын жүзеге асыруда. Танымдық жаңа бағдар, мүдделі бірлестік әлеуметтік ықшамдылық пен ұлттық рух, ойлау әдісі мен интеллектуалды мәдениеттің ұлттық мазмұны – шығармашылықтың стратегиялық бағдарына айналу. Осы білімдер жүйесінің қуаты мен стратегиясын төрт бірдей тұғыр – әріптестік әрекет, кәсіби мамандар буынының тәжірибесі, мәдениет диалогына бейілділік, қазақстандық

патриотизмді тәрбиелеу құрайды. Олар қазақ елінің әлеуметтік-мәдени құндылықтарын, ұлттық қуатын ажарлайды. Қазақтану ілімі — осы сұранысқа лайықты интеллектуалды және инфрақұрылымды бастауға түрлі саланың мамандарын ортақ ұстаным мен мүдде аясында топтастыруға, білім берудің жаңа желісін ендіруге, тұжырымдамалы негізді қалыптастыруға, институттық инфрақұрылымды жетілдіруге, қысқасы, мемлекеттік қолдау саясатын нысаналы етуге дәнекер болатын амалды әрекет. Танымдық нысанды әдістемелі ізденістің объектісіне, рухани құндылыққа айналдыру — гуманитарлық дәстүрді жаңғыртудың кепілдігі. Білімді қоғамдық санаға, ұлттық сананы жаңа деңгейге көтермелегенде, интеллектуалды нығайтатын іс-шара қосылмақ. Ұлттық-мәдени дамудың ғылыми негізін қалыптастыру, оны инновациялық бастамалармен толықтыру мәселесі — Президенттік ұстанымның да, бүгінгі өмірлік талаптың да тұғыры екені айғақ. «Мәңгілік Ел» идеясына тарихи, әлеуметтік, мәдени талдау, қысқасы, нақты да кешенді, теориялық та әдістемелі, пәндік және стратегиялық тұрғыдан талдау — еліміздің мықты іргетасын қаламақ, стратегиялық ұстанымын нығайтпақ.

Үмбетхан Сәрсембин: — Мемлекеттің рухы, оның даму болашағы, ұлт мәдениетінің ертеңгі тағдыры, ғылым, білім, ұлт болмысының бойындағы құндылықтар, өнер түрлері, ұлтымыздың мыңдаған жылдар бойы қалыптастырып, игеріп, қорғап және жандандырып отырған дүниелерін сақтайтын, зерттеп жарыққа шығаратын ұлттық кадрлардың қазіргі қоғамымызда даярлану ісі — әрбір қазақтың, қазақ баласының санасына тәуелді міндет. Кеңес заманында өмір сүрген, Алаш зиялыларының көзін көрген, солардың аманатын орындау үшін, дұрыс өмір сүрген, ғылымға адал қызмет еткен тұлғаларымыздың бірі Қаныш Сәтбаев, «Біздің табиғатымызды қорғау, жер қойнауын қорғау — қасиетті іс» — деп айтып кеткен. Жер байлығы — ел байлығы, ал ел мен жер байлығын қорғау ісі — ер байлығы. Байлық ақылдан туса, елге ырыс, ұрпаққа құндылық болып жетеді. Осыны қай заманда болмасын қазақтың өзі де, тұлғасы да жете түсінген.

Қазақтану — біздің санамызға айналуы тиіс ұғым, үнемі ұлттық санамыздың тұтастығына айналып отыратын идея. Ғылым саласында елге қызмет етуді ойлайтын адамның танымы, ойлау үлгісі, көңіл-күйі қазақтың білімімен өркендеуі тиіс. Бұл тарихта жүзеге асты да. Бұған алаш зиялыларының өмірі мен өнегесі, ұлттық сана рухын

тербейтін идеялары куә. Әлихан Бөкейханов қазақ тілі жөнінде жазған дүниелерінде, «қазақ тілі қияметке дейін қазақ тілі болып жасамақ. Бұл Абайдан, Шәкәрімдерден, Міржақып, Мағжандардан көрініп тұр ғой» – деп жазып кеткен. Ұлттық санасы бар адам, бойында ұлттық рухы бар ғалым, шынымен де, ұлтының қасиеті, мәдениетінің тереңдігі арқылы өзіне, өмірге сенімді келетіндігі анық.

Қазақ руханиятының қасиетін, қалыптасу ерекшеліктерін, рухани қазынаның қалыптасу кезеңдерін, ұлттық болмысымыздың тұлғасы мен тұлғалану қасиетін, ұлт пен ұрпақты біріктіретін құндылықтарды зерттеуге ұрпақты бағыттаптын, ғылыми жүйелі ойлауды үйрететін қазақ ғалымы Жақан Молдабековтың "қазақтану" идеясы бүгінгі біздерге жаңа міндеттерді жүктейді.

Бастапқы уақытта философ ғалымдардың ішінде бұл мәселеге ешкімнің мән бере қоймағандығы анық. Әркім өз деңгейінше қазақ философиясын зерттеуге кірісті. Бірақ, батыстың ілімі, ғылымы, ойшылдарының тұжырымы мен қазақ философиясының салыстырылғандығы болмаса, жеткілікті деңгейде жүйелі жаңа методология қалыптасты деп айту қиын. Қазақтанушы ғалымның ұстанымы, ғылымда қолданысқа ие болған ұғымдар, ғылыми бағыттағы идеялары жаңа бағытта ұлттың тұтас өмір сүру уақыты мен кеңістігін, ұлттың толықтай қалыптасуын, тұлғалану тарихын, қазақ болмысының тұлғалану тарихындағы рухани құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктерін, қазақ қоғамының өрісіндегі жеке адам мен ұлт болмысын біріктіретін кісілік қасиеттердің қызметін философиялық және ғылыми бағытта зерттелуіне кеңінен жол ашты.

Ғылым, отандық философия және қоғамға, елге, мемлекетке игілік әкелетін, ел болашағына қызмет ететін ілім адам бойындағы ұлттық сана күшімен, ұлттық рух өрісімен, ұлттық болмыс деңгейімен дамитындығын бүгінгі уақыт дәлелдеуде. Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясының түп-тамыры, болашағы, мақсаты мен тарихи мәні қазақтануда, қазақтың тәуелсіздікті қорғау деңгейінде жатыр. «Біз, жалпы діннен де, тілден де айрыла жаздаған елміз. Кеңес одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілді. Қазақтың тілі бір шоғыр қазақтардың тілі болып қалды. Ол қайда шығады? Кімге керек болады? Қазақтың шекарасынан асып шықсаң, бұл тілдің керегі бар ма, жоқ па? Бір жағынан алып қарағанда, оның жөні бар. Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды,

ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз. Қазақтың кейбір сөз оралымдарын, Абайдың сөз өрнегін басқа тілге, мәселен, орысшаға, ағылшыншаға аударып көрші. Ол мүмкін емес. Себебі, тілдің өз қасиеті бар. Сондықтан тіл жоғалатын болса, сол қасиет те жоғалады. Сол сияқты біз тәуелсіздік жылдарында дінімізге қайта оралып жатырмыз. Қарап отырсаң, қазақ ешқашан дінінен айрылып көрген емес» – деген Елбасының сөзі бар.

Ендеше, ұлттық қасиет орнына келмейінше, ұлттың руханияты өз деңгейіне қайта толмайынша, сана тәрбиеленбейді. Санамызда ұлттық бірегейлік болмаса, қоғамда елдік орын алмайды. Ал, елдіксіз кісілік қасиет әлеуметтік ортада өмір сүрмейді. Ұлтымыздың рухын тарихта сақтаған қазақ қоғамының қуатына айналған ата-бабаларымыздың кісілік қасиетті иелену дәстүрін, техникасы мен тетігін таппасақ, онда біздің бүгінгі шығармашылығымызды ертеңгі ұрпақ қабылдамауы мүмкін. Сондықтан да, қазақтану идеясының, қазақ ғалымы қалаған бұл ғылымның қоғамға бағыт көрсетер негіздері мол.

Не себептен біз қазақ тұлғасы Қаныш Сәтбаевтың сөзін келтіріп отырмыз? Қай ғылым саласы болмасын ол адам ұлттық мүдде биігіне мамандығымен емес, мамандығын көркейтетін білімімен шығады. Білімді дұрыс жерге жұмсайтын, халық ырысы деп түсінген адамның өзгелерден айырмашылығы ұлттық санада. Сондықтан да бүгінгі қоғамымызға, қоғамның, мемлекетіміздің жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға қажетті құралдарды игеруге керекті нәрсе тарихи ой, тарихи тәжірибе, тарихи білім. Қазақтану ғылымының ұлттық инновация саясатымен бірігетін, мемлекетіміздің экономикалық саясатына күш беретін себебі осында жатыр.

Мемлекетіміздің байлығы – адам, қуаты – ғылым, ғылым даму үшін, маман қажет, мемлекетке жаны ашитын ұлттық кадрлар қазақтану идеясымен ғылымда көп тәрбиеленсе, мемлекетіміздің идеологиясы ұлт пен ұлттық мүдде бағытында бірігіп отырса, бүгінгі мемлекеттік идеологиямыз келешекте өз деңгейінде жүзеге асатындығы анық.



**Сәрсен ҚҰЛМАНОВ,**  
**филология ғылымдарының кандидаты,**  
**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы**  
**Тіл білімі институты, Терминология**  
**бөлімінің меңгерушісі**

## СӨЗДІК – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

*Барлық ғылым саласының жетістіктері де адам өмірінің, қоғамның қажеттіліктерін өтеуге бағытталатындығы ақиқат.*

**Ж**аратылыстану ғылымдарының мақсаты адамзаттың материалдық мұқтаждықтарын қамтамасыз етіп, тұрмыс-тіршілігін жеңілдету мен заманға сай талаптарын қанағаттандыру болса, гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімінің нәтижелері осы салаға қатысты жаңалықтар ашып, ғылыми бағыттар қалыптастырумен, тілді үйрету әдістемесіне негіз салумен қатар, белгілі бір ұлттың ықылым заманғы болмысынан ақпарат беретін сөздік қорының тарихын, бүгінгі-кешегі өзгерістерін таразылап қана қоймай, сол ұлттың этнолингвистикалық құндылықтарын, рухани байлығын тану мен танытуға, дүниетанымдық ұстанымдары мен пәлсапалық тұжырымдарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге қызмет

етеді. Бұл қызметті атқаруда, әсіресе, тіл ғылымының лексикография саласының маңызы орасан зор.

«Лексикография» термині қазіргі кезде негізінен төмендегідей мәнде қолданылып келеді: 1) сөздіктерді түзу принциптерін зерттейтін ғылым, сөздік жасау теориясы; 2) сөздік жасау ісі; 3) бір тілдегі сөздіктер жиынтығы; 4) бір елдегі сөздіктер жиынтығы (Ахманов О.С., Берков В.П.).

Тіл білімінің лексикография саласы сөздіктер жасаудың теориясын, оның практикалық ерекшеліктерін, яғни теориялық лексикография лексикалық бірліктерді сұрыптау, сөзтізбенің көлемі мен сипаты, материалдарды орналастыру қағидалары, сөздік мақаланың ұрылымы, сөздік анықтаманың түрлері, лексикалық бірлік туралы ақпарат т.б. сияқты мәселелерді зерттеу, сөздіктердің типологиясын жасау, лексикография тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеу тәрізді кешенді мәселелерді зерттеумен айналысады. Ал практикалық лексикография сөздіктер жасауды, сөздік материалдарын жинақтау мен сақтауды мақсат етсе [1], оның нәтижесі — сөздіктер мынадай қоғамдық маңызды қызметтер атқарады: 1) тіл үйрету; 2) ана тілді нормаландыру; 3) тіларалық қатынас; 4) тіл лексикасын ғылыми тұрғыдан зерттеу [2, 25-33]. Сондықтан лексикография ілімі тіл ғылымы саласындағы зерттеулер үшін маңызды болуымен қатар, қоғамның рухани өміріндегі құнды мәдени мұрасы — сөздіктердің ерекшеліктерін танытуға қызмет етеді.

Біздің бұл мақаламыз қазақ тіл білімінің лексикография саласының негізгі ұғымдары мен түсініктеріне қатысты аз-кем сөз қозғаумен қатар, аталған ғылыми-практикалық қызметпен, яғни лексикографияның тарихымен, теориясымен айналысып, өзіндік мектеп қалыптастырған филология ғылымдарының докторы, профессор М.М. Малбақовтың ғылыми қызметіне, теориялық тұжырымдарына арналмақ.

Малбақов Мырзаберген Малбақұлы 1955 жылы 5 мамырда Ақтөбе облысында дүниеге келген. С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Мемлекеттік университеттің филология факультетін үздік бітіріп, еңбек жолын Республикалық Кітап палатасы, Республикалық Кітап музейінде қызметтер атқарудан бастаған болашақ ғалымның нағыз ғылыми жолы Ғылым академиясының Тіл білімі институтына келгеннен басталады. Институтта аға лаборант, кіші, ғылыми, аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер баспалдақтарынан өткен ол бүгінгі күні қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдарының қатарынан орын алып отыр.

Профессор М. Малбақов Институттың Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі, Институт директорының орынбасары қызметтерін, 2011 жылдан бастап осы кезге дейін Институтымыздың директоры лауазымын абыроймен атқарып келеді.

«Қазақ лексикографиясының тарихы (XVIII ғ. – 1917 ж.)» тақырыбында кандидаттық, «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған, яғни негізгі ғылыми бағыты лексикография саласы болған профессор М. Малбақов аталмыш пәнге: «Лексикографияның теориясы сөздік түзу тәжірибесін қорытып, жүйеге салады, сөздіктердің тарихи тұрғыдан қалыптасқан жанрларын жетілдірудің теориялық мүмкіндіктерін зерттейді. Сөздіктерді түзудің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін жасайды. Лексикографияның теориясындағы өзекті мәселе – сөзтізбенің құрамы мен сөздік мақаланың құрылымы туралы, сөздіктердің типтері туралы ілім» [3, 5], – деген анықтама бере келе, қазіргі сөздік түрлерін: «1) ағымдағы тіл сөздігі; 2) қазіргі заман тілі сөздігі; 3) ұлттық идеяға негізделген, тарихи ұстанымға құрылған сөздік» [3, 330] деп бөліп көрсетеді.

Ғалым қазақ тіл білімінде алғаш болып лексикография саласының негізгі ұғымдарына анықтамалар беріп, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ажыратып береді. Мысалы, ғалымның: «Әлемдік лексикографиядағы тәжірибе бойынша, қазіргі тіл сөздігі өзінің хронологиялық шегі тұрғысынан тіл тарихындағы бір ғана тарихи дәуірді, соңғы дәуірді қамтиды. Ал ағымдағы тіл сөздігі болса, сол дәуірдің ішіндегі соңғы кезеңді ғана қамтиды. Аталған сөздіктердің жалпыхалықтық тілдің сөздігі түрінде де, әдеби тілдің сөздігі түрінде де жасалуы мүмкін. Бұл сөздіктің адресатына, авторлық идея мен мақсатқа байланысты», [4, 142] – деген тұжырымының ғылыми тұрғыдан да, практикалық жағынан да құндылығы жоғары.

Лексикография саласындағы еңбектерді негізге ала отырып, біз сөздік түрлерін әртүрлі параметрлері бойынша төмендегіше жіктеп отырмыз:

1) жанрлық сипатына қарай: энциклопедиялық; түсіндірме; тарихи; екітілді (көптілді) аударма; тіл үйренімдік; этимологиялық; аймақтық (диалектологиялық); синонимдік; антонимдік; омонимдік; салалық, екітілді (көптілді) анықтамалық, түсіндірме терминологиялық; тіркесімділік (сөз тіркестері); фразеологиялық; орфографиялық; орфоэпиялық; ономастикалық; грамматикалық; жиіліктік; кері

әліпбилік; тақырыптық; жекелеген авторлар шығармаларының сөздігі; туынды сөздер сөздігі және т.б. Мұның ішінде түсіндірме сөздіктер жасалу мақсатына, көлеміне, сөздікте қамтылатын материалдың хронологиялық шегіне қарай: әдеби тілдің түсіндірме сөздігі, халық тілінің түсіндірме сөздігі, халық тілінің тезаурус сөздігі, түсіндірмелі-энциклопедиялық әмбебап сөздік болып бөлінеді.

2) қолданымдық сипатына қарай: нормативті, академиялық (түсіндірме сөздіктер); пәнаралық, салааралық, жалпы, анықтамалық, нормативтік (бекітілген), баламалы (альтернативалы) (терминологиялық сөздіктер).

3) көлеміне қарай: толық (үлкен), орташа, қысқа (шағын, қалта сөздігі).

4) кезеңдерді қамтуына қарай: синхрондық, диахрондық. Мұның ішінде диахрондық сөздіктер перспективті, ретроспективті этимологиялық, ретроспективті тарихи-тіркеуші сөздік болып бөлінеді.

Лексикография саласының қарқынды дамуына байланысты тарихи бағыттағы сөздіктердің мынадай жаңа түрлері жасалуда: тарихи-этимологиялық, тарихи-диалектологиялық, тарихи-этнографиялық, тарихи-аймақтық және т.б. [5, 36].

5) құрастыру технологиясына қарай: кәдімгі (кітап түріндегі), автоматты (электронды). Кітап түріндегі сөздіктер көпшілікке етене таныс болса, қазіргі қазақ электронды сөздіктері, негізінен, аударма, салалық және жалпы терминологиялық сөздіктер болып келеді.

Лексикография саласының өзекті мәселелерінің бірі — сөздік түзудің принциптері. Ғалымдар мұндай ұстанымдарды төмендегіше жіктеп көрсетеді: 1) хронологиялық тарихи ұстаным, 2) жиілік ұстаным, 3) логикалық ұстаным, 4) филологиялық ұстаным.

Енді осы ұстанымдарға қысқаша сипаттама бере кетейік. Хронологиялық тарихи ұстаным XIX ғ. жаңалықтары мен кірме элементтерін қамтып, толық семантикалық құрылымдарды көрсету үшін пайдаланылса, жиілік ұстанымға мәтіндік материалдардың толық жиынтығы болған кезде ғана жүгінуге болады. Ал логикалық ұстаным дәстүрлі түрдегі сөздік үшін толыққанды ұстаным болып саналмайды. Өйткені тура мағынадан ауыспалы мағынаға дейінгі сипаттаудың логикасы үнемі үздіксіз дамып отыратын табиғи тілді шынайы объективті қарауға мүмкіндік бермейді. Сол себепті логика-хронологиялық ұстанымды басшылыққа алуға болады. Соңғы филологиялық ұстаным уақыт, кеңістік пен қоғам бойынша және

әртүрлі жазба дереккөздердегі сөздердің эволюциясын сипаттауда негізге алынады [5, 37-38].

Қазақ лексикографиясының мән-жайын терең зерттеген профессор М. Малбақов бұл саланың алдында тұрған ғылыми мәселелерді төмендегіше тізбектеп көрсетеді: сөздік түзудің басты ұстанымдарын, сөздікте қамтылатын негізгі параметрлер құрамын анықтау; сөздіктің нысанға, көлемге, адресатқа байланысты басты типтері мен жанрларына жіктеме жасау; аударма сөздік жасаудың басты ұстанымдарын, туыс тілдердің аударма сөздіктерін түзудің өзіндік ерекшеліктерін анықтау; ареалдық және аймақтық, елтанымдық біліктерді ашудың, тілтанымдық, мәдениеттанымдық, елтанымдық құндылықтарды лексикографиялаудың заңдылықтарын белгілеу; оқу сөздіктерінің құрамы мен құрылымын айқындау; лексикографиядағы норма мен нормативтілік мәселелерін саралау; жергілікті қолданыстағы және аймақтық лексикаға жататын сөз құрамын, халықтық кәсіби лексиканы, ескі және жаңа сөз қолданыстарды, кітаби, кірме лексиканы, ғылыми терминологияны, ауызекі сөйлеу тілі элементтерін, фразеологизмдерді, туынды, көмекші және күрделі сөздерді, жалқы есімдерді және т.б. лексикографиялаудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін нақтылау және т.б. [6, 75-76].

Қазіргі кезде сөздіктердің түрлері өте көптеп кездеседі. Профессор М. Малбақов солардың ішіндегі қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінің құрылымын жетілдіру ісінде әмбебаптандыру жолын таңдаудың, яғни ауызекі және жазба әдеби тілдің, ғылым тілінің (әсіресе қазақ филологиясының), ғылыми-техникалық шығармалар тілінің, баспасөз тілінің, актив типті сөздіктер жасау қажеттігін баса айтады: «Себебі бұл жол түсіндірме сөздікті елдің ішіндегі және сыртындағы халыққа — жалпылама көпшілікке — түрлі әлеуметтік, кәсіби топ өкілдерінің бәріне түгелдей күнделікті қажетті кітапқа, шын мәніндегі «Халық кітабына», ағылшын сөздікшісі М. Матьюз айтқандай, «мұқаба ішіндегі кітапханаға» айналдыру» [7, 13].

Бұндай әмбебап типтегі сөздікке ғалым былайша сипаттама береді: «Сөздіктің бұл түрі — өз бойында тіл білімінде түзілген салалық сөздіктердің (орфографиялық, орфоэпиялық, этимологиялық, тарихи, диалектологиялық сөздіктер, сөз тіркесі сөздігі, кірме сөздер сөздігі, синонимдер мен антонимдер сөздігі, т.б.) қасиеттерін жинақтайтын сөздік» [4, 143].

Сөздік — бір тілдегі лексикалық бірліктер жиынтығы ғана емес, ол өзінің мақсаты мен арналған адресатына байланысты бірнеше қызмет атқарады. Мұндай қызметтің қатарына тіл үйретуді де жатқызуға болады. Осы орайда М. Малбақов: «...мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін өз бетінше үйренгісі келген республика тұрғындары мен шетелдік азаматтарға бірдей жарамды кешенді тілүйренім сөздігін жасау ісі — қазіргі Қазақстан жағдайында өзекті мәселе болып отырғанын» айта келе: «Мұндай құрал тілді аз уақыт ішінде актив түрде меңгеруге жағдай жасайды. Ең бастысы, бір мезгілде әрі оқулық, әрі сөздік болып табылатын оқу құралының тілүйренім лексикографиясының теориялық, практикалық және әдістемелік талаптарына сай, қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдайдың ерекшеліктерінің ескеріле отырып, жасалуын қамтамасыз ететін ғылыми материалдар негізінде даярлануы қажет», — деген келелі ой тастайды [8, 35].

Мырзаберген Малбақұлының тіл білімінің көрнекті өкілі ғана емес, тіл саясатына қатысты ойларымен көзге түскен қайраткер екендігінен жұрт оның қаламынан туған «Елбасы және тіл саясаты», «Ұлытауда айтылған ұлағатты сөз» және т.б. мақалаларынан хабардар.

Профессор М. Малбақовтың ғалымдық-қайраткерлік портретін оның қоғамдағы маңызды мәселелерге әрқашан пікір қосып отыратындығы аша түседі. Мысалы, ол кісі: «Латын қарпі: ұлт болып шешуге тиісті мәселе» атты мақаласында: «Жазуды латын қарпіне көшіру — әлемдік ақпараттық ағындардың Қазақстан арқылы өтім қабілетін еселеп арттыратын, мемлекеттік тілдің ғылыми базасын күшейту үдерісін шапшаңдататын, білім салаларындағы оқыту үдерісін оңтайландыратын, жазуымызды жаһандандыру талаптарына үйлестіретін, бір сөзбен айтқанда, бізді әлеммен бірегейлестіретін ерекше маңызды, мәдени фактор болып табылады», — деген азаматтық көзқарасын: «жазуда қолданылатын қаріптік таңбалар латын қаріптерінің дәстүрлі оқылымдарынан ауытқымау керек», «ұлттық әліпбиге қатысты әңгімеде тілді техникаға емес, техниканы тілге бейімдеу қажет», «ұлттық әліпбиде бір дыбысқа бір таңба болу керек», «қандай ұлттық әліпбиді алсақ та, оның ұлттық бет-бейнесі айқын көрініп тұруы керек. Ұлттық бет-бейнесі айқын көрінбейтін әліпби — ұлттық әліпби болып саналмайды. Ол жай ғана таңбалардың жиынтығы болып шығады», «төл дыбыстарымызды бейнелейтін қаріптердің түркі әлеміне ортақ әріптер құрамынан алынуы, өзге

түркі әліпбилеріндегі қаріптерге ұқсас болуы керек» [9] деген ғылыми тұжырымдарымен бекітеді.

М.М. Малбақовтың ғалымдық жолы бір төбе болса, ұстаздық һәм ғылыми қайраткерлік қызметі өз алдына ерекше айтылар әңгіме. Оның жетекшілігімен 8 кандидаттық диссертация қорғалды. Ол — докторлық диссертациялар қорғау кеңестерінің мүшесі және жоғары оқу орындарында мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы, Республикалық ғылыми «Хабарлар» журналының редакциялық алқа мүшесі, «Тілтаным» журналының бас редакторы қызметтерін атқарып келеді. Ғалым Қырғыз Республикасы Ғылым академиясы Тіл институты мен Арабаев атындағы университеттің Лингвистика институтының біріккен докторлық диссертациялар қорғау кеңесінің мүшесі болып, «Әлемге танымал ғалым» аталымы бойынша Пекиндегі Мензу университетінде дәрістер оқып, алыс-жақын шет елдерде де өзінің ғалымдығын, ұстаздық қабілетін дәлелдей түсті.

Тағы бір айта кетер жайт — қазақ өркениетінің көсемдері қатарынан орын алатын І. Кеңесбаев, Ш. Сарыбаев, С. Омарбеков, Т. Жанұзақ сияқты лексикограф-ғалымдардың қазақ тіл ғылымына қосқан үлестерін насихаттаған көлемді мақалалары проф. М. Малбақовтың ұстаздарын ұлықтаған адал ізбасар екендігін айғақтайды.

Профессор М. Малбақов «Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері»; «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жырының текстологиясы» (Е. Жұбановпен бірге); «Қазақ сөздіктері»; «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (авторлар ұжымы); «Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері» атты монографиялар, 100-ден аса ғылыми еңбектер жазумен қатар, түсіндірме, аударма сөздіктер құрастыруға қатысып, сөздікші ретінде көзге түсті.

Сөзіміздің соңында: «сөздік тілдің лексикасын ғылыми тұрғыдан сипаттап қана қоймай, дәуір философиясын, халықтың ұғым-түсініктерінің жиынтығын көрсететін» [5, 34] анықтамалық, дидактикалық сипаттағы мәдени құндылық болып табылса, сөздікті құрастырушы тілдің бар байлығын жинау мен ұрпаққа аманаттаушы шежіреші қызметін атқарады деген түйінге келіп отырмыз. Аталған құндылықтың сипатын, тіл шежірешісінің еңбегін зерделейтін лексикограф «қоғам мен жеке адам арасын жалғастырушы, яғни тілдің ұжымдық жеткізушісі. ... ұжымдық білімді жеткізуші кәсіби маман» [10, 17], яғни ғылым саласындағы қайраткер екендігі де ақиқат.

Б.з.б. III мыңжылдықтағы көне шумер иероглифтерінің сөздіктерінен бастау алған әлемдік сөздік түзу тәжірибелеріне ғылыми шолу жасап, X-XI ғасырларда қолға алынып, қазіргі кезде түркі кеңістігінде теңдесі жоқ қазақ сөздік түзу ісін, осынау өшпес мәдени құндылықты зерделеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзаберген Малбақұлы Малбақовты 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, отбасына амандық, бүгінгі күні, қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында, қазақ елінің, қазақ мәдениетінің, қазақ тілінің жай-күйінен ақпар беретін құнды деректер мен маңызды зерттемелік тұжырымдарға толы шығармашылық ісіне табыс тілейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Морковкин В.В. Об объеме и содержании понятия «теоретическая лексикография» // Вопросы языкознания. — Москва, 1987. — № 6. — С.4-8.
2. Денисов П.Н. Практика, история и теория лексикографии в их единстве и взаимообусловленности // Проблемы учебной лексикографии и обучения лексике. — Москва: Русский язык, 1978.



**Серікқали БАЙМЕНШЕ,**  
**филология ғылымдарының докторы,**  
**Қазақстанның құрметті журналисі**

## АНА ТІЛІНЕ АДАЛДЫҚ

— Термин қайдан туады?

— Аударудан туады...

*«Аударудан» деген сөзге саналы түрде барып қалдық. «Аудармадан туады» деп жазуды білмей отырған халіміз жоқ. Мәселе — «переводчикті» «аудармашы» деп баламалап жүргендігімізден шығады. Бұған ілік болар ой — ілгеріде өткен қаламгерлер буыны «аудармашы» деп жазбағаны, олар «переводчиктің» дұрыс баламасы — «аударушы» деп білгені.*

**М**әселен, Жүсіпбек Аймауытов 1928 жылы Ф. Дюшеннің «Тамилла» еңбегін «Дәмелі» деп аударғаны мәлім. «Дәмелі» кітабының ішкі бетінде «переработанный перевод Аймауытова» деген сөздер бар. Осы кітапта Ж. Аймауытов «Екі ауыз сөз» жазған, оны «Аударушыдан» (орысша «От переводчика») деп айдарлаған [Тарихтан бір мысал: С. Зак деген автордың «Боря в амбулатории» кітабын Қалмақан Әбдіқадыров «Борамбай ауруханада» деп аударған

(Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1932) екен. Түпнұсқадағы «Боряның» «Борамбай» болып шығуы - «Тамилланы» «Дәмеліге» айналдырған Жүсіпбек Аймауытовтың сол кез үшін өнегелі ықпалы екендігі даусыз].

Әріде өткен Аймауытовты айтпағанда, беріде өткен Ғабит Мүсірепов те аудармашы деп жазған емес: ол үшін ауызша аударса да, жазбаша аударса да, «переводчик» — аударушы. Жазушының Үш томдық таңдамалы шығармалар жинағының 1-томынан мынадай сөздер кездеседі: «Орыс классиктерін аударушылардың бірі, Иокотамада тұрады»; «Екі-үш адамға жалғыз аударушы аударып үлгере алмайды»; «Аударушыны Рим өзі бермек болды».

«Переводты» «аудару» деп білген классик қаламгерлер «переводчикті» «аударушы» деп жазған. Себебі «аудармашы» дегеннен гөрі «аударушы» дегенде адамның көз алдына қозғалыс, жұмыс, серпін, бір сөзбен айтқанда, жанды үдеріс елестейтінін іштей сезген (Бұл ойды білдіргенде «аудармашыны» бұдан былай «аударушы» деп атайық деген мақсатты емес, жалпы аударма ахуалын аңғарту райын көздегенімізді; бірақ осы мақалада өткеннің бір үлгісі ретінде «аударушы» нысанын қолданғанымызды ескертеміз). Аға жазушылардың осы қолданысын ойда берік ұстай отырып, оның сөзсіз ойлануды қажет ететін балама екендігін ескере келгенде, «біз бүгінде аударма арқауындағы жанды қозғалысты жоғалтып алған жоқпыз ба?» деген басқа бір ой да бой көрсетпей қалмайды.

Жалпы аударманың қазақ тілін мемлекеттік дәрежеге көтерудегі осы уақытқа дейінгі рөлін ешбір төмендетпестен, бүгінгі таңда мемлекеттік органдардағы «мемлекеттік тілде іс жүргізу» деп аталатын жаппай аударма жасау практикасының өзін-өзі ақтамай отырғанын да мойындаған жөн. Дәл қазір мемлекеттік тілді аудармамен ғана ұстап, қолдап тұру мүмкін емес. Аударма мемлекеттік тілді дамытпайтыны өз-өзінен түсінікті болды. Тіпті белгілі бір дәрежеде мемлекеттік тілдің дамуына кедергі келтіріп отырған үрдісін де байқамау мүмкін емес.

Кейбір ағайындар аудармадан бас тартуға әлі ерте деп санайды. Мәселе бас тартуда емес әрине. Өйткені осы уақытқа дейін мемлекеттік аппараттарда орыс тіліндегі құжатты қазақшаға аудару мемлекеттік тіл деп түсініліп келді. Әлі де солай. Тіл білмейтін көпшілік осылай ойлайды, тіпті тілге жаны ашуға тиісті азаматтардың бойында да осы пікір басым. Соның нәтижесінде қазір ана тіліміз «аударма» деп аталатын болды. Қайран қазақ тілін сол аударма деген өгей шешесі асырап алып, әлі күнге дейін шала-жансар күйінде бала қылып отыр...

Демек, аудармаға байланып қалған қасаң көзқарас өзгерген кезде ғана тілдің шын серпілісін сөзсіз көретін боламыз.

Осы ойларды сабақтастыра келгенде, әрине, аударма сапасының жайынан сырт тұра алмаймыз. Бұл ретте бүгінгі аударушылардың ұлттық әдебиет пен баспасөздегі бұрыннан қалыптасқан аударма дәстүрлеріне тереңдей алмай жүргенін жасыруға болмайды. Аударманың тарихи негіздері ұмытыла бастағаны сезіледі. Қазіргі аударушылардың бәрі бірдей аударманы жеке пән ретінде оқып, оның теориялық-тарихи мәселелерімен терең тұщынды деу қиын. Сол себепті бүгінгі аудармада теория мен тарихтан гөрі тәжірибе басым болып отыр. Онда да бастан өткерген аударма тәжірибесі емес, аударушылық қызметке амалсыз тап болған соң, іс үстінде үйренген тәжірибе. Біз бұларды шартты түрде жалпы тәжірибедегі аударушылар (ЖТА) деп атағымыз келеді. Аударманы қалай жақсартамыз дегенде, нақ осы ЖТА-ның жайы алаңдатуға тиіс. Олар қазір әрбір мемлекеттік органда, мекемеде, ұйымда, компанияда, т.б. жерлерде еңбек етеді. (Бұған көркем әдебиеттің аударушылары жатпайды. Көркем аударма мүлде бөлек өнер). Бірақ жұмыс ауқымы жағынан кез келген мекемедегі қағазға батып отыратын, уақытпен санаспай жұмыс істейтін осы аударушылар. Оның үстіне қоғамда қазақша оқыған адамның бәрін аударушы деп қабылдап, орысшадан қазақшаға аударма алады деп қарайтын және бір теріс түсінік белең алған. Бұл — бүгінгі қазақ аудармасының құбылысы. Аударма сапасына баға бергенде осы құбылысты ұмытуға болмайды.

Қазір бірқатар зерттеушілер, қаламгерлер аударманың, аударушының, терминологияның мәселелеріне қатысты, шын мәнінде, өте маңызды ой-пікірлер білдіріп жүр. Бірақ өкінішке қарай, осы айтылып-жазылған нақты пікірлердің қорытылуы, сарапталуы, ғылыми дәйектелуі жетіспейді. Сол себепті туған тілдің толғағы бөлек келіп, перзенті бөлек өмір сүріп жатқан сияқты сезіледі.

Қай елдің зерттеуші ғалымдары болса да, бәрі бірауыздан аударманы — филологиялық ғылым деп таниды. Олай болса, аударманың теориясына, тарихына һәм тәжірибесіне қатысты кез келген мәселеде ғылыми ойдың үстемдігі болуы шарт. Аударма ғылымы бүгінгі таңда қандай биіктерге жетті, ол салада жинақталған қандай тәжірибе бар — мұның бәрі ғылыми тұрғыда тұжырымдалып, зерттеліп, сарапталып отыруға тиіс. Аудармаға байланысты қорғалған диссертациялар, шығып жатқан кітаптар да ұдайы назарда ұсталуға тиіс. Аударма мәселелерін бетімен жіберуге болмайды, оның тізгінін ұстайтын,

проблемаларын жинақтайтын тұрақты бір ғылыми орталық не мекеме болғаны жөн.

Аударма — кәсіби тұрғыда ауыр жұмыс әрі ол аралық жанр. Аудару қызметін көрсететін әлемдік компаниялардың «Переводчик должен работать как сердце» дейтін жазылмаған заңы бар. Аударушы (негізінен орыс тілінен қазақ тіліне аударушы) әр кез екі түрлі тіл мен мәдениеттің шекарасы арқылы жүріп отырады. Сондықтан аударманы жай ғана қазақшалау деп түсінуге болмайды. Аударушылардың еңбегін ерлікке балаған белгілі қаламгер Герольд Бельгер оларды сенім грамотасы жоқ елшілер деп атайды.

Тілді дамытудың бір тірегі - терминжасам тәжірибесі де аудармаға тәуелді. Аудару арқылы термин түзу ісінде қазақ тілінің ұшан-теңіз байлығы оңтайлы пайдаланылып келеді. Ал термин дегенді Сәкен Сейфуллин «Ақжол» газетінде өткен ғасырдың бас кезінде «затқа ат іздеу, ұғынысқа сөз іздеу» (1922) деп қазақша әдемі түсіндіріп бергенді. Сондай-ақ термин жасау жолында «ана тілімізден қарастырып сөз табу керектігін» Ахмет Байтұрсынов баяғыда айтқан. Және «ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалу ықтималдығын» да Ахаң ескерткен. Академик Рәбиға Сыздықтың пікірінше, «бүгінгі терминология мәселелерін білім-ғылым танымдарының адресаттары (кімге арналғандығы), мезгілі (қоғам өмірінің қай кезеңі), яғни қазақ халқының бір ғасырға жуық уақыт ішіндегі мәдени-рухани даму дәрежесі сияқты объективтік факторларды есепке алып барып шешу керек...».

Жалпы термин түзілімдегенде, басқа тілден енген сөзді сол күйінше алу мен тілдің өз ішінен сөз іздеп табу — құстың қос қанаты сияқты, әрдайым тең, бірдей болуға тиіс. Әдетте, оның бір жағы үстемдік алса, екінші жағы әлсірейді. Терминнің мағынасы — қашанда біреу. Ол контекст (мәнмәтін, түпмәтін) арқылы мәні ашылатын атау сөз емес, оның мағынасы контекстке тәуелді болмайды. Бірақ бізде терминнің терминдік тұрпатынан гөрі, лексикалық мағынасына көбірек мән берілетін тәрізді.

Жоғарыда айтылғанындай, терминді аудару арқылы тіл қолданысына енгізу үдерісінде тарихи негіздер ұмытылмағаны жөн. Кейбір терминдер бұрын қалай аударылып еді, міне соларды бүгінге бейімдеп қолдану орайында арнайы зерттеу қажет. XX ғасырдың 20-шы жылдары Жүсіпбек Аймауытов «Еуропа ма, Ауropa ма, Жауропа ма?» деп жазып, осының біреуін қолданысқа енгізуді

ұсынды. Тәуелсіздік жылдары біз «Еуропа» деп қабылдап, осылай орнықтыруға қол жеткіздік. Олай болса, «Австрия» неге «Аустрия», «Австралия» неге «Аустралия» болмайды деген заңды сұрақ туары сөзсіз.

Біреу жыл бұрын Сыртқы істер министрлігі үш тілде шығарған «Дипломатиялық сөздіктерді» әзірлеу барысында қазақ тіліндегі атауларды қалыптастыру үшін олардың орыс тіліндегі баламасымен қатар, ағылшын тіліндегі, жергілікті тілдердегі мағынасы да зерделенді. Соның нәтижесінде жекелеген шет мемлекеттердің, олардың астаналарының, ірі қалаларының, негізгі халықаралық, өңірлік және үкіметтік емес ұйымдардың атаулары біршама жүйеге келтірілді. Сөйтіп, қазақ тілінде бірқатар мемлекет атауы Аустралия, Аустрия, Мауритания, Әзірбайжан, Мажарстан, Грекия, Мысыр, Қатар, Моңғолия, Пәкістан деп, кейбір қалалар Бейжің (Пекин), Қабыл (Кабул), Ұлан-Батыр (Улан-Батор), Әбу Даби (Абу Даби), Ашғабат (Ашхабад), Ыстанбұл (Стамбул) т.б. деп нақтыланды. Бірізділікті сақтау мақсатында жекелеген ұйымдардың «международное» деп басталатын атауын бірыңғай «халықаралық» деп, ал «всемирная» сөзінен басталатын атауларды тұрақты түрде «дүниежүзілік» деп жазу орнықтырылды.

Сондай-ақ халықаралық ұйымдардың қысқартып жазылу тәртібі реттеліп, қолданыста бірнеше нұсқада кездесетін жекелеген сөздер мен терминдер қайта пысықталды. Мысалы, «страна пребывания» — «орналасқан елі», «болу елі», «болмыш ел» деген үш нұсқада қолданылып келсе, енді «болу елі» деп қана жазылуы нақтыланды. Шекараға қатысты қолданылатын «демаркация», «делимитация» сөздерін ағылшын тіліндегі түбіріне сүйене отырып, әрі сөз мағынасын халықаралық қатынастардағы қолданылу практикасына жақындастыру мақсатында «демаркациялау», «делимитациялау» күйінде қалдыруды Министрлікте құрылған терминологиялық топ мүшелері бірауыздан мақұлдады, кейін мұны республикалық терминология комиссиясы да қолдады.

Жалпы термин бар, бекітілуі бар, ең бастысы қолданылуы қиын бекітім бар. «Договор» сөзі қазіргі қазақ тілінде «шарт» болып қалыптасқан, егер ұлттық ұғымға салсақ, бұл «уағда». «Уағдаласушы тараптар» деген тіркес бар. Сол себепті «условияны» «шарттары» деп жаза алмаймыз, түпмәтінге орай амалсыз бірде «жағдайлары», бірде «талаптары» деп алуға тура келеді. Өйткені «шартты» «уағда» деп өзгерте алмайтынымыз белгілі. Ал «контракт» - «келісім-шарт» деп екі

сөзбен аударылды (Бұл кейде бірге, кейде дефис арқылы жазылады). Аударма бастауларына жүгінсек, бұрын «контракт» мағынасын берген сөз қазақ тілінде бар болатын, ол «шартнама» деп аталатын еді. Егер «контракт» «шартнама» болса, тұтастай «контрактінің» (бірнеше тараптар арасындағы заңи келісім) шынайы мағынасы ашылатын еді. Термин жасағанда, мүмкіндігінше өз ана тіліміздің қойнауынан сөз іздестіру қажеттігінің бір мысалы осы. Баламаны мүмкіндігінше көп сөздіктен арылтып, бір сөзбен беруге бейімдеу – тілді үйренуге де, үйретуге де сөзсіз ықпал етеді.

«Экзит-полл» (Exit-Poll) – соңғы уақытта жиі қолданыла бастады. Тегінде мұндай терминдерді аударып әуре болудың қажеті жоқ. Сол күйінше алған жөн. Есесіне қолданысқа жаңадан енген осындай сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігін жасау жағына көңіл бөлуіміз керек. Мысалы, «экзит-полл» сияқты басқа да жаңадан қолданысқа қосылған терминдердің мән-мағынасын көпшілікке ұғынықты ету жағын ойластырғанымыз жөн. Мысалы, «саммит» сөзі бастапқыда «бас қосу» деп аударылып еді, бірақ бұдан қазақ тілі байыған жоқ. Халықаралық құжаттарда «саммит» сөзі кеңінен қолданылады.

Сол сияқты күнделікті тәжірибеде тексіз балама, тектес балама түсінігі кездеседі. Мұның алғашқысы – негізсіз аударылған сөздер. Ал екіншісі – өзара сәйкес ұғымдағы баламалар (замечание, примечание, т.б.). Тілімізде осылардың ортақ қолданысын орнықтыруымыз керек. Яғни «былай алсақ та, олай алсақ та, мағынасын беріп тұр» дегеннен гөрі, сол сөздің айнымайтын, өзгеріссіз қолданылатын тура баламасы орнығуы керек.

Мысалы, баспасөз материалдары арқылы бір ғана «сигнальный экземпляр» деген сөздердің қазақша бірнеше түрде жазылғанына куә болдық. Айталық, профессор Құлбек Ергөбек «сүйінші, шақыртқы дана» десе, ақын Қадыр Мырзалиев «қарлығаш дана» депті, жазушы Мұхтар Мағауин «төлбасы дана» деп атаған. Ал Терминком кезінде мұны «дабыл дана, жаршы дана» деп бекіткен екен. Қазіргі қолданыста «сүйінші дана» үлгісі көбірек кездеседі. Демек, осының өзінен бекітілген терминді ұдайы ұстану үрдіске енбегені бір көрініп қалады.

Барлық түркі тілдері сияқты қазақ тіліндегі сөздер де түбірден басталатыны, түбірге жұрнақ-жалғаулар жалғануы арқылы сөз мағынасы өзгеретіні белгілі. Ал орыс тілі түбірдің алдынан да, соңынан да (префикс, постфикс) қосымшалар жалғау арқылы мағынасын өзгертіп отырады. Орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздердің мағынасы түбір сөзден емес, кейде оның қосымша-жұрнақтары

арқылы ашылатын сәттер аз емес. Терминдерді қолданысқа енгізгенде, аударма жасағанда сөздің этимологиясымен бірге, анатомиясын да ұдайы ескеру қажет.

Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілінде балама іздеу не мәндес мағыналарын таңдау кезінде түркі тілдес бауырлардың сөз қазынасына назар аударғанымыз жөн. Мәселен, ноғай тілін барлап көргенде, қазақ тіліне бейімдеп пайдалануға болатын бірқатар сөздер бар екені байқалады (Бұл ретте әлбетте ноғай тіліндегі барша баламаны сол күйінше қазақшаға көшіру мақсаты тұрған жоқ. Керісінше, тіл байлығын, оның синонимдік қатарын кеңейту үшін, кейбір орайда қандас ағайындардың сөздік қорына да үңіліп отырсақ деген тілек). Осы тіл қолданысындағы мына сөздерге назар аударып көрейік: келін үй (комната молодеженов), қазанүй (кухня), терезетүп (подоконник), төселме (половик), бұқыж (вдова), қысқаяқты (женщина), тұқым (фамилия), асыл (происхождение), нәсіп (счастье), беркіту (утверждение), майдан (площадь), қаралды (двор), шарлақ (этаж), ашқыш (ключ), желқаққыш (кондиционер), бетжаулық (полотенце), боқша (кошелек), күндік (зонт), кешене (мавзолей), соқпақ, кішкей орам (переулок), шаша жол (шоссе), жералма (картофель), балқос (пасека), ноғыт (фасоль), ошар (сход), қағыт (бумага), пыхы (морковь), тепшек (тарелка), қайқана (яичница), бүйрек (пельмени), субүйрек (вареники), шибүйрек (чебуреки), құймақ, шырлама (блины), тоқбасар (десерт), басытқы ас, шағырай (закуска), құтық (коробка), шонтық (куртка), құмаш (ткань), бәпіш (туфли), шарық (тапочки), мойынтұмар (кулон), бәпи (утка), кәтебі (бархат), шайтепшек (блюде) шолпы (дуршлаг), геухар (бриллиант), ынжы (жемчуг), зұбаржат (изумруд), нарғызгүл (георгин), шәбден (подснежник), ынжыгүл (ландыш), лала (лилия), таушымылдық (пион), мық (гвоздь), дарман (лекарство), омбыз (ангина), сөйлессөз (диалог), сызынты (набросок), өнер, саният (искусство), құй (колодец), т.б. Ноғайлар қойдың қорасын «қотан», сиырдың қорасын «аран», тауықтың қорасын «кедеш» дейді. Ең бастысы - «семья» деген сөз ноғай тілінде «аьел» деп жазылады, бұл қазақша оқығанда «әйел» болып шығады, орысша «семейный» адамды «әелли», яғни «әйелді» дейді. (Қазақ тілінде «семьяны» отбасы, жанұя, үйелмен, шаңырақ, түтін т.б. деп жүрміз). Әдетте әйелдерді «қысқаяқлы» (қысқаяқты) деп атайтын ноғайлардың «аьел» сөзін адам баласы үшін ең қасиетті отбасымен байланыстыруы таңдандырмай қоймайды. Жазушы Баянғали Әлімжановтың бір кейіпкері «әйел» сөзі «әй, ел болайық!»

дегеннен шыққан деп әзілдеуші еді. Ноғайлардың «әбел» деп отбасын айтатыны, расында да, Баянғалидың жазуының жаны бар екенін білдіреді.

Саха (якут) бауырларымыз «отордо» дейді, бұл бізше «отарла» дегені. Яғни, малды отарда, жайылымда ұстау деген сөз. Моңғол тілінде де «отор» – «жайылым» (пастбище). Қазақ тіліндегі «отар» қойға ғана қатысты айтылып, әдетте бір қора қойды білдіреді. Отарда бірнеше жүз не бір мыңға жуық қой болуы мүмкін. Отар-отар қойымыз осыны білдіреді. Саха, моңғолдар «отарды» жайылым деп түсінсе, біз «отарды» басқа түлікке қатысы жоқ табын (сиыр), үйір (жылқы), келе (түйе) мағынасында түсінеміз. Демек, оларша «отарла» - кез келген төрт түлікті жайылымда бағу, ал біздегі «отарла», «отарлау» басқаша мәнде екендігі белгілі.

Орыс тіліндегі «лошадь» (жылқы) сөзі түркі тілінен енген. Яғни «аласа ат», «алаша ат» деген ұғымдардан шыққан. Мұны орыс ғалымдарының өзі әлдеқашан мойындаған. Қазақта «Аласаны атқа санама, жаманды затқа санама» деген мақалдың болуы да айтылмыш пікірдің тарихи негізі бар екендігін көрсетеді. Бүгінде «лошадь» орыстың төл сөзіне айналып кетті. Бұрын «конь» (ат) сөзін ғана пайдаланып келген орыс тілі «лошадь» сөзінің енуімен сөздік қорын біршама байытты. Жылқы шаруашылығы терминдерінің де көпшілігі түркі тілімен байланысты (табун-табын, аргамак-арғымақ, аркан-арқан, буланный-құла сұр, каурый-құла кер, чалый-бурыл, игренивый-жирен, шабдар, т.б.). «Жылқы шаруашылығы» деген сөздердің «лошадоводство» деп қолданылмай, орыс тілінің негізгі сөздік қорына «коневодство» болып енуі, сондай-ақ жылқымен байланысты нақты ұғымдардың «конух», «кони́на» болып қолданылуы «лошадь» сөзінің сырттан кірген сипатын сездіреді. Керісінше, біздің «бодан» дегеніміз орыстың «поданный» сөзі екені, «бөтелкеміз» «бутылкадан», «самаурынымыз» «самовардан» шыққаны белгілі.

Мәскеудегі Арбат көшесінің тарихы 1592 жылдан басталады. «Арбат» деген не? Бір қазекеңнің мұны «Арба» және «ат» деген қазақтың сөздерінен шыққан деп жеңістік бермегені барды. Шындығында, «арбат» арабтың «рабат» деген сөзінен шыққан. «Рабат», «рабат» деп қайта-қайта айтыла бергеннен кейін «арбат» болып қалыптасып кеткен, яғни «қала маңы» (пригород) деген мағынаны білдіреді. «Арбаттың» араб сөзі екенін ресейліктердің өздері де мойындайды. 1985 жылдан бері Мәскеудің сол Арбаты — тек қана жаяу жүретін көше (Соңғы уақытта «рабат» (қамал) — «цитадель»

сөзіне балама ретінде қолданыла бастады). Алматыдағы Жібек жолы көшесін де ауызекі тілде «Алматының Арбаты» деп атайды. Орыстың өзі арабтың «рабатынан» алып отырса, біздің «Арбат» дегенімізге не жорық?! Неге «Жібек жолы» деп қазақша өз атауымен атамаймыз? Тілге деген құрмет әдетте осындай шағын нәрселерден басталса керек. Ал ақиқатына жүгінсек, бұларды тіпті де ұсақ-түйек деуге болмайды.

Бұрынғы өткен қаламгерлер мұрасына үңілгенде, мысалы, Ыбырай Алтынсариннің кезінде «адамизат» деп жазғаны еске түседі. Бұл «адамзат» (человечество) дегенді айтқаны, ал осы «адамизатты» басқа бір сөздің баламасы ретінде пайдалансақ қайтер еді? Тәжірибе бар: мысалы, «руханият», «өркениет», «мәдениет», т.б. Сол сияқты, тілімізде «рәсім» (процедура) бар, ал «рәсімдеме» неге жоқ? «Ресімдеу» (оформлять) бар, «ресім» неге жоқ? «Ресми» (официальный) деп дұрыс жазбай жүрген сияқтымыз, шын қазақы ұғымға салсақ, «ресіми» болып жазылуы керек тәрізді, өйткені сөздің түбірі - «ресім». Ал «Зайыр» сөзі қазір «светское» мағынасында (зайырлы қоғам) қолданылады, бірақ бұрын ол «анық, жақсы, айқын» деген мағыналарды білдіретін. Мысалы, «Ол арасын Жиһангир зайыр білмейді» (Татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов. Біздің күндер. Роман.-Алматы, 1971,151-бет).

Жазушы Сәбит Мұқановтың шығармаларында бірталай сирек сөздер кездеседі. Солардың бірі «науыт қып кету». Мұны жазушы Бейімбет Майлин «набыт болу» деп келтіреді. Айтылып, жазылуы әртүрлі болғанымен, мағынасы ортақ сөз. Яғни, опат болу, апатқа ұшырату. Бірақ қазіргі сөздіктерден мұның түсіндірме мағынасын табу қиын. Кейбір кітаптардан бірқатар сөздердің мынадай баламаларын кездестірдік: Ваше величество — алдияр; ұрият — теңдік, бостандық, еркіндік; тағылан — тау тағысы. (Сәкен Сейфуллин «Тағалтай» деп тағы бір аңды атайды. Ол қандай аң?). «Үзір», «шұрат», «ұғыл», «ұңғыт» - көп қолданылмайтын тың сөздер. Бейімбет Майлиннің бір шығармасында «көрсеткен үзірі осы ма еді» деген сөйлем кездеседі. «Үзір» — әдетте тілек-өтінішті не назды, кәделі алыс-берісті бейнелейді. Тілімізде «үзірім бар» деген тұрақты тіркес кездеседі. Ал Бейімбет мәтінінде ол «рахат», «жақсылық» мағынасында («көрсеткен жақсылығы (рахаты) осы ма еді») қолданылған. «Шұратты» «оазис» сөзінің баламасы ретінде пайдаланып жүрміз. Мысалы, тілімізде «Шөлді шұратқа айналдыру» деген тіркес бар. Ал «ұғыл», «ұңғыт» дегендер ше? Түсіндірме сөздіктерде кездеспейтін сөздер. Мағынасын аша алсақ, балама ретінде пайдалануға да болар

еді. Бүгінгі математика мен кибернетикада, қоғамдық-саяси өмірде қолданылатын «алгоритм» термині Шығыстың ұлы ғалымы әл-Хорезмидің латын тіліне аударылған есімі екенін екінің бірі білуі керек. Әсіресе, аударушылар. «Әл-Хорезми» - «Алгоритм». «Әл-Хор...» - «Алгор...». «Алгоритм» - бүгінде алдын ала істелетін істердің жиынтығын көрсететін термин ретінде қолданылады.

Жалпы тіл майданындағы шығармашылық ізденістер таусылмасы хақ. Аудармаңыз да, терминіңіз де, қазақша сөйлесуіңіз де сол Ана тілі атты құдіреттің қойнауында. Осы ретте ана тіліне деген адалдық қана алыс жолда айнымас серік болатыны сөзсіз.

Айгүл ЖҰМАБЕКОВА,  
аудармашы

# Аударманың пайда болуы және қаму ерекшеліктері

*Адамдар аударма жасаумен өте ерте кезден бастап айналыса бастаған, сол кездің өзінде-ақ олар басқа тілдерде сөйлеушілермен қарым-қатынас орнату мен оларды түсінісудің қажеттігін жақсы ұғына білген. Алайда, алғашқы қауымның тілі бір болмағаны анық.*

Осындай жағдайда адамдардың түрлі топтары арасында қарым-қатынас орнату үшін тез түсінетін, жылдам ойлай алатын, есте сақтау қабілеттері жақсы, сөйлеушіні түсініп, оның айтқанын аударып бере алатын адамдар болғаны белгілі.

Осылайша, аударманың бастапқы қарапайым түрі жазу пайда болғанға дейін шыққандығын болжауға болады. Олай болса, аудармашылықты ең көне кәсіптердің бірі деп есептеуге негіз бар.

В.Н. Комиссаровтың ғылыми болжамы бойынша, алғашқы қауымда өзге диалектілерді зерттеудің алғашқы ұстаздары мен мамандары әйел адамдар болса керек. Тұтқынға түскен немесе басқа тайпа өкіліне тұрмысқа шыққан олар еріксіз басқа тайпа тілін үйренуге мәжбүр болып, қарым-қатынас пен өзара түсіністік орнату мақсатында дәнекер аудармашы қызметін атқарған. Сонымен қатар, олар

балаларын да өздерінің ана тіліне үйреткен. Сөйтіп, оларда алғашқы қостілділік қалыптаса бастаған.

Аудармашылық қызмет әртүрлі тілдерде сөйлейтін қоғамдастықтағы адамдардың арасындағы қажеттіліктің негізінде туындады. Мұндай қарым-қатынастың аясы әртүрлі болды: сауда-саттық, саясат, елшілік, мәдениет және т.б. Осы байланыстардың дамуында Александрия, Рим, Иерусалим, Константинополь, Самарқанд және көптеген басқа да қалалар үлкен рөл атқарды. Бұл аймақтарда экономикалық және саяси себептерге байланысты әртүрлі халық өкілдері мекендеді. Оларға арнайы дәнекерлер, яғни аудармашылар қызмет көрсетті.

Аудармашылық қызметтің көне жәдігерлері Месопотамия қалашығынан (бірнеше тілдегі сөздердің тізімі берілген қыш тақтайшалардағы кестелер), Көне Мысырдан (аудармашылардың іс-әрекеттері бейнеленген тастағы барельефтер) табылған.

Жазу пайда болғаннан кейін ауызша «тілмаштарға» ресми, діни және іскери сипаттағы мәтіндерді жазбаша тәржімелейтін аудармашылар қосылды. Ежелден-ақ аударма адамдардың тіларалық қатынасын жүзеге асыра отырып, маңызды әлеуметтік рөл атқарған. Жазбаша аудармалардың таралуы адамдарға басқа халықтардың мәдени мұрасына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Аударма ғылымының алғашқы теоретиктері аудармашылардың өздері болды. Әр кезеңнің аудармашылары өздерінің «тәржімелік ұстанымдары» туралы баяндағаны белгілі, дегенмен олардың айтқан ойлары ғылымның қазіргі талаптарына, дәлелдеріне жауап бермесе де, бірізді теориялық тұжырымдамаға жүйеленбесе де, сондай бірқатар ойлар қазіргі таңда қызығушылық тудырып отырғаны сөзсіз.

Ертеден бастап үш негізгі аудармашылық кеңістік қалыптасқан:

Біріншісі — көне грек-рим әлеміне бағытталған еуропалық кеңістік; бүгінде ол — әртүрлі мәдениетімен және көптілділігімен ерекшеленетін заманауи еуропалық өркениетті қамтиды. Екіншісі — араб тілі кеңінен таралған Таяу Шығыстық кеңістік және соңғысы — мәдени және территориялық тұрғыда Қытайға бағытталған Қиыр Шығыс кеңістігі.

Аталған аудармашылық кеңістіктердің әрқайсысы өзіндік діни мәтінге бағытталған микромәдениет болып табылады. Бұл діни мәтіндер: Библия (Інжіл), Құран және Будда каноны (Қытайда ол өз әдеби канонының ықпалымен өзгертілген).

Еуропа мәдениетіне басты діни мәтінімен қоса, көне грек мұрасы, логика, риторика және саяси құрылым негіздері туралы мәтіндер де кіреді. Еуропа мәдени мұрасын құруға тек бір Құдайға ғана сөзсіз тәубе етуге ниеттейтін Библия идеяларына қарсы келетін, грек

демократиялық идеясы айтарлықтай қарама-қайшылық келтірді. Осы түпкі рухани қарама-қайшылық Еуропа мәдениетінің көптеген мәселелерін айқындап берді.

Қиыр Шығыс аудармашылық кеңістігі буддистік канон мәтіндері мен Қытайда құрастырылған буддизмге дейінгі мәтіндер жиынтығына негізделеді. Қиыр Шығыс мәдениетін құру қағидаттары Еуропа үлгісінен түбегейлі өзгеше, өйткені мұнда ойлау мәдениетінде философия мен логика басты қағидаттары ретінде белгіленбейді. Алайда, мәдениет құндылықтары метафораланған көптеген мән-мағыналы иероглифтермен жазба түрінде айшықталған. Батыс мәдениеті қолданатын әріптік әліпби үлкен жетістік болғанымен, Қиыр Шығыс мәдениетіне тән графикалық метафоризация және абстракциялау мүмкіндіктерінен айырды. Жүздеген дыбыстарды, тіпті мыңдаған күрделі кескіндерді, мысалы, пиктограмма, иероглиф немесе идеограммаларды жаттамай-ақ, 30-ға жуық әріпті қолдану арқылы жазумен шектелуге болады. Еуропа мәдениетінде ойлау таным мен ақиқатты анықтауға бағдарланған және мағынаны вербализациялаудың ең жоғарғы шегіне бағытталса, шығыс мәдениетіндегі ойлау түсінуге мақсатталады, мағына вербализацияланбайды. Бұл – мәдениетті ұйымдастырудағы ерекшеліктің көрінісі.

Таяу Шығыс мәдениеті Библия, көне грек мәдениеті мәтіндері және буддистік каноннан кейін жазылған, өзінің негізгі мәтіні Құранға бағытталады. Бұдан басқа, Таяу Шығыс мәдениетінің мұсылман дәуіріне дейінгі жоғары дамыған мәдени мұрасы бар. Ол танымдық жағынан Құранның өте жоғары ықпалымен тұрақталып, нормаға келтірілген поэтикалық және прозалық мәтіндерді қамтиды.

Жоғарыда атап көрсетілген аудармашылық кеңістіктер аудармаға әртүрлі қарады. Сондықтан көбіне аудармашылық сипаттағы өзге мәдениет ықпалы түрліше қабылданды. Аударма – екі тіл, екі мәдениет, екі аудитория қатысатын түбегейлі дихотомиялық іс-әрекет және бұл жерде бөгдені өзіңе иелеп алу немесе өздікті бөгдеге ыңғайластыру. Сондықтан аударма үдерісі кезінде кедергі тудыратын немесе себепші болатын ықпалдың жиынтығы қатысады.

Кедергі тудыратын немесе себепші болатын факторлардың ішінде келесілерді ажыратып алу қажет:

- территориялық жақындық /қашықтық;
- ерте заманнан бері діни ортақтық және сакральдік тиісті мәдениеттің мәтіндерімен анықталатын тілдік жақындық/алшақтық;
- басқа мәдениеттің нақты бір мәтіндерін қабылдауға немесе қабылдамауға дайындығы;
- басқа мәдениеттің кез келген мәтініне сұраныс.

Библия – Еуропа мәдениетінің орталық мәтіні Еуропа тілдері мен мемлекеттері құрылмастан бұрын пайда болған тілдерде жазылған. Сол себепті Библия үнемі аударылып, қажетіне байланысты құзырлы тілдерге, содан соң Еуропа кеңістігінің бүкіл дерлік тілдеріне тәржімеленді. Әрине, түпнұсқа мәтінге қол жетімсіздік фактісінің себебінен, Библияның аударма нұсқасы ұдайы қайта өңделіп, қолданыста жүрді. Бұған қоса, жаңадан аудармалық оралымдар мен тілдер қосылып отырды. Осылайша, Еуропа мәдениеті миссионерлік аударма нұсқалар арқылы басқа мәдени кеңістіктерге, әсіресе, әлемдік дін жайылмаған кеңістіктерге таралып, оларды христиандандыруға әкеліп соқты.

Таяу Шығыс кеңістігі қарқынды өсуімен ерекшеленді, мұнда аудармалар белсенді түрде араб тіліне тәржімеленді. Қазіргі заман түсінігіндегі аударма орталығы болып табылатын Даналар үйінде бүкіл дерлік мәдениеттердің маңызды деген мәтіндері тәржімеленді. Мысалы, араб тілінен ең бірінші Еуропа тіліне, оның ішінде ағылшын тіліне аударылған Аристотельдің қолжазбалары жоғалып кетті. Таяу Шығыс мәдениеті «сорғыш» тәрізді басқа мәдениеттердің қолжетімді мәтіндерін сіңіріп алды. Алайда, өз мәдени құндылықтарымен бөліспеді және басқа мәдениеттер бұл құндылықтарға қызығушылық танытпады да. Соның әсерінен «сорғыш» тәрізді Таяу Шығыс мәдениеті жабық күйінде дамыды. Сондықтан да Таяу Шығыс мәдениеті ұғымында «аударма», біріншіден, араб тіліне аудару дегенді білдірсе, ал батыс мәдениетіндегі жағдай тіпті өзгеше, мұнда аударма үдерісінде түрлі тіл жұптары қатысатын әртүрлі нұсқалар.

Өз мәдениетінің негізгі мәтіні Құранның таралуы да өзгеше. Батыс мәдениетінде Библия тек аударма арқылы тараса, Құран аударылмайды, шынайы мұсылман мәтінді түпнұсқада оқып, Алла тағаламен тікелей тілдесуі тиіс. Бұдан мәдениеттің негізгі мәтінін еуропалықтар аударма арқылы алса, Таяу Шығыс түпнұсқадан алғандығын көреміз. Бұл сәйкесінше мәдениеттердің дамуында да көрініс табары сөзсіз. Негізгі мәтін түпнұсқасының тілі – бір ғана араб тілі қызмет ететін Таяу Шығыстық кеңістіктің мәдениетінің ерекшелігі болса, Батыс мәдениетінде әртүрлі тілдер қолданылып, аударма қажеттілігі басым екенін айта кеткен жөн.

Қиыр Шығыстық аударма кеңістігі өзінің кеңдігі, басқа кеңістіктерден алшақтығына қарай дамыды. Мұнда басқа мәдениеттердің рухани дамуына әсер етіп келген Қытай мәдениеті беделге ие. Қытайдың рухани дербестігіне сай мұнда басқа тілдерден аудару ісі көп дамымады. Десек те, Қытаймен қарым-қатынас арқылы дамып отырған көрші мәдениеттер тілдеріне аударма жасалды.

Макромәдениеттердің тілдік айырмасының көптігіне орай, бір-бірімен қарқынды қарым-қатынас орнатуға ұмтылмайды.

Тілдік ерекшелік мәдениет ерекшелігіне апарып соғады. Бұл айырмашылықтарды жоюға ұмтылыс көпшілік жағдайда мәдени өзгеріске алып келді. Бір мәдениеттің идеялары, ұғымдары мен құндылықтары басқа мәдениет құралдары мен ұғымдары арқылы жеткізіледі, ал түпнұсқа мәдениетінде осы рухани білімді түсіндіретін арнайы құралдар бар екендігін ұмытуға болмайды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, аударма әртүрлі ықпал мен жағдайға ұшырайтын көпқырлы қызмет деген түйін жасауымызға негіз болады.

Грек-рим өркениеті кезеңінде алғаш рет аударманың негізін құрайтын кейбір ұстанымдары анықталып, оның ағартушылық қызметі таныла бастады. Көне дәуірден бастап аударма Еуропа, Таяу және Орта Шығыс, сондай-ақ Үндістан өркениеттерінің арасындағы дәнекер ретінде пайда бола бастады. Кейінірек IX-X ғғ. көне грек және ислам өркениеттерінің арасындағы дәнекер қызметін Бағдаттағы аудармашылық мектеп атқарды. Ал XII-XIII ғғ. Испанияда арабша аудармалар жасала бастады. Бұл дәуірде негізінен медицина, математика, астрономия бойынша трактаттар аударылды.

Аталған кезеңдерде көбінесе аударманың екі түрі орын алған. Олар: 1) сөзбе-сөз аударма – аударма тілінің ерекшеліктерін ескерместен, түпнұсқаны өзге тілде көшіруге; 2) еркін аударма – өз тілінің талаптары мен нормаларын қадағалауды көздеп, түпнұсқаның мәнін, «рухын» жеткізуге негізделеді.

Діни мәтіндерді аудару барысында бұрмалаушылықтың орын алу ықтималдығы сөзбе-сөз аударманың пайда болуына түрткі болған еді.

Еркін аударма діни емес мәтіндерді аударуда жиі қолданылды. Оның міндеттерінің теориялық тұжырымдары грек тілінен латын тіліне аударушы Цицеронда (б.з.д. I ғ.), Библия мәтінін ежелгі еврей түпнұсқасынан латын тіліне аударуды жүзеге асырушы Иеронимде (б.з.д. IV ғ.) кездеседі. Кейініректе Рожер Бекон (XIII ғ.) мәтін мазмұнын дұрыс беруге мүмкіндік беретін түрлі тілдер мен ғылымды білу негізінде ғана аудармаға саналы түрде келу талабын ұсынды.

Сөзбе-сөз аударманы шеттетіп, мәтін мазмұны бойынша аударуға жоғары баға беретін осы сияқты пайымдаулардың арқасында аудармаға сыни пікірлер пайда бола бастады, бұдан былай ол күрделі тұжырымдардың бастамасы болды.

Қайта Өрлеу (Ренессанс) дәуірінен бастап Еуропаның Мартин Лютер, Этьен Доле және т.б. аудармашыларының есімдері танымал бола бастады.

Діни және философиялық әдебиеттерді аудару туралы екі түрлі тәсілдің жақтаушылары арасындағы күрес зор саяси шиеленіс

тудырды. Мәселен, француз ойшылы, ақын әрі аудармашы Этьен Доле шіркеу сотының шешімімен өлім жазасына кесіліп, Платон шығармаларындағы Сократтың сөзін еркін аударғаны үшін отқа өртелді.

Этьен Доле аудару кезінде төмендегі бес негізгі ұстанымды қадағалау керек деп есептеді:

1) аударылып отырған мәтін мазмұны мен оның авторының ойын жетік түсіну;

2) пайдаланылып отырған тілдердің қай-қайсысын болса да жетік білу;

3) сөзбе-сөз аударудан аулақ болу, өйткені аударманың бұл түрі түпнұсқа мазмұнын бұрмалап, оның пішін көркемдігін жояды;

4) аударма барысында тілдің жалпы қолданыстағы формаларын пайдалану;

5) сөздерді дұрыс таңдап, олардың сөйлемдегі орын тәртібін қадағалай отырып, түпнұсқа беретін жалпы әсерді сақтау.

Сондай-ақ, діни қызметкер Мартин Лютер (Германия) сөзбе-сөз аудармаға үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол қалың көпшілікке мәтіні түсінікті болсын деген мақсатта Библияны неміс тілінде сөйлетті. Бұл – аударманы қоғамдық тұрғыдан танудың бір ғана мысалы.

Кейінірек XVII-XVIII ғасырларда еркін аударма кең қанат жая бастады.

XVIII ғасыр аударма әлеміне ерекше құбылыс алып келді. Бұл кезеңде түпнұсқаларды дәуір талаптарына толықтай бейімдейтін еуропалық әдебиеттердегі аудармалардың үстемдік етуі, басқаша айтқанда, аудармаларды қайта «безендіру» ұйғарылды.

Аударманың мұндай тәсілінде түпнұсқаның ұлттық және дербес ерекшеліктері ескерілмеді (мәселен, француз аудармаларында Шекспир шығармаларының өрескел бұрмалануы, оның трагедиясының композициясы мен құрылымының, сюжетінің өзгеруі сияқты қателіктерге әкеліп соқты).

Аударманың А.Ф. Тайтлер сияқты ірі ағылшын теоретигі түпнұсқаны безендіруде еркін аударманың орындылығын таныған, алайда, сонымен қатар ол түпнұсқа мазмұнының дәл жеткізілуі мен автордың сөз нақыштау ерекшелігін ұстануды талап еткен.

Ал, XIX ғасырда аударма өнеріне деген түбегейлі қарама-қайшы жаңа көзқарас, яғни түпнұсқаны аударуда ұлттық ерекшелікті ескеру керек деген ұмтылыс пайда болды. Аударманың жаңа ұстанымы үстемдік ете бастады да, «безендіру» тәсілі біртіндеп қала бастады.

Жалпы осы кезеңдердің қай-қайсысын алып қарасақ та, аудармашылық тәжірибе аударма теориясынан әлдеқайда озық дамыды. Аударма оған деген қоғамдық қажеттіліктің туындауынан

пайда болған. Аудармашы жұмыстарының шынайылығы әрқалай еді, өйткені олар көп жағдайда аударманың түрлі нұсқаларының арасынан ішкі сезімдеріне (интуицияларына) жүгіне отырып таңдауға мәжбүр болды. Сондықтан аударманың алғашқы теоретиктері ретінде өздерінің жеке тәжірибелерін шыңдауға тырысқан аудармашылардың өздерін айтуға болады.

Осылайша, антикалық дүниенің аудармашылары, әсіресе, діни мәтіндер аудармасының түпнұсқаға жақындық деңгейін, сөзбе-сөз немесе еркін аударма жасау қажеттігі туралы мәселелерді кеңінен талқылады.

Кейінірек жекелеген аудармашылар «жақсы» аударма немесе «жақсы» аудармашы жауап беруге міндетті бірқатар талаптарды баяндай отырып, «аударманың нормативті теориясын» қалыптастыруға тырысты.

Аударма туралы білімдерді жүйелеу мәселесі жиырмасыншы ғасырдың ортасында білікті аудармашыларды жаппай даярлағанға дейін назарға алынбай келді. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық сауда-саттықтың өсуі білікті аудармашылардың еңбегіне деген сұранысты күрт өсірді. Осылардың барлығы аудармашылық теорияның қалыптасуына ықпал етті.

Сондай-ақ аударма теориясының ғылыми негіздері тек XX ғасырдың ортасына таман қалыптаса бастады, бұл кезде тіл мамандары өздерінің аудармашылық қызметке деген қатынасын толығымен өзгертіп, оны жүйелі түрде зерттеуге мәжбүр болды.

Бұл кезеңде алдыңғы қатарға автордың жеке стиль ерекшеліктері ескеріле бермейтін саяси, коммерциялық, ғылыми-техникалық және тағы басқа «іскери» материалдардың аудармалары шықты. Осыған байланысты аударманың негізгі қиындықтары мен аударма үдерісінің бар сипаты осы үдеріске қатысатын тілдердің құрылымдары мен қызмет атқару ерекшеліктерімен ескерілетіні айқындала түсті.

Бұған қоса, аударма дәлдігіне қойылатын талаптардың өсуі тілдік бірліктердің рөлін арттырды. Осы іспеттес материалдарды аудару барысында аударманың «жалпы» дұрыстығымен, түпнұсқа мен аударманың оқырманға беретін әсерінің сәйкестігімен қанағаттану жеткіліксіз еді.

Аударма жекелеген сөздердің мағыналарына дейін ақпараттың толық жеткізілуін қамтамасыз етуі қажет болды. Аудармашылық үдерістің тілдік негізі айқындала түсті. Бұл үдерістің лингвистикалық болмысы неде екенін, қандай дәрежеде ол жеке тілдік факторлармен анықталатынын, мұндай факторлардың қандай деңгейде ақпараттың дәлдігін шектейтінін анықтау қажет болды.

Аудармашыларға деген зор қажеттілікті өтеу үшін, көптеген елдерде аудармашылық мектептер, факультеттер мен институттар ашылды.

Аудармашы мамандарды жаппай дайындау барысында «аудару үшін екі тілді және тіл нысанын білу жеткілікті» деген дәстүрлі формуланың толық еместігі анықталды. Шындығына келгенде, бұл формулада көрсетілген факторлар өз алдына аудару дағдысын қамтамасыз ете алмайтындығы, екі тілді біліп қана қоймай, бір тіл бірліктерінен екінші тіл бірліктеріне көшу ережелері мен шарттарын білу қажеттігі белгілі болды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. — М.: ЭТС. — 2002.
2. Routledge Encyclopedia of Translation Studies. — London, New York: Routledge, 1997



**Г. САФИДОЛДА,**  
Л. Гумилев атындағы  
ЕҰУ профессоры



**М. ЕСКЕЕВА,**  
Л. Гумилев атындағы  
ЕҰУ профессоры

## Сары ұғзырлар тарихы мен тілінің қалыптасуы

*XXI ғасырдағы жаһандану әлемдік өркениеттер ықпалдастығының артуын, технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтарды, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық мінез-құлық пен ұлттық сана-сезім, рухани мәдени мұраларды жою немесе бүлдіру қатерін арттыратыны сөзсіз.*

Әсіресе, әлемдік тілдердің ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктегі шет-шекарасының кеңеюі белгілі бір территорияда ғасырлар бойы үзіліссіз және үздіксіз жалғасқан этнотарихи және лингвомәдени үдерістерде «тілдік иммунитетін» қалыптастырған өміршең тілдердің өзінің қолданыс аясын тарылтуда. Нәтижесінде

өлі тілдер қатары көбейіп, аз санды шағын ұлыстардың этникалық төлтума мәдениеті геосаяси тұғыры басым, адам саны көп екінші халық тарапынан жұтылып, біртіндеп өмір сүруін тоқтату тенденциясы белең алуға.

Түркі тілдерінің ішінде де жойылып-жоғалу алдында тұрған, аз ғана тілдік топ қолданатын шағын этностардың тілдері бар. Олардың қатарында сары ұйғыр, салар, қарайым, құмық, ноғай т.б. тілдерін атауға болады. Әлемдік жаһандану үдерісіне тойтарыс бере алмай, күннен-күнге функционалдық қызметінен айрылып, жойылып бара



жатқан мұндай шағын санды түркі халықтарының тілдерін мүмкіндігінше видео, аудио материалдар, сөздіктер түрінде құжаттап, олардың лексикалық қорын барынша жинақтап алу, грамматикалық құрылым-құрылысын салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы сипаттамалы, салғастырмалы-типологиялық зерттеулердің арнайы нысаны ету – қазіргі түркологиядағы ең өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Орталық Азия аумағында VIII-IX ғасырлардан кейінгі кезеңдерде болып өткен сан алуан сипаттағы этнолингвотарихи үдерістерді басынан кешіре отырып, ұзақ уақыт бойы қытай, таңғұт, тибет, моңғол тілдерінің «құрсауында» қалып, түркілік тілдік ортамен байланысын жоғалтқан йоғурлардың (сары ұйғырлар) тілін «консервацияланған лингвоқұрылым» ретінде зерттеудің жалпытүркі тілінің даму, өзара ыдырау бағыттарын айқындаудағы, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің болашағын болжаудағы маңызы зор. Себебі батыс сары ұйғыр тілі жалпытүркілік тектілік және түркі тілдері дамуының көнетүркілік кезеңіндегі белгілерді өз бойында молынан сақтап қалған, ғасырлар



бойы үзіліссіз және үздіксіз жүрілген қытайлық, таңғұттық, тибеттік, моңғолдық мәдениеттер тоғысының өтінде «тілдік иммунитетін» қалыптастырған түркі тілдерінің бірі.

Сары ұйғырлар – Қытай Халық Республикасында ресми тіркелген 56 ұлттың бірі. Олар негізінен Ганьсу провинциясының Сунань уезі аумағындағы Жаң Иэ ауданына қарасты Уйғу автономиялы ауданын мекендейді. Орталығы – Сунань қаласы (№44). 1954 жылы құрылған Уйғу автономиялы ауданы Цилян-шань тауының теріскей жағында орналасқан.

Оңтүстігінде Цинхай өлкесінің Цилянь ауданымен, Мын Юан Дунген автономиялы ауданымен, солтүстігінде Уи, Жаң Иэ, Жю Чуан, Жя Югуан қалаларымен, батысында Су Би Моңғол автономиялы ауданымен, шығысында Тянь Жу Тибет автономиялы ауданымен шекараласатын Уйғу автономиясының жер көлемі – 20133 шаршы километр (Мәлімет сары ұйғыр этносының өкілі, жазушы Йоғур Төмерден жазылып алынды. Сунань қаласы. 09.07.2012 ).

Уйғу автономиялы ауданы Ұлыстар комитетінің 2000 жылы жүргізген бесінші мемлекеттік адам санағы бойынша сары ұйғырлардың жалпы саны – 13 719 адамды құрайды, Уйғу автономиялы ауданында тұратын сары ұйғырлар саны соңғы он жыл ішінде 1500 адамға өскен. Сары ұйғыр этносының өз өкілдерінің көрсетуі бойынша Уйғу автономиялы ауданында 9 000 йоғур мекендейді, басқалары Ганьсу

өлкесінің өзге аймақтарында, негізінен Хуаң Чың (Патша қаласы), Қаңли (Қаңлы), Дахы (Дария) өңірлерінде тұрады. Мұның сыртында 2 мыңнан астам йоғурлар Цзюцюань (бұрынғы Сучжоу) тауларының шығысына қарай орналасқан Миңхуа районы Лянхуа және Минхай болысында өмір сүреді (Йоғур Төмөр. 09.07.2012. Сунань қаласы). Уйғу автономиялы уезінің мемлекеттік тілі – қытай тілі.

Сары ұйғырлар өздерін joγur/oγur «йоғур/ойғур» этнонимімен атаса, қытайлар қытай тілінің фонетикалық-артикуляциялық ерекшеліктеріне сай оларды uju/juyu «уйғу/йуғу» деп атайды. Этностың Қытай Халық Республикасындағы ресми атауы да осылай қалыптасқан.

Ежелгі қытай жылнамаларында қытай тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты оғуз «оғуз» этнонимінің оуи/ууи түрінде жазылғанына сүйенген зерттеушілер сары ұйғырлар мен көне түркі заманындағы оғыздарды тікелей байланыстырады. Бұл көзқарас бойынша сары ұйғырлар тоғыз оғыздардың ұрпақтары: «қазіргі сары ұйғырлардың этникалық құрамындағы рулар көне түркі дәуірінде Орхон бойын мекендеген тоғыз оғыздардың құрамындағы рулардың негізінде қалыптасқан» [1, 4]. Д. Позднеевтің пікіріне [2, 97] сүйенген С.Е. Малов сары ұйғырлардың тарихи ата-қонысы ретінде Орхон, Селенгі өзендерінің бойын көрсетеді: «Можно думать, что желтые уйгуры поселились в местах своего теперешнего местожительства лет с тысячу с лишним тому назад, придя частью с запада (Китайский Туркестан), а частично спустившись несколько южнее из Монголии, из бассейна рек Орхона и Селенги (после войны с киргизами)» [3, 3-4].

VIII ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінде оғыздар мен ұйғырлардың қатар аталуы олардың өзара туыс екі түркі тайпасы екенін көрсетеді. Бұл Синьцзян ұйғырлары мен сары ұйғырлардың (йоғур) бір-бірінен алшақтығын білдіретін тарихи дерек болуы да мүмкін.

Ғылымда sarγu uγur «сарығ ұйғыр» деген этнониммен танылған йоғурлардың тарихи-генеалогиялық тегі ежелгі замандарда Моңғолия территориясын мекендеген dinlin «динлин» (б.з.д.ІІІғ.), tele «теле» (б.з.ІVғ.), joγur/uγur «йоғур/ұйғұр», qoγqu «хойху», toquz oγuz «токуз оғуз» тайпаларымен сабақтастырылса, этникалық құрамының қалыптасу тарихы олармен тығыз қарым-қатынасқа түскен qarluq «қарлұқ», q rγ z/q rγaz «қырқыз, қырқ аз», q jmaq «қимақ», t rge «түргеш», qaŋli «қаңлы», najman «найман», kerejt «керейт» тәрізді түркітілдес тайпалар мен моңғол, таңғұт, тибет этностарының тарихымен ұштастырылады. Мәселен, А.М. Решетов: «Сары ұйғырлар 840 жылдары Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін қазіргі Моңғолия

жерінен оңтүстікке және оңтүстік-батысқа қарай кеткен ежелгі ұйғырлардың ұрпақтары. Өте тығыз қарым-қатынастың әсерінен олардың құрамына тұрфан ұйғырлары, қырғыз, түргеш, моңғол, таңғұт және тибет халықтарының белгілі бір топтары сіңісіп кетті», – деп біледі [4]. Ал ежелгі ұйғырлардың/ойхорлардың түп-тамыры ғұндарға барып саяды. Мұны Селенгі өзені бойының ғұндардың да, кейіннен ұйғырлардың да ата жұрты, төл отаны болғаны дәлелдей түседі [5, 67-68].

Ұйғырлар IV-V ғасырларда теле тайпалары одағы құрамына кіреді. Жужандар кезінде он ұйғырлар солтүстікке, ал тоғыз ұйғырлар оңтүстікке қарай ойысады. Ұйғыр тайпаларының бірігу процесі тюркюттар кезінен (VIII ғ. басында) басталып, 742-756 жж. аяқталады. Басмал, шығыс қарлұқ, телес тайпаларынан және ұйғырлардың өздерінен құралған ұйғыр конфедерациясы билік басында тоғыз-оғыздар тұрады. С.В. Киселев тоғыз-оғыз тайпалық одағы атауын ұйғырлардың «сегіз оғыз» – найман тайпалық тобына келіп қосылуымен, *uǰur/ uǰiǰ* этнонимін түркінің *uǰmaq* «бірігу, ұю» сөздерімен байланыстырады [6, 137].

745 жылы құрылып, 840 жылы құлаған Ұйғыр қағанаты феодалдық мемлекет болды. Ұйғыр қағанатын 745-795 жылдар аралығында яглакар руынан, 795-840 ж. эдіз руынан шыққан қағандар биледі. Алтайдан Маньчжурияға, оңтүстікте Говь шөліне дейінгі ұлан-ғайыр территорияда үстемдік құрған Ұйғыр қағанаты құрамына ұйғырлар мен телес тайпаларының сыртында, қарлұқ, қырғыз, татар, басмал, кидан, чики, т.б. бағындырылған тайпалар енді. Қарабалғасун (Харбалғас) немесе Орду-Балық деп аталған астанасының іргесін Орхон өзенінің сол жағалауында қалаған ұйғырлар көшпелілер тарихында манихей дінін қабылдаған бірден-бір тайпа болып қалды [7, 47].

IX ғасырдың 20 жылдары басталып 840 жылға дейін жалғасқан Ұйғыр қағанаты құрамындағы енисей қырғыздарының көтерілісі қағанаттың құлап, оның құрамындағы ұйғырлардың жан-жаққа бытырай қашуымен аяқталады. Құрамындағы тайпалардың өзара қақтығыстарының, мемлекет ішіндегі саяси жікшілдіктің, қатты жұттың әсерінен әлсіреген Ұйғыр қағанаты енисей қырғыздарына қарсы тойтарыс бере алмайды. Қытай дереккөздері бойынша Ажо деп аталатын қырғыз қағаны бастаған жүз мың қол әскер 840 жылы Орду-балықты басып алады [8, 75].

VII-IX ғ. қырғыздардың (*q rǰ z/ q rǰ az*) тарихи-әлеуметтік өмірін сипаттай келіп, А. Бернштам қырғыздардың жүз мың қолының ұйғырларды (ойхорларды) талқандауы туралы Н.Я. Бичурин пікіріне жүгінеді: «ру басы Гюйлу Мохэ (Кюлюг-бага-тархан телес тайпасының

эдиз руынан), хагастармен (қырғыздармен) бірігіп, 100 000 атты әскермен хойхулардың (ұйғырдың) қаласына (Орду-балык) шабуыл жасап, Гюйлофуді (Кюлюг-бега, Курабира) өлтіріп, оның қонысын өртеп жіберді. Хойху ұрпақтары жан-жаққа бытырап тарап кетті» [9, 169].

Енисей қырғыздарынан жеңіліс тапқан ұйғырлар оңтүстікке, оңтүстік-батысқа, батысқа қарай қашады. Бұғу Цзун бастаған ұйғырлардың бір тобы Тұрфан ойпатына жетіп, онда өздерінің князьдығын құрады. Олар Тұрфан оазисінде егін шаруашылығымен шұғылданатын жергілікті халықпен араласып, біртіндеп отырықшылыққа бет бұрады. Мұнда олар қабылдап алған жат жұрттық мәдениетті өздерінің төл мәдениеті негізінде байыту мүмкіндігіне ие болады. Ұйғыр суретшілері өздеріне дейінгі көркем сурет және мүсіндік бейнелеу өнерлерінің шеберлігін қабылдап қана қоймай, адам бейнесін салудың (портрет) өзіндік ерекшелігін енгізіп, этнографиялық заттарды бейнелеп, дәстүрлі шарттылықты өмір шындығынан алынған жаңаша кескінмен тоғыстырды [7, 156]. Ұйғырлардың енді бір тобы Хэсү шатқалы арқылы кезінде Теле тайпалық одағы құрамында болған, Ганьчжоу и Ляньчжоу өңіріне V-VIII ғ. Селенгі бойынан қоныс аударған өздерімен туыстас хойху/хұйху/хуэйхэ (йоғур) тайпаларына келіп қосылып, кішігірім хандық құрады. Бұл тайпалардың негізінде кейіннен уйгу/юйгу/юйгур/йоғур/сарығ ұйғыр/сары ұйғыр аталған этнос қалыптастады.

Қытай дереккөздері қазіргі Ганьсу өңіріндегі сары ұйғырлар (йоғурлар) мекеніне түркілердің алғашқы тобы V-VIII ғ. Селенгі бойынан, екінші тобы Ұйғыр қағанатының күйреуіне байланысты IX ғ. орта тұсынан – X ғ. басы аралығында келіп, қоныс тепті деп көрсетеді [10]. Ал сары ұйғырлардың өздерінің аңыздары бойынша олар Цзюцюань (бұрынғы Сучжоу) таулы қыраты маңына батыстан Сиджо Ходжо (Турфан оазисіндегі қазіргі Ходжо қыстағы маңы) және Цяньфутун (Дуньхуана маңындағы Мыңшұңқырдан) келген. Олай болса, сары ұйғырлардың (йоғурлардың) қалыптасуына ұйғырлардың басынан кешкен бірнеше көштерінің легі қатысты деуге болады: 1) V-VIII ғ. Селенгі бойынан жылжыған көне көш; 2) IX ғ.-X ғ. қырғыздардан жеңіліп, босқынға ұшыраған ұйғырлардың көші; 3) XIII ғ. кейін Турфан өңірінен келген жаңа көш. Жаңа қоныста йоғурлар 300 жылдай өмір сүріп, XI ғ. алғашқы ширегінде таңғұттардың шапқыншылығына ұшыраған дербес хандық құрады.

Қытай тарихшылары Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін оның құрамында болған тайпалардың негізінде 847-849 жылдары Шығыс

Тянь-Шань алқабында және Ганьчжоу, Ляньчжоу (қазіргі Ганьсу) өңірлерінде дербес хандықтар пайда болғанын, Ганьсудағы хандық ХІ ғ. 30 жылдары (1036 ж.) таңғұттардың шапқыншылығынан құлағанын, ал ХІІІ ғ. алғашқы онжылдығына дейін 400 жыл бойы дербес өмір сүрген Турфандағы мемлекет моңғол шапқыншылығынан кейін (1209-1369 жж.) моңғолдардың вассалына айналғанын айтады [11].

Кейбір қытай ғалымдары сары ұйғырлардың ата тегін тарихта хойху деген атпен қалған түркі тайпасының бір тармағы – сарыбас хойхулардан тарата келіп, қазіргі сары ұйғыр этносы сарыбас хойхулардың замана тезінде өзімен тығыз қарым-қатынасқа түскен басқа да көптеген ру-тайпа, ұлыстардың мидай араласуы, ассимиляциялануы барысында қалыптасты деп біледі. Мәселен, Чын Зұң Жын: «Сары ұйғыр деген атау қытай тілінде жарияланған тарихи еңбектерде, басқа да ғылыми зерттеулерде әртүрлі аударылады. Сары ұйғыр этнонимі жайлы оннан астам көзқарас бар. Олардың ішіндегі тарихи тұрғыдан біршама негізделген пікір бойынша, сары ұйғырлар көне тайпа – хойхулардың ұрпағы. Сұң патшалығы кезінде сарыбас хойху/хұйху, Юань және Миң патшалығы кезінде салуу немесе салиуу деп аталған тайпалардың барлығы қазіргі сары ұйғырлардың ата-бабасы саналады», – дейді [12, 6-7].

Сары ұйғыр этносының өкілдері де өздерінің ата-бабалары қазіргі атамекендеріне Моңғолия аумағынан көшіп келгенін, миграциялық процестің өте ауыр болғанын және көші-қон үдерісінің Қытай территориясына келгеннен кейін де (ішкі миграция) жалғасқанын айтады. Сары ұйғырлар өміріндегі тарихи атамекенінен ауа көшудің ауыртпалықтары мен ата-жұртқа деген сағыныштың куәсіндей шерлі өлең жолдары халық жадында әлі де сақталып қалған. Мәселен, сары ұйғырлардың «Сычықаджы» деп аталатын халық әнінің мәтінінде атамекенінен айрылған халықтың мұңы мен зары сипатталады, әннің сазы да мұң мен сағынышқа толы, қазақтың «Елім-айын» еске түсіреді («Сычықаджы» әнінің мәтіні сары ұйғыр этносының өкілі, мәдениеттану ғылымының докторы, профессор ХыУей Гуангтың айтуы бойынша жазылып алынды. Ляньжоу қаласы. 22.09.2012):

Uoŷiriniŋ kiseler artin ojdand getti,  
Siċiniŋ qadŷidan mawip getti.  
Kŷsleni, qojlerni qajdu getti,  
Sariċini men mŷni in-in getti.  
«Йоғыр халқы (кісілер) ойдан кетті  
Сычықажыдан ауып кетті  
Қиналды, қойлардай айдалып (қуылып кетті)  
Сары іңгенмен бірге ыңыранып (ың ың деп) кетті».

Сары ұйғырлардың халық әніне арқау болған Si'ciqadzi «Сычық-аджы» топонимі Тұрфан оазисіндегі Сиджо Ходжо атауымен сәйкеседі деуге негіз бар.

Ұйғырлардың бір тобының Шығыс Түркістанмен жалғасып жатқан Тұрфан аймағынан Ганьсу өңіріне қарай қоныс аударуы Х ғасырда ислам дінінің Тұрфан аймағына таралуына дейін аяқталған сияқты. Себебі Тұрфан ойпатындағы Өртеңген тау өңірінде орналасқан манихей ескерткіші — Мыңшұңқыр ғибадатханасының төбесі мен қабырғаларындағы адам бейнесіндегі киелі мүсіндердің (суреттердің) өшірілуін ғалымдар ислам дінінің Тұрфан ұйғырлары мен дүнгендер арасына таралуымен түсіндіреді. Ислам дінін қабылдап үлгермеген ұйғырлардың бір тобы Ганьсу өңіріне қоныс аударғаннан кейін өздерінің манихей дінінен айрылып, жергілікті тайпалар ұстанып отырған будда дінін қабылдағаны сөзсіз.

Түркілік дүниетанымның негізі — Тәңірлік сенімді ұстанған сары ұйғырлардың будда дініне енуі олардың тибет жазуын қабылдауымен қатар жүрді деуге болады. Тибет жазуына дейін олар соғды графикасына барып саятын ұйғыр жазуын пайдалануы мүмкін. С.Е. Маловтың 1910 жылы Сучжоу маңынан 1687-1688 жылдары және 1702 жылы жазылған ұйғыр қолжазбаларын тауып алуы, йоғурлар арасында ұйғыр жазуы XVIII ғ. басына дейін ғибадатханаларда ғана қолданылды деген ойға жетелейді. Өйткені түркітілдес йоғурлардың ауызекі сөйлеу тіліне мүлдем жанаспайтын көнеұйғыр әдеби тілін негізінен будда дін басылары мен монахтар қолданған болуы ықтимал. Тибет ықпалының дін саласында біртіндеп күшейе түсуі салдарынан тибет жазуы көне ұйғыр жазуын ығыстырып шығарды. 1949 жылға шейін, тіптен онан кейін де (1958 жылға дейін) хат танитын, сауатты йоғурлар (түркітілдес және моңғолтілдес) өз тілдеріндегі ертегі-аңыздарды, ән-жырларды, шаруашылық есеп-қисаптарды т.б. қағазға түсіру үшін тибет жазуын пайдаланды. Чэнтан болысындағы қытай тілді йоғурлар негізінен иероглифті қолданды. Сары ұйғырлар 1958 жылдан бастап қытай жазуын пайдаланады. Жалпы сары ұйғырлардың жазба дәстүрінің негізі көне түркі руникасынан бастау алады.

Бірнеше ру-тайпалардан тұратын йоғурлардың этникалық құрамы да күрделі. ХХ ғасырдың орта тұсына дейін рулық құрылымға негізделген басқару жүйесін сақтап келген йоғурлардың этноқұрамы әрқайсысы бірнеше ясәндардан (яс (ан) < моңғ. 'сүйек; тек; ру'), яғни ұсақ рулардан құралған отоктардан (< моңғ. отог «ең шағын әкімшілік бөлініс») тұрады. Отоктардың бірігуінен құралған топ «ұлық ұлыс» деп аталады.

**(Жалғасы келесі санында).**



**Әсемгүл ЖҰМАҒҰЛОВА,  
PhD**

# Түркі жазуы – қазақ тарихының асыл мұрасы



Қазақстанның жазба тарихында түркі жазбалары айрықша орынға ие. Өркениеттің бастауы саналатын қазақ жазба тарихының тамыры терең жайылған. Орхон-Енисей, Талас және жалпы көне түркі жазу ескерткіштері қазақ халқының сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді.

Түркі терминінің VI ғасырда пайда болғаны баршамызға тарихтан белгілі. Көне түркі жазуы – түркітілдес халықтардың алғашқы әріптік жазуы. 1893 жылы Дания ғалымы В. Томсен алғашқылардың

бірі болып, Орхон-Енисей жазуларының оқылу «кілтін» тауып, кейінгі зерттеушілерге жалғастырып зерттеуге мүмкіндік берген. В. Радлов Орхон мен Енисей өзендерінің бойынан табылған көне түркі ескерткіштерінің орыс тіліне аудармасын жасаған.

Ең алғашқы табылған түркі жазуы ескерткіштері Білге қағанға және Күлтегінге қойылған құлпытастардағы жазу болып табылады. Күлтегін ескерткішін оның ағасы Білге қаған қойғызған. Ескерткіште мынадай тарихи маңызы бар сөздер жазылған: «Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды, қара терімді ағыздым. Жалаңаш халықты киіндірдім, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым.»

Елбасының салиқалы саясатының нәтижесінде ұлттық идея, патриотизм, ана тілі, қазақ тарихы сияқты өзекті мәселелер ешқашанда назардан тыс қалған емес. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұлан-байтақ Еуразия даласының нық кіндігінде көне түркілердің ұлы империясы дүниеге келді, ол империя кейін мына шеті Қытайдан басталып, ана шеті Византияға тіреліп жатқан алып кеңістікті бағындырып алған қуатты мемлекеттік бірлестіктерге айналды. Сол уақыттардан бері біздің бабаларымыз Солтүстік Еуразияның төсінде, мекен-тұрағын ауыстырмай ғұмыр кешіп келді, қазір біз де тап сол өңірде өмір сүріп жатырмыз» - деп айтқаны баршамызға мәлім.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің бастамасымен Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығына орай 2015 жылы 21 мамырда Тараз қаласында «Түркі жазбалары мен мәдениеті күндері» атап өтілді. Осыған орай Тараз қаласындағы Ы. Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйінде «Қазақ хандығы мен түркілердің рухани мәдениеті: тіл және тарих» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Алғашқылардың бірі болып, Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің Тіл саясатын талдау және мониторинг басқармасының басшысы Толқын Исақова құттықтау сөз сөйледі. Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің ректоры, ф.ғ.д., профессор Ерболат Саурықов «Этногенез және көне түркі жазба ескерткіштері» жайында баяндамасын жасап, конференцияның жұмысын жүргізді. Конференция барысында Кеңес Одағы кезінде зерттеуден тыс қалған тың тақырып — түркі жазуы көпшілікке насихатталып, көне жазудың қазақ тарихындағы ерекше орны атап көрсетілді.

Түркі жазуының әлі талай қырларының ашылып, зерттелмегені ақиқат. Конференцияда Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Әзірбайжан мен Қырғызстаннан келген атақты ғалымдар түркі

әлеміне ортақ түркі жазбаларының тарихына үңілді, түркі жазбаларына қатысты өз зерттеу нәтижелерін ортаға салып, көпшіліктің талқылауына салды. Әртүрлі ұсыныстар айтылып, қатысушылар мен тыңдаушылар арасында қызу пікірталас жүргізілді және қатысушылар ғылыми жаңалықтармен бөлісті.

Конференцияға Қазақстанның атақты түркітанушы ғалымдары Қ. Еркөбек, Р. Досжан, Н. Базылхан, Қ. Молғаждаров, О. Бекжан, Ш. Бекмағанбетов, Қ. Сартқожаұлы және тарихшы ғалымдар Б. Байтанаев, Б. Кәрібаевтар және зиялы қауым өкілдері қатысты. Қырғыз Республикасы ұлттық ғылым академиясының профессоры И. Абдувалиев, Әзербайжан ұлттық ғылым академиясының профессоры Т. Шахбазов, К. Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университетінің профессоры Т. Садықов, Қырғыз Республикасы ұлттық ғылым академиясының профессоры Р.Қоңырбаева баяндама жасады. Атап айтар болсақ, К. Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университетінің профессоры Т. Садықов «Түркиядағы тіл саясатының сабақтары» тақырыбын қолға алып, Түркия Республикасының құрушысы Ататүріктің латын алфавиті реформасының нәтижелеріне тоқталды. Әзірбайжан ұлттық ғылым академиясының профессоры Т. Шахбазов Әзірбайжан мен Қазақстанның жалпы түркі мәдениетіндегі сабақтастығын, тарихы мен қазіргі уақыттағы рөлін салыстыра отырып, баяндады. Қырғыз Республикасы ұлттық ғылым академиясының профессоры Р. Қоңырбаева «Кодекс куманикус» көне түркі жазба ескерткішіндегі сөздердің грамматикалық өзгешеліктеріне тоқталды.

Көне түркі жазба нұсқаларында тасқа қашалған «Түркі бектері мен халқы, мұны естіндер! Қандай сөздерім бар болса, соларды мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды көріңдер, ұғыңдар» сияқты сөздердің келер ұрпаққа берер үгіт-насихаты мол. Түркі жазу мәдениетін жас ұрпақтың санасына сіңіріп қана қоймай, осы жазбалардың маңыздылығы мен қажеттілігін көрсете отырып, Отанға деген патриоттық сезімді насихаттап, өз ана тілін құрметтеуге шақырады.

Көрші түркітідес мемлекеттерден және Қазақстанның әртүрлі облыстарынан келген қонақтар Тараз қаласының әсемдігіне тәнті болып қана қоймай, олардың тарихтан сыр шертетін «Айша бибі» кесенесін, «Қарахан», «Тектұрмас» сияқты Тараздың тарихи орындарын тамашалау сәті түсті. Аталмыш іс-шара концертпен жалғасын тапты. Түркі мәдениеті күніне арналған концерт «Ақкербез» би ансамблінің «Шаттық» биімен басталып, «Алатау» фольклорлық ансамблі атақты күйшілердің күйлерін көрерменге ұсынса, ҚР мәдениет қайраткері, республикалық «Жас қанат», халықаралық «Азия дауысы», «Дисовери» байқауларының лауреаты А. Жақсыбаев,

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, республикалық, халықаралық конкурстардың «Бас жүлдегері», лауреат Е. Жаңабергенова, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі А. Мұздаханова және т.б. өнерпаздар өнер көрсетті.

Түркі жазулары — тек қана қазақ халқы үшін ғана емес, барлық түркітілдес халықтар үшін маңыздылығы жоғары тақырыптардың бірі. Профессорлар мен ғалымдар конференция барысында түркі жазуына қатысты өзекті мәселелерге тоқталып қана қоймай, өз ұсыныстары мен шешімдерін көпшілікке жеткізді. Әсіресе, жас ғалымдардың осы іс-шарадан алатын тәжірибелері білімдерін толықтыра түсетіні ақиқат. Сонымен қатар жас ғалымдардың түркітану саласына деген құлшынысын оятты. Ғылым мен өнер ұштасқан отырыс көпшіліктің көңілінен шықты.

Аталмыш іс-шара қазақ халқы мен түркітілдес халықтар арасындағы ынтымақтастықтың нығаюының алтын көпірі іспеттес. Бауырлас мемлекеттерде осындай іс-шаралардың жалғасатыны айдан анық.



**Дандай ЫСҚАҚ,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор**

## ОРТАҚ ӘЛІПБИ МӘСЕЛЕСІ

*Қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынов: «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмбағы. Негізгі дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы» (А. Байтұрсынов. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. «Ақиқат», 2014, №5, 3-бет) – деп, айқындапты.*

**М**әселеге осы тұрғыдан келіп, қазақ әліпбиі туралы пікірін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы» – деп, түйіндепті.

Әліпби «дыбыс не буын жүйелі жазудағы графикалық таңбалардың

дәстүрлі ретпен тізілген жиынтығы» (Қазақ совет энциклопедиясы. 1-том, Алматы, 1972, 310-бет), «Жазуда қолданылатын әріптердің белгілі бір тәртіппен орналасқан жиынтығы» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. Алматы, 2006, 447-бет), «жеке дыбыстық элементтердің символдық таңбалары арқылы сөздердің дыбыстық келбетін бейнелейтін таңбалар жүйесі» (Ғ. Қалиев. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005, 49-бет), «тіл дыбыстарының жүйелі түрде таңбаланған кестесі» (Г. Қортабаева. Латын әліпбиіне көшсек... «Таң-Шолпан», 2014, №3) тұрғыда анықталып жүр.

Жалпы жазу, сызу өнерінің дамуы — адамзат қоғамы дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Әлемдік өркениеттер осы жазудың пайда болған кезінен бастау алады десе де болғандай. Адамзат баласының дами түсуіне түркілік өркениетімен үлес қосқан көк түріктің ұрпақтары осыдан 1500 жылдай бұрын сына жазуларын, яғни 35 әріптен тұратын әліпби ойлап тауып, әлемдегі ең көне жазба ескерткіштердің бірінен саналатын Орхон-Енисей жазбаларын қалдырды.

Еуразия құрлығында емін-еркін өсіп-өнген көк түріктің ұрпақтары өзін қоршаған көптеген елдермен мәдени тығыз қарым-қатынастарда болып, оларға түрлі салаларда ықпал етумен бірге өзіне керектілерін ала білді. Міне, осындай алыс-берістердің барысында, түрлі тарихи жағдайлардың әсерімен бабаларымыз түркілік сына жазуларынан басқа көне ұйғыр, соғды, қытай, тибет, настури-сурани, манихей, брахми, пассапа, печенег, құман, ибрани, грек, армян, славян, араб, латын, кирилл әліпбилерін қолданған (Е. Қуанышбаев). Түркі өркениетінде алфавит мәселесі. Соңғы ХХ ғасырдың өзінде-ақ қазақ халқы әліпбиін 3 рет өзгертіп, араб, латын, кирилл жазуларын қолданып келіпті. Шындығына келсек, осылардың барлығы да қазақ халқының ырқы, болмаса, қазақ тілінің мүддесі тұрғысынан емес, жат жұрттардың саяси мақсаттары үшін жүзеге асырылған. Қазіргі жер бетіндегі қазақтар үш түрлі жазуды қолданады. Қазақстанда кирилл, Қытай, Ауғанстан қазақтары араб, Өзбекстандағы, Түркіменстандағы, Түркиядағы қандастарымыз латын графикаларын пайдаланады. Сонда бір қазақтың үш түрлі әліпбиді қолдануы ұлтты іштей жікке бөліп, ұлттық дамуға, ұлттық тұтастыққа кері әсерін тигізуде.

Ал мәселеге түркілік ауқымда келетін болсақ, мұнда да тура осындай жағдай. Әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан түркі халықтары қазір тұрып жатқан мемлекеттері қолданатын араб, кирилл, латын әліпбилерімен сауатын ашып, жазуын жазып, білімін алып, тіршілік жасауға мәжбүр. Тіршілігін жасап жатқаны жақсы ғой. Бірақ та... Мәселенің барлығы осы «бірақ та» жатыр. Алфавиттің алуандығы бүгінгі заман күн тәртібіне шығарып отырған түркілік

тұтастыққа сызат түсіреді. Керек десеңіз, бір-бірінен ажыратып, аражігін ашып, бір-бірімен жау қылып жіберуге дейін баруда.

Өкінішке орай, осындай процесс қазір жүріп жатыр. Мұның ақыр соңы негізгі топтан ажырап, алыстап кеткен бөлшек тобырларды біртіндеп, алдымен, тілінен, рухани құндылықтарынан айырып, соңынан ұлт ретінде жер бетінен жоғалып кетуіне алып келмей қоймайды. Тарихтың ащы сабағы — осындай. Бұдан шығудың, яғни түркітөктес көптеген халықтардың ұлт ретінде жойылып кетпеуінің бір ғана жолы бар. Ол жол — түркілік бірлік жолы.

Түркі төктес халықтардың рухани бірлігіне ортақ тіл, сол ортақ тілдің ортақ әліпбиін жасау арқылы қол жеткізуге болады. Түркілік ортақ әліпби жасау мәселесі өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бастап көтеріліп, талқылана бастады.

1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында талқыландырылған негізгі мәселенің бірі осы еді. Әліпби бойынша баяндаманы А. Байтұрсынов жасап, бұл мәселенің оңай шешіле салмайтын күрделі жақтарына назар аударды: «Түркі жұрттары әліпби түзейміз десе, бәрі қосылып, бір әліпби түзе алмайды; өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әліпби жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліпбидің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір әліпби түзеу деген мәселені — бір әліпбиді негізге алып, түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі негіз боларлық әліпби керек; сол әліпбиді қарастырып табуымыз керек» (А. Байтұрсынов. Әліпби тақырыпты Ақметтің баяндамасы. Кітапта: «Алаштың тілдік мұрасы». Алматы, 2009, 78-79 беттер). Міне, Ахмет айтқан ортақ әліпби жасаудың проблемалары күні бүгінге дейін өз шешімін таппай, күн тәртібінен түспей келеді.

Бұл саяси, мәдени маңызы бар мәселені шешу оңайға түспейтінін сол кездің өзінде-ақ «Солай болған соң, әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл — ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстің қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе» (сонда, 29-бет) — деп ескерткен де екен.

1926 жылы Баку қаласында өткен түркітанушылардың бірінші құрылтайында Нәзір Төреқұлов «Түркі жазуларына унификация керек. Өйткені, бәрі бірдей сөйлейді, бірақ әртүрлі жазады» (Стенографический отчет 1 пленума ВЦКНТА. Баку, 3-7.06.27. Москва, 1927, 117-бет) — деген мәселе көтерген. Шындығында да, түркі халықтары-

ның тілдік қоры бір болғанымен де әліпбилерінің түрліше болып, түрліше жазуы олардың арасындағы рухани қарым-қатынастарды алшақтата түскен.

Араб халқы жиырмадан аса елде өмір сүріп, әр елде өзінше сөйлейді. Оның басты себебі араб тілі әрқайсысы жеке тіл дерлік негізгі Мағриб, Египет-Судан, Сиро-месопотам, Аравия, Орта-Азия диалектілер тобы сияқты үлкен бес диалектіге бөлінеді. Бұлардың әрқайсысы ары қарай тағы да іштей тарамданып кете береді. Сондықтан да араб әлемінің шығысындағы Ирақтың арабы мен батысындағы Мағрибтық (Марокконның) бір-бірімен сөйлескенде, еркін түсінісе алмай, едәуір қиындықтар туындайды. Өйткені, әр елде, аймақтарда, негізінен, жергілікті тілдер — диалектілер қолданылады. Ал жазу, оқуға келгенде, ешбір кедергі жоқ. Өйткені, арабтың әдеби тілі (Құранның тілі) барлық арабтарға ортақ: барлық араб елдерінде мемлекеттік тіл, барлық ресми ісқағаздар, оқу-тәрбие, білім-ғылым араб тілінде. Сонда әрқайсысы бір-бірімен туыстас тілдерде сөйлейтін араб тектес этностардың басын біріктіріп, бір ұлт қылып ұйыстырып тұрған бәріне бірдей ортақ араб әліпбиіне негізделген ортақ әдеби араб тілі болып тұр. Бұған жету оңай болған жоқ. Ортақ араб әліпбиіне негізделген ортақ араб тілі қалыптасу барысында бір жарым мың жылдық ұзақ күрес жолдарынан өтті. Осы мысалдың өзі-ақ түркі тектес халықтардың басын рухани жағынан біріктірудің бірден бір жолы, ортақ әліпбиге негізделген ортақ тіл екендігін дәлелдеп тұрған жоқ па?

Тағы бір мысал, қытай тілі бір-бірін түсінбейтін үлкен-үлкен жеті диалектілік топты құрайды. Бұлардың әрқайсысы диалекті деп аталынғанымен де әрқайсысы қазақ, қарақалпақ, қырғыз деген сияқты жеке тілдер дерлік. Сонда осы түрлі тілдерден, ұлттардан бір қытай тілін, ұлтын жасап тұрған қытай жазуы, иероглиф болып тұр. Барлық қытайлықтарға ортақ әдеби, ресми тіл ретінде Пекин диалектісі алынған. Бүкіл қытай тектес ұлыстар осы ортақ жазудың, яғни иероглифтің арқасында бір ұлт болып, ұйысып отыр.

Бұл жерде ескеретін тағы бір мынадай жағдай бар. Қытай диалектілерінің арасы тым алшақ; тіпті кейбіреулерінің арасы 90 пайызға дейін басқаша болғандықтан бірін-бірі мүлдем түсіне алмайтындай жағдайда. Олар ортақ иероглифті әрқайсысы өз диалектінде, яғни өз тілінде түрліше оқығанымен де бір мағынада ұғынады. Қытай тіліндегі бір ұғымның жазылуы бір де әр диалектіде оқылуы, айтылуы басқаша. Осы сияқты себептерден Қытай телеарналарының хабарларында экранда міндетті түрде иероглифтік жазу қоса беріліп отырады. Сонда экран алдында отырған әртүрлі диалектіде сөйлейтін көрермен хабардың кейбір сөздерін толық түсінбегенімен де жазуды оқып, ұғынады.

Иероглифтері, әртүрлі ұғымдарды бейнелейтін таңба-жазулары ұқсас болғандықтан да қытайлар мүлдем басқа тіл саналатын жапон, корей тілдерін де белгілі бір дәрежеде оқып, түсіне алады.

Отаршылдық кезінде жеке ұлт ретінде кирилицаның негізінде жеке-жеке әліпби жасап алған ортаазиялық түркі тектес республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін латын жазуына көшу барысында да бір-бірімен жақындасу мәселесі күн тәртібіне өткір қойылды. Осындай мақсатпен ақылдасу ретінде бірнеше басқосулар болып өтті.

Атап айтқанда, 1991 жылы Стамбулда өткен тіл ғалымдарының жиынында, 1992 жылы 29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Бішкекте өткен Түрік республикалары мен Түрік мемлекеттік құрылымдары Білім министрлігі өкілдерінің 2-ші халықаралық конференциясында, 1993 жылы 8-10 наурыз аралығында Түрік іскер топтары мен Даму агенттігі (ТИКА) ұйымдастыруымен Анкарада өткен 5 тәуелсіз түрік республикаларының өкілдері қатысқан «Әліпби мен емле мәселелері» атты халықаралық конференцияда, 1993 жылы 21-23 наурызда Анталияда өткен «Түрік мемлекеттерінің достық, бауырластық және ынтымақтастығы» тақырыбындағы құрылтайда, т.б. түрлі деңгейдегі жиындарда талқыланып, нәтижесінде 34 әріптен тұратын жалпытүріктік әліпбидің жобасы ұсынылды.

Жаңа әліпбиге Әзірбайжан 1991 жылы 25 желтоқсанда, Түркіменстан 1993 жылы 12 сәуірде, Өзбекстан 1993 жылы 2-қыркүйекте көшті. Түркі халықтарының барлығына ортақ, әмбебап әліпби ұсынылғанымен де бұлар жаңа әліпбиге көшу барысында негізінде 1926 жылы түркітанушылардың бірінші құрылтайында Бакуде жасалынған нұсқаны басшылыққа алғанымен де іс жүзінде әрқайсысы өз жолымен кетіп, жақындаса түсудің орнына өзіндік ерекшеліктерін сақтап қаламыз деп, ортақ алфавиттен алшақтай түскен. Мысалы, ұсынылған түркілік ортақ әліпбиден алшақтық екі әріп болса, Түркімендегі 30 әріптің ішіндегі 7-і өзгеше. Ал өзбектер керісінше ағылшынның 26 әрпін сол күйінде еш өзгеріссіз ала салған (Азер Хасрет. Мы ошиблись, вы не ошибайтесь. Почему бы Казахстану не перейти на общетюркскую латиницу? 31703720137 <http://www.azerhasret.com/?p=3542>) Сөйтіп, түркі халықтарының латын алфавитіне көшуіндегі алғашқы тәжірибелері көңіл көншітпейді; ортақ әліпбиге, ортақ тілге көшудің тарихтың өзі алдымызға әкеліп ұсынған бір мүмкіндігін пайдалана алмай, қолдан жіберіп алдық.

Осы жерде Ресей Федерациясындағы татарлардың латын графикасына көшуге әрекет жасағанын айта кеткен жөн.

1999 жылдың қыркүйек айында Татарстанның президенті Мінтемір Шаймиев «Латын графикасына негізделген татар алфавитін қалпына келтіру туралы» заңға қол қойды. Татарстанның Мемлекеттік Кеңесі

қабылдаған қаулыда заңды іске асыру 2001 жылдың қыркүйегінде басталып, 2011 жылдың соңына қарай аяқталатын болып белгіленді. Бірақ Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасы 2002 жылдың 15 қарашасында «Ресей Федерациясы халықтарының тілі» туралы заңындағы Ресей Федерациясындағы мемлекеттік тілдердің барлығы «кириллица негізіндегі алфавитті (орыс алфавитінің әріптерін) қолданады» деген тұжырымға сүйене отырып, бұл қаулыны заңсыз деп тапты. 2004 жылдың ақпанында Татарстанның Мемлекеттік Кеңесі орыс Конституциясындағы әр республиканың өзінің мемлекеттік тілін белгілеуге құқы бар деген бапқа сүйеніп, ал алфавиттің сол мемлекеттік тілдің бір құрамдас бөлігі екендігін алға сала отырып, Ресейдің Конституциялық сотына шағым түсірді.

2004 жылдың 16 қарашасында Ресейдің Конституциялық соты Мемлекеттік Дума қабылдаған заңда конституциялық нормалардан ешқандай ауытқушылық жоқ деген шешім шығарды. Сөйтіп, татарлардың латын жазбасына көшпек болған талпынысы осылайша жеңіліс тапты. Мұның аяғы Мәскеудің нұсқауымен Қазан университетіндегі татар тарихы факультетінің жабылуына ұласты.

Бұл оқиғалар Ресейдегі саны жағынан ең көп түркі тектес халық саналатын, қоғамдық сана-сезімі басқаларға қарағанда жоғарылау татар халқының ұлттық намысына ауыр соққы болып тиді. Татарстан Республикасы аталатын мемлекеттік саяси құрылымы бар татарлардың өз жерінде отырып, ұлттық мәселелерін өздері шеше алмайтындығына, барлығы да Кремльге барып тірелетіндігіне көз жеткізді. Бұл оқиға тек татарлардың ғана емес, осы елде тұратын этникалық азшылықтардың барлығының да ұлттық намысын қорлаған, сонымен бірге Ресей Федерациясы билігі ұлттық саясатының бетпердесін де ашып берді.

Осы бағыттағы біраз мәселелер латынға көшуді енді қамдастырып жатқан Қазақстан мен Қырғызстанның қандай бағытты ұстануына байланысты болып отыр. Бұл елдер де жеке тәуелсіз елміз, өз ісімізді ешкімді араластырмай өзіміз шешеміз деп, түркілік бірліктің емес, тек ұлттың жолымен ғана кетсе, ортақ әліпбидің, ортақ тілдің ауылы алыстай түспек. Ал егер бұл екі республика әліпбилерін ортақ жоба негізінде жасап, оған сол ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қатысты кейбір дыбыс-әріптерді енгізумен ғана шектелсе, бұған кейін Түркия осы күнге дейін қолданып келе жатқан әліпбиін осы негізде жетілдіре түсіп, қосылса, сонда ғана барып бұл бағыттағы ізденістер мен күрес тоқтамайтын болады.

Тәуелсіздік алғалы бері әліпби мәселесі Қазақстанда күн тәртібінен түскен емес. Бұл туралы жиырмасыншы ғасырдағы аса көрнекті түркітанушылардың бірі Рахманқұл Бердібай былай деп

жазды: «Бұл күндері түркі халықтары үш алфавитті — араб, латын және кириллицаны қолданып жүр. Алдағы кезде үш алфавиттің біреуіне, атап айтқанда латыншаға көшу — түркі халықтарын рухани бірлестірудің ең қажетті жолы деп білеміз. Кириллицаға өткен соңғы елу жыл ішінде бұл алфавиттің сәтсіздігінен түркі халықтары бірінің жазуын екіншісі түсінбейтін халге жетіп, аралары алыстай түсті. Бұл алфавит біздің тілдік ерекшеліктерімізге қолайлы келмейтінін өмірдің өзі көрсетті» (Р. Бердібай. Ататүрік және түркі бірлігі. «Айқап», 2013, №4).

Түркі халықтарының арасындағы бауырластық, ынтымақтастық, достық, бір сөзбен айтқанда, түркі бірлігі бағытында жұмыс жасап жатқан Түркі кеңесі мен Түркі академиясы да осы бір аса маңызды ортақ мәселеге ерекше мән беріп, бірсыпыра жұмыстар атқарып келеді. Түркі бірлігінің негізі рухани құндылықтардың ортақ жазуда жазылуының маңызы зор екендігіне назар аударып, түркі халықтарының барлығына да бірдей әліпби жасау мәселесін көтеріп, қолға алып отыр.

«Қазақстан — 2050» стратегиясында «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл — ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туады»- деген тұрғыда алдағы уақыттарда латын жазуына көшу міндеті алға қойылды. 2012 жылдың желтоқсанында, жаңа жыл қарсаңында отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «Латын қарпі бізге дүние жүзінің халқымен, әлемнің ғылым-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл — келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуға тиіспіз. Бірақ бұл мақсатқа біз үлкен сарабалдықпен, байыптылықпен келуіміз керек», — деп атап көрсетті. Сонымен, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру рухани өміріміздегі елеулі оқиғалардың бірі болғалы отыр.

Қазақстан жағдайында латын әліпбиіне көшу мәселесі тәуелсіздік алғалы бері дүркін-дүркін көтеріліп, әсіресе, соңғы он жылда күн тәртібінен түспей келеді. «Қазақстан — 2050» стратегиясында ел алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі ретінде алға қойылғаннан соң, бұл мәселе ерекше қарқын алып, латын жазуын енгізудің саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани, техникалық,

психологиялық сияқты жақтарын ғылыми-қоғамдық сараптамадан өткізу шаралары жүрді. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің теориялық, практикалық жақтарын талқылаған түрлі жиындар, баспасөз беттерінде пікіралысулар ұйымдастырылды. Рухани жағынан әркелкі қазақ қоғамында да түрліше пікірлер бой көтерді. Латын әліпбиіне көшуді көпшілік қолдағанымен де оған қарсылар да шығып, өз дәлелдерін ұсынып, пікірталас қыза түсті.

Тоқсан ауыз сөздің соңын атақты түркітанушы академик Әбдуәлі Қайдаридың мына бір пікірімен түйіндегіміз келеді: «Енді, орхонға немесе төте жазуға неге көшпейміз деген мәселеге келсек, тек қаріп ауыстыру, былайша айтқанда, бір таңбаның орнына екінші бір таңбаны алуда емес, қазақ жазуының әліпбиін өзгерту арқылы туған тіліміздің табиғи ерекшеліктерін (мәселен, дыбыс құрамын, буын жүйесін, риторикасын, орфография және орфоэпия жүйесін) сақтау қажеттілігінде болып отыр. Сонымен бірге, жазу алмастыру тек тіл саясатымен байланысты шаруа ғана емес, экономика мен демографиялық жағдайға да, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени мәселелерге де, тіпті еліміздің демократиялық үрдісіне де қажеті зор мәселе. Айталық, басқа туыстас түркі халықтары латын жазуына көшіп жатқанда, қазақтардың олардан бөлектеніп орхон немесе төте жазумен жалғыз қалып қоюы — бүкіл түркі қауымдастығынан, олардың рухани-мәдени өмірінен қол үзіп, оқшаулануымен бірдей болып шығады. Сондықтан, бізге орхонға көшейік, төте жазуға оралайық деген ешкімге қажеті жоқ ұсыныстар төңірегінде пікірталасты қайта қоздатып, өрбіткеннен гөрі, Елбасы айтқандай, латыншаға көшудің барлық мүмкіндіктерін қарастырып, кешеуілдетпей бір тоқтамға келетін уақыт болды деп есептейміз. Қазақ елі таңдаудан да, талғаудан да өткен сияқты. Енді тек латын әліпбиіне уақыт ұттырмай көшу жөнінде, яғни латыншаға қалай өтеміз, қандай үлгі-жобаларға басымдық берілуі керек деген мәселелерді ауызбірлікте жүзеге асырсақ, үлкен абырой болар еді» (Ә. Қайдари. Латын әліпбиі ауызбірлікті күшейтеді. «Егемен Қазақстан», 2013 жыл, 14 ақпан).

Сонымен, негізгі ойымызды түйіндей айтар болсақ, латын әліпбиіне көшу — қазіргі жаһандану барынша қарқын алып, ұлттық тілдерге, мәдениеттерге қауіп-қатерді күшейтіп тұрған кездегі заманның ұлт алдына қойып отырған басты талабы. Біз жаңа әліпбиге көшу арқылы ғана жат сөздермен барынша былғанған тіліміздің түркілік болмысын, бұзыла бастаған заңдылықтарын қалпына келтіріп, туысқан түркі тілдерімен табиғи түрде жақындай түсіп, сонымен бірге әлемдік өркениетке де жақындай беретін боламыз.



**Қасиет КАКЕНҰЛЫ,  
филология ғылымдарының докторы,  
доцент,  
«Көкше» академиясының профессоры**

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЛЕШЕКТЕГІ КЕМЕЛ ЖАЗУЫ

*Елімізде жаңа қазақ әліпбиіне көшу мәселесі 1990 жылдан басталғанымен, жаппай қоғамдық тұрғыда белең алуы, ол – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұлу жылғы Тәуелсіздік күнімізге орай (14.12.12) «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан кейін десек орынды шығар.*

**Ш**ыны керек, әлемдік дағдарыс пен бақталастық саясаттың өршіп тұрған кезінде және жас тәуелсіз мемлекетіміздің алдында талай қыруар істер тұрғанда «жаңа қазақ жазуына қолымыз жетпей қала ма, саяси тұрғыдан қолдау таппаймыз-ау» деп жүрген қайраткерлеріміздің Елбасы міндеттеген тапсырмасынан кейін,

қуаныштары қоныштарына сыймай, білек сыбана кірісіп, келешек Қазақ елі үшін өте маңызды іс екендігін сан мәрте баспа беттеріне жазып та, арнайы телеарналардан айтып та, түсіндіріп те келеді. Әрине, қандай үлкен істерде болмасын сын көзбен, сақтықпен, түсінбестікпен қарайтын оң-теріс пікірлердің қалыптасуы заңдылық. Зерттеп қарасам, бұқаралық ақпарат тарату көздерінде (теледидар, газет-журнал, ғылыми жинақтар т.б.) жаңа әліпбиімізге қатысты әртүрлі көзқарастағы негіздер мен даулы мәселелер біршама орын алған. Мәселен, жаңа әліпби мәселелеріне қатысты мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттерінің пікірсайыстарында, ғылыми конференция материалдарында, газет-журнал беттері мен телеарна бағдарламаларында қазақ тілі мен әдебиетінен беретін ұстаздар, зейнеткерлер, сенаторлар, мәдениет пен қоғам қайраткерлері, журналистер мен әдебиетшілер, лингвист және информатик-программист мамандар, шетелдегі қандастарымыз бен елімізде тұрып жатқан басқа ұлт өкілдері тағы басқа көпшілік қауым өз ұсыныстары мен көзқарастарын, қуаныштары мен өкпе-наздарын, парасатты ойлары мен ескертпелерін ортаға салып, талқыдан өткізіп, том-томдап білдіруде. Тіпті «Хабар» телеарнасынан өтіп жатқан «Жігіт сұлтаны» сайысында да жаңа әліпбиге қатысты нұсқалық жобасын ұсынған үміткер де болды (27.04.2013 ж. сағат 00:45-те). Бірақ жаңа қазақ әліпбиін жасаушылар мұрындық болып, нүктесін қоятындар тілші-фонолог ғалымдар мен әлемдік дәрежедегі техниканың тіліне бейімдей алатын информатик-программист мамандардың болғаны жөн. Елбасы өз сөзінде мұны тілші мамандарға тапсырғанын білеміз. Мұны айтып отырған себебім, баспа беттеріндегі жаңа қазақ әліпбиіне қатысты айтылған теріс пікірлердің көбі «тіл мен таңбаны немесе дыбыс пен әріпті» шатастыруы салдарынан болып отыр. Сөздің айтылуы мен жазылу мәселесін айыра алмайтындардың пікір білдіруге құқы болғанымен, жөн сілтеп, кесірі тиетін, әсіресе, ғаламтор арқылы бекімеген дүбәрә әліпби жобаларын ұсынбағандары дұрыс (Аймағанов Ж.Н. [www.burabay.com](http://www.burabay.com)). Біз ылғи да көпшілік қауымға қазақ тілін, ана тілімізді өзгерткелі жатқан жоқпыз, тек шартты түрде жазуымызды, таңбамызды, әрпімізді, әліпбиімізді қазіргі жаһандану заманына сәйкес жаңартып, қисынсыз емле-ережелерімізді түзеткелі жатырмыз деп айтумен келеміз. Егер әлемдік ғаламтор мен техника тілі «кириллица» болғанда, онда басқа әліпбиге көшу мәселесі сөз болмай, тек кейбір әріптерге байланысты жазу емле-ережелерді қайтадан қарап, түзетулер енгізумен шектелуші ме едік? Өкінішке орай, олай емес. Бүгінде егеменді еліміздің болашағы үшін, әлемдік шеңберде дамуы үшін латын жазуы маңызды болып отыр. Сондықтан бұл істе баршамыз «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығаруымыз керек.

Жалпы латын жазуының таңбалары тарихи тұрғыдан сонау финикий, грек, көне түркі тағы басқа жазулармен байланысты екенін тіл тарихын зерттеуші ғалымдар жақсы біледі. Біз оның тарихи тереңдігіне бармай, көпшілікке түсінікті қазақ жазу тарихындағы латын жазуына қатыстысын сипаттап өтелік. Ең алғаш латынға көшу мәселесін XIX ғасырда иран ғалымы Малкомхан ұсынғанмен, иран жерінде мұны іске асыру мүмкін емес еді. Оны әзербайжан жазушысы Мирза Ахундов қолдаған, кейін 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қайта көтеріліп, Ағамаоғлы, Н. Наримановтар бастаған іс, негізінен, 1924 жылы Бакуде өткен конференциядан кейін Әзірбайжан елі латынға көшумен тынған болатын. Қазақстан латынға 1929 жылы көшкенімен арагідік толықтырулар мен өзгерістер болып тұрды. Мәселен, 1930 жылы бас әріптері бекітілсе, 1938 жылы алғашқы 29 әріп 34-ке (в, и, ф, ю, я) жетті. Одан әрі 1940 жылы 10 қарашада Кеңес Одағындағы халықтардың бәрі дерлік бірыңғай кириллицаға көшкен еді. Бұл жазуға да толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, (Қазақстанда) 1957 жылы ғана 42 әріп болып нүктесі қойылды. Жалпы қай жазуды алып қарасақ та, мейлі өткен кезеңдегі болсын, қазіргі көшіп жатқандары (Әзірбайжан, Гагауыз, Өзбекстан, Түркіменстан) болсын, қабылданған әліпбиге толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп тұрады. Мысалы, 1993 жылғы қабылданған жаңа өзбек әліпбиінің іске асырылуында толықтырулар мен өзгертулер қажет болғандықтан президентінің жарлығымен нүкте қою мерзімі 2005 тен 2010 жылға ұзартылғанын, Әзірбайжан 10 жылдан кейін 2001 жылы 1 тамызда толық көшкенін білеміз. Сонымен қатар әр ұлттың әліпбидегі әріптік саны да біркелкі емес. Мысалы, 1940 жылғы кириллицаға көшкен – өзбек тілінде 35 әріп, ұйғыр мен қарақалпақ тілдерінде 41 әріптен, қырғыз тілінде 36 әріп, түркімен тілінде 38 әріп, қазақ тілінде 42 әріп. Сол сияқты 1993 жылғы көшкен әзірбайжанның жаңа әліпбиінде 32 әріп пен бір апостроф, өзбекте 26 әріп пен үш әріптік тіркесті графема болып әртүрлі қалыптасқан. Ал бізде газет-журнал беттерінде берілген жаңа латын әліпбиінің әріптік саны 26 мен 36 аралығында ұсынған жобалар бар. Солардың барлығын мұқият қарап, талдаулары мен түсініктемелерін оқып шықтым. Соның ішінде кейбір әріптерді таңбалаулары ойға қонымды болғанымен, жалпы қазақстандықтар үшін жарамсыз болып отыр. Ал, Ж. Аймағановтың ғаламторға жеке меншіктеп алған қазақ әліпбиін енгізуі өте қате. Ертеңгі күні нақты бекітілген жаңа әліпби қолданысқа енген кезде, ала-құлалық, шатастыру зияны бел алып, кедергі болатыны сөзсіз. Сондықтан үкімет тарапынан мұндай істерге қатаң түрде тыйым салынғаны жөн. Егер «Бас-басына би болып», әркім өзінің әліпбиін интернет арқылы ұсынып жатса, масқараның көкесі сонда болмақ. Дәлен

Кішкентайұлының арнайы зерттеп көрсеткеніндей, «қазақ» сөзінің ағылшын-латын таңбасында 25 түрі жазылғаны сияқты дүбәра күйге түсетініміз анық (Ана тілі. №41).

Негізінен, кириллицаның жартысынан астамы — латын әріштері. Латын әліпбиі б.з.д. VII ғасырда 21 этрусстік символдан пайда болып, б.з.д. I ғасырда Грецияны жаулап алғаннан кейін бұған 2 әріп қосылып, б.з. 100 жылы қазіргі күні қолданылып жүрген 23 әріп қабылданған (Л.Қ. Шотбақова «Көмекші тарихи пәндер». Қарағанды, 2003. 11-б.). Жазу тарихының бер жағынан алып қарасақ, көне грек жазуының нұсқасына негізделген кириллица — ежелгі славян әліпбиі. Яғни, тек орыс халқынікі ғана емес, украин, беларус тағы басқаларға да тиесілі. Кириллица деп аталуы — славян жазуының негізін салған Константин Кирил есімімен байланысты екендігі белгілі. Кириллица әліпбиі Ресейге X-XI ғасырларда христыян діні арқылы енгізілді. Ал түркі халықтарына енгізу мерзімі латыннан бұрын 1861 жылы көтерілген. Осы жылы миссионер Н.И. Ильминский кирилл әліпбиін ұсынып, қазақ тілі мен әдебиетін кириллицамен жазды. Кейін В. Радлов, Ы. Алтынсариндер де қолдап, еңбектерін жазғаны белгілі. Алайда осы жазудың нүктесі тек 1940 жылы ғана қойылғаны жоғарыда айтылды. Сонымен 1929 жылы 29 қаңтарда арнайы қаулымен қабылданған латын әліпбиін былай қойғанда, орта ғасыр жазба мұрасы «Кодекс Куманикус» атты қыпшақ тілінің жиілік сөздігі де көне латын әрпімен жазылған. Сонда латын әліпбиі үшінші рет қазақ жазу тарихынан бой көрсетпекші. Елбасымыздың «Бір кездері тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз» деуі осыны меңзесе керек. Сонымен қазақ халқы бір басынан бірнеше жазу түрлерін өткерген. Мысалы, көне түркі руника жазуы мен көне ұйғыр жазуын былай қойғанда, ислам діні арқылы орныққан араб жазуы 1924 жылға дейін, А. Байтұрсыновтың араб емлесіндегі «Төте жазуы» 1929 жылға дейін, 1940 жылға дейін латын жазуы болса, 1940 жылдан бүгінгі күнге дейін кириллицамен жазып келеміз. Мұндай өте қысқа мерзімде жасанды саясаттың әсерінен 16 жыл ішінде үш рет жазуымыздың өзгертілгені бізге сабақ болу керек. Осыған қатысты Елбасы бір сөзінде саяси күшпен, еріксіз қабылданған жазуға қарсы екендігін айта кеткен болатын. Ал енді осыны екінші бір қырынан байқап көрсек, ол — дүние жүзінде тап осындай күрделі жазу тарихы бар, 16 жыл ішінде 3 рет жазуы өзгертіліп, соны мойымай көтере де меңгере білген ұлы қазақ халқымен тең келер ешбір ел жоқ екенін мақтанышпен айтуымызға да болады. Егер түркі халықтарының жазуына арналған «Түркі полиграфиясы» жазылған күнде, соның ішінде ең күрделісі де маңыздысы болып қазақ жазу тарихы орын алатындығына еш күмәнім жоқ.

Енді көпшілікті мазалап жүрген сауалдардың бірі — латын негізіндегі жаңа қазақ жазуы қандай болмақ? Қандай жақсылықтары бар, ұтатынымыз не және кемшіліктері қандай дегенге келер болсақ мынадай:

Біріншіден, кириллица жазуы — (Ә. Жүнісбек айтқандай) орыс-қазақ әліпбиі. 1957 жылдан бастап, бір дыбысты 2 әріп болып дауысты и, у мен дауыссыз й, у қалыптасқан болатын. Содан бері «қыйын, жыйын, тыйын, сыйпат, мый т.б.» деген сөздерді «қиын, жиын, тиын, сипат, ми» деп қате жазып келеміз. Бұдан басқа да кемшін тұстары жеткілікті. Бір қызығы кірме сөздерді қазақ тілінің табиғи заңдылығымен жазсақ өрескел бір қате болып көрінеді де, ал орыс пен ағылшын тілінде қазақ сөздерін жазғанда әзер танысың, қытай тілінде басқа сөз түгіл өз атыңды мүлде тани алмайсың. Бірақ солай бола тұрса да, ол тілдерде бәрі заңды сияқты да, ал қазақ тіліне келгенде қате болып көрінеді де тұрады. Шындығында, біздің жазуымыз ағылшын тіліндегідей өте күрделі емес. Мысалы: ағылшын тілінде «look-лук, Carol-Кэрэл, home-хоум, purple-попил, white-уайт, girl-гел, four-фо, duck-дак, goat-гәут, thank-сәнк, eat-ит» тағы басқа осы сияқты толып жатқан күрделі оқу мен жазу ережелерінен аяқ алып жүре алмайсың. Бірақ ағылшын тілі қаншалықты қиын болса да, өмірдің қажеттілігінен болу керек, орыс тілді қазақтар болсын, қазақ тілді қазақтар болсын еш қиынсынбай үйреніп жатқаны баршамызға мәлім. Ал латын негізіндегі қазақ әліпбиі оның жанында үйренуге өте жеңіл болып келеді. Сондықтан сыныққа сылтау іздемей-ақ, жаңа латын әліпбиіне көшу керектігін құптауымыз керек. Жалпы кириллицамен орыс тіліндегі кез келген сөздер сауатты және тіл заңдылығына сәйкес жазылса, қазақ сөздері не сауатты, не тіл заңдылығына сәйкес жазылмайды. Онымен қоса, ең сорақысы мектеп қабырғасынан бері өтірік жазылған теориялық ережелерді оқушыларға жаттатқызып, жаздыртып келеміз. Кейін есейгесін оқушы немесе студенттердің бірі неге олай? деп қойған сұрақтарына жауабын біле тұра, қипақтап, саяси астарын жасырып, «кезінде солай болып кеткен ғой» деп тағы жалған сөйлейміз. Мысалы: 1. «Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді» деген ереже бар. Қараңыз, келеді: қиын, сиыр, қиямет, қою, жиын. 2. «Сөзді тасымалдағанда дауысты дыбыстан басталатын буын келесі жолға тасымалданбайды» дейміз. Бұл да қате ереже. 3. Буынға бөлген кезде де осындай қателерге тап боламыз. 4. Кейбір әріптердің айтылуы дұрыс болса да, жазғанда қате жазамыз. Мысалы: «айуу, ойуу, ійіу т.б.» деп жазылу керек, бірақ «аю, ою, ию» деп қате жазамыз. Негізінен тілімізде қате жазылып жүрген И, У және Я, Ю, Ё, Ц, Ч, Щ, Э, Ы таңбалары бар сөздер жаңа жазуда шешімін табатын болады. Мысалы: сипат —

сујпат (сыйпат), қиын — қујуп (қыйын), ки — kij (кіі), и — ij (іі), қиямет — қујамет (қыйамет), ұят — wјat (ұйат), ащы — aschy (ашшы), тану — тануу (тануу), күйю — kwhju (күйіу), тыю — тујуу (тыйыу) деп курсив нұсқаларындай жазылуы керек. Егер латынға көшсек, осы сияқты көптеген қателерден арылатын боламыз. Ал дыбысы жоқ жуан-жіңішкелік Ъ, Ь белгілері қазақ сөздері үшін қажет емес. Бірақ орыс тілінде оқитындар үшін жуан-жіңішкелік белгісі бар сөздерді `апостроф белгісімен жазуды ұсынамыз (Кестеге қараңыз). Біз жаңа әліпбиімізді тек қана қазақтарға немесе орыстарға немесе немістерге деп Қазақстанда тұратын әрбір ұлтқа жеке-жеке жасамауымыз керек. Кириллицаны қалай қолданып келеміз, сол сияқты жаңа латын негізіндегі қазақ әліпбиін де барлық қазақстандықтар үшін жасауымыз керек.

Жалпы бүгінгі таңдағы жаңа әліпбиімізді таңдауымыз — ерікті елдің, тәуелсіз мемлекеттің өзіндік бір белгісі, даму жолындағы стратегиясы, әлемдік бағыт-бағдары. Оның басы-қасында жаңа қазақ әліпбиіне көшу мәселесіндегі көшбасшымыз — тұңғыш президентіміз Елбасы Н.Ә. Назарбаев тұр. Қай елде болмасын егемендігін алып, жаңадан қалыптасып келе жатқан жас мемлекеттің сан-салалық, ұшан-теңіз, күрделі мәселелері жеткілікті. Айтар болсақ: экономика, сыртқы қорғаныс, ішкі саясат, ауылшаруашылық, білім және ғылым, мәдениет, медицина, әлеуметтік, қоғамдық, техникалық, күнделікті іс-шаралар мен сыртқы-ішкі кездесулер, мемлекеттің жалпы дамуына басшылық жасау, жол сілтеу, жоспар құру тағы басқа осы сияқты толып жатқан үлкен істерге бір адамның назарында болып, басшылық етуі ақылға сыймайды дейміз. Міне, сондай үлкен маңызды да жауапты істің бірі — жаңа қазақ әліпбиіне көшу мәселесіне де Елбасы қолдау көрсетіп, көшу керектігін айтып қана қоймай, «2025 жылы Қазақстандағы қазақтар ғана емес, тұтас халықтың 95 пайызы мемлекеттік тілді игеретін болады. Осы кезде латынға жеңіл көше аламыз» деп болжамын да жасаған. Сонымен қатар бұл істі кешіктірмей, өз ойынан шығатындай мамандарға тапсырма берді. Яғни, келешектегі кемел әліпби көп ұлтты қазақстандықтарға арналған болу керек. Өйткені қоғамда «тек қазақ тілді қазақтар ғана» латынға көшеді деген пікірдің орынсыз екендігін және «қазақ екіге бөлінеді» деушілердің жан айқайын түсіне отырып, ондай мақсатта жаңа қазақ әліпбиі жасалмауы тиіс және оған ешқандай жол берілмеуі керек деп ойлаймын.

Жасыратыны жоқ, мүмкін әлі ерте шығар, әлде қазақстандықтарға арналған әліпби дайын емес пе екен, неге екені белгісіз осы уақытқа дейін ешбір ақпарат көздерінен нақты әліпби нұсқасы берілмеген. Әйтеуір, бір жерде 70, бір жерде 100-ден астам жаңа әліпбидің нұсқалары бар делініп, комиссия солардың ішінен 5-ін таңдап алып,

қарап жатыр деген сияқты мәліметтер баспа беттерінде жазылып жүр. Арнайы сайланған комиссия тұрақты болып, жоспарлы жұмыс жасап, көпшіліктің ұсынған жобаларын жан-жақты талқыға салып, уақытында және дәлелді түрде дұрыс-бұрысын айтып, барша халыққа жария етіп отырса, өте жақсы болатын еді. Шындығында, туыстас түркі елдері өз ұлттық әліпбиін қабылдарда Қазақстаннан қазақ ғалымдарын шақыртып, комиссия мүшесі етіп қабылдады ма, ол жағын білмедім. Алайда қазақ ұлтының жаңа әліпбиін қабылдауда комиссия мүшесінде қырғыз, өзбек, әзербайжан елдерінен фонолог мамандар болмаса да бар. Менің ойымша, комиссияда тек қазақстанның тілші-фонологтары мен информатик-программистері болғаны дұрыс сияқты.

Келесі бір мәселе, ол — жаңа әліпбидің авторы болу-болмауына байланысты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері — Ту, Елтаңба, Әнұранның авторлары бар емес пе?! Сол сияқты жаңа қазақ әліпбиінің де авторы болған дұрыс. Осы мәселе бойынша түн ұйқысын төрт бөліп, қате, кемшілік кетпесін деп қазақ елі үшін, әліппесі үшін еңбек етіп жүрген ғалымдарымыз бен қайраткерлеріміз бар. Аты жоқ нәрсенің соңы не болатынын жақсы білеміз. Өз басым «авторы болмау керек» дегенге қосылмаймын. Себебі, біріншіден жұрттың бәрі тілші-фонологтар емес, екіншіден авторы болмаған соң, жауапкершіліксіз қаралады, ешкімнен нақты талап ете алмаймыз. Тіпті ақыр соңы не болары белгісіз, не басы, не аяғы жоқ сағыздай созылып қай жылға барып тірелетіні және бұл тапсырманың іске асу-аспауы да екіталай болуы мүмкін. Үшіншіден, түрік халқының тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ата Түрікті «1928 жылдың маусым айында латынға көшу туралы бұйрық шығарып, қараша айында көшіп біткен» және «Стамбулдағы Халық паркіне үлкен қара тақта қойдырып, халықты латын қарпімен жазуға үйреткен» деп дерек ретінде де, керек ретінде де мақтап айтып жатамыз. Бірақ, авторлық жағын айтпаймыз. Біз ең бірінші өз туған еліміздің патриоты болуымыз керек. Сол себептен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті де жаңа қазақ жазуы жайлы ойын, жоспарын қандай дәрежедегі мәжілістерде болмасын айтып келеді және латынға қалай көшіру керектігі де жоспарланып, «...2025 жылы латынға көшуіміз керек» деп тапсырма мерзімін де айқындап берді. Комиссия ұсынған әліпбиді бірден «2 әріптің астын сызып, компьютердің түймепағанында жоқ» екенін байқап ескертсе, күнбе-күн назардан түсірмей оны бақылап отырса, онда біз авторлардың бірі ретінде президентімізді неге айтпасқа?! Қазақ жазу тарихында А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтар әліпбидің жеке авторлары ретінде танылғаны белгілі. Қысқасы, ұжым болсын, ұжымдық топ болсын немесе жеке бір адам болсын әліпбиді жасаушы

және оны қазіргі заманауи техникаға бейімдеуші авторлары болу керек. Қазіргі заман — техниканың тілі дамыған заман екенін білеміз. Әсіресе, латын жазуына көшуге жастардың құлшынысы басым десем, артық емес. Студенттер арасында өткізілген сұхбатта, жастар дайын екендігін сеніммен айтып отыр. Студенттерді былай қойғанда, мектеп оқушыларының пікірлері де латын әліпбиіне көшуді қолдайды. Яғни, келешек ұрпақ үшін латын әліпбиін меңгеру қиындыққа соқпайтыны анық. Бұл — қоғамдағы үлкен факторлардың бірі. Келесі фактордың бірі ол — ғаламтор арқылы әлемдік ақпараттануда еш кедергісіз, еркін және жылдам түрде қазақ тілінің орын алуы. Ал ол — латын жазуы арқылы іске асатын дүние. Сондықтан да, бұл жерде тілші-фонолог мамандар жаңа әліпбиді жасауда информатик-программистердің пікірімен санаса отырып, бірлесіп жұмыс жасаулары қажет. Сонда ғана толыққанды және еш кемшілігі жоқ әліпби болатыны сөзсіз. Ең маңыздысы жаңа әліпби барлық қазақстандықтарға арналып жасалынуы тиіс.

Алғашында көне түркі руника жазуын, «төте жазуын» және осы қолданылып жүрген «кириллицаны» өңдеп, түзетулер енгізіп қолдансақ болады деген пікірлер болды. Бұл жазулардың бүгінде қоғам пікірталасында тиімді емес екендігі анықталған соң, күн тәртібіндегі жарыссөзде жоқ. Ал латын жазуына көшу туралы әртүрлі көзқарастағы пікірлер айтылуда. Соның бірі, биылдан бастап латынға көшуге дайынбыз десе, бірі — ЭКСПО — 2017-ге дейін көшу керек, енді бірі бізден бұрын көшкен елдердің тәжірибесін жинақтап, қате, кемшіліктерін біліп, асықпай көшкенді жөн көріп отыр. Ал кейбір ғалымдарымыз «жазу мәселесінен хабары жоқ адамдар да жазып жатыр» деп ренішін білдіреді. Біз теріс пікір берушілерге деренжімеуіміз керек, олар — тілші ғалымдар емес. Керісінше, қоғамда түсінбейтін адамдардың барын білдік, енді соларға арнайы жазып түсіндіруіміз қажет. Оның өзі — біз үшін үлкен жұмыс, үлкен міндет және бұл іс — барша қазақстандықтарға арналған нақты жаңа әліпби бекігенше және бекіткеннен кейін де жалғасын табатын нәрсе. Шындығында, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшелігін, грамматикасын, жазу тарихын және компьютердің жұмыс істеу технологиясын білмейтін адамдардың мақалаларынан кемшіліктер кетіп жатады. Дегенмен, олардың әліпби ауыстыру мәселесіне немқұрайлы қарамайтындығын өз басым жақсы қабылдаймын.

Сонымен жаңа латын жазуына көшу барысында атқарылатын шаралар жөнінде айтар болсақ мынадай:

Біріншіден, тәжірбиелі мамандар (тілші-фонолог, информатик-программист) бірлесе отырып, барлық ұсынған латын әліпби жобаларын зерделеп, жаңа әліпби нұсқасын жасап шығару керек те,

эксперимент ретінде телеарналардан тікелей эфир және баспа беттері арқылы қабылданғалы тұрған қазақ халқының жаңа әліпбиін міндетті түрде қарапайым халыққа таныстыру, түсіндіру шараларын жүргізу қажет. Егер осыдан кейін халық арасында ешқандай дау тумаған жағдайда, Елбасы еш күмәнсіз бекітетіні анық.

Екіншіден, Елбасы бекіткеннен кейін, авторлары тарапынан жаңа әліпбиге сәйкес емле-ережелері жасалынып, оқулықтары шығуы керек.

Үшіншіден, жаңа әліпбиді оқытатын оқытушылар дайындалып, олар жергілікті жерлерде мектеп, балабақша, жоғары оқу орындары, кәсіп орындары, әкімшілік т.б жаппай мекемелерде «Жаңа әліпбиді оқыту» курсы жүргізулері қажет. Мұның басқа да қаржыландыру, ұйымдастыру сияқты жақтары құзырлы орындарға жүктелуі тиіс.

Төртіншіден, жаңа әліпби негізінде оқулықтары дайын болған соң, қай тілде болсын балабақша мен 1-сыныптан бастап оқытыла бастауы керек, олар бітіріп шыққанша 12 жыл өтеді.

Бесіншіден, көшедегі, жол бойындағы жазулар, әртүрлі мекемелер мен сауда орталықтары т.б маңдайшадағы жазулардың бәрі жаңа әліпби қабылдаған сәттен бастап, ауыстырылуы керек және мұны қадағалайтын тіл орталығы мен әкімшілік тарапынан жүзеге асырылуы керек.

Алтыншыдан, Республика бойынша жергілікті жерлердің барлығында ісқағаздары мен заңды құжаттар бекіткен жаңа қазақ әліпбиімен жүргізілуі тиіс.

Жетіншіден, Қазақстан телеарналары мен баспа беттерінде күнделікті латын әліпбиі жайлы оқыту үлгілері қайталанып, бірнеше рет берілуі қажет.

Сегізіншіден, мектепте басқа сыныптардың барлығына және жоғары оқу орындарының жоспарларына пән ретінде енгізіліп, оқытылуы тиіс.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған негіз ұсыныстарды ескере отырып, жаңа әліпбиге көшу үрдісін іске асыруға әбден болады. Онда толық деп айтпасам да, біршама іске жарамды ойларды негіз етіп алады деген ойдамын. Сонымен қатар, ұсынылған ойлар мен әліпби нұсқалары келешек еліміздің жаңа жазуына септігін тигізетіндігіне еш күмәнім жоқ.

Келесі маңызды істердің бірі, шетелде жүрген қаңдастарымызбен ғаламтор арқылы қарым-қатынасымыздың күшеюіне мүмкіншілік туады және туыстас түркі елдерімен де тығыз байланыста боламыз. Түрік елінде тұратын қазақтар түріктерден бөлек өз латын әліпбиін жасап, қолданып жүр. Ал түріктер 1928 жылғы әліпбиінде жазып келеді. Мысалы, Түрік латын әліпбиінің үлгісі: *Barış Bey, işine her sabah*

8'de gidiyor. O, bir okulda öğretmendir. Barış Bey, öğle yemeğini okulda yiyor. Evde hiçbir şey yapmıyor. Çünkü çok yorgundur. Yalnız gazete okuyor, radio dinliyor. Barış Bey, cumartesi ve pazar günleri okula gitmiyor. Çünkü okul kapalıdır. Cumartesi ve pazar günleri evde oturuyor, kitap okuyor, resim yapıyor (Türkçe öğreniyoruz 1. Ankara, 1990).


Түркия қазақтарының латын әліпби үлгісі: Reseydiñ Orta Aziyağa jönelui men bul jerdeği Türk Musulman halkın bağımdılığınıñ astına alui XIX ğasırdıñ ekinşi jartısında edi. Bul orayda 1855 jılı Osmanlı jâne Batis odaktarına karsı Kırım soğısında auır bir jeñiliske uşırauınıñ röli iken edi (Evraziya etyudi. Ankara, 1995). Бірақ бұл жазуды толығымен Қазақстан үшін қабылдай алмаймыз. Онда да өзіндік ерекшеліктері бар. Сол сияқты қытай, түрік, герман т.б елдердегі қазақтар латын жазуынан хабарсыз емес. Олардың да біздің латын жазуына көшкенімізді қалайтындығын баспа беттеріндегі мақалаларынан байқаймыз және германия, қытайда тұратын қандастарымыздың да ұсынған әліпбилері бар. Соңдықтан олардың ұсынған әліпбилерін толықтай қабылдамаса да, кейбір ұсыныстарын ескерген жөн тәрізді. Мәселен, Қытай қазақтары 1983 жылы латыннан А. Байтұрсыновтың төте жазуына көшкен еді. Енді олар да жаңа латын жазуына көшуге ниет білдіруде. Қазақ елінің жаңа латын әліпбиі осындай болса екен деген жобаларын да ұсынады (Біздің үлгі 33 әріптен тұрады. Ана тілі газеті. 2007. 21. 06. №25). Жалпы жаңа латынға көшу — шет елдегі қандастарымыздың да ақпараттық қарым-қатынас жасауда сүбелі еңбек етері анық.

Қорыта айтқанда, барша ел жаһандануға бет бұрған кезде латын графикасына көшу, біріншіден еліміздің алға қарай дамуындағы басты қадамы, екіншіден егер латынға көшсек, кеңестік-тоталитарлық саясаттың кесірінен тілімізге жөнсіз енгізілген басы артық, жат жұрттық кірме дыбыстар мен әріптерден және қажетсіз де қате ережелерден ада боламыз. Үшіншіден, жер шарының жартысынан астамы латын әріпінде жазады, яғни ғаламтор арқылы ақпараттану көзі кеңейеді, электрондық ақпарат кеңістігіне кең қанат жаяды және елімізде ағылшын тілін оқып меңгеруде де біршама жеңілдік болады. Ең бастысы Елбасының халыққа жолдау жоспары бойынша 2025 жылы латын әріпінің негізіндегі жаңа қазақ әліпбиіне көшкеніміз дұрыс болар. Мүмкін, жаңа әліпбиге көшу — көрсетілген мерзімнен ертерек не одан кештеу бола ма, ол жағы бір аллаға аян. Алайда қайткен күнде де латын негізіндегі жаңа қазақ әліпбиіне көшкеніміз жөн және көшкен жағдайда қазақ тілі халықаралық сипат алатыны сөзсіз. Сөз соңында тағы айтарым, менікі ойға ой қосу мақсатындағы жеке өз пікірім және ұсынған жобаларым — келешек кемел жазуымызға септігін тигізіп, нақты шешім жасауда пайдаға асып жатса болғаны.



**Орынғазы ӘБУТӘЛІП,  
филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент**

# Қазақ күнтізбесінің қалыптасуы



Қазақ тілінде басылып шыққан алғашқы календарь 1899 жылы Орынборда «Календарь для киргизов – Қазақ үшін календарь» деген атпен жинақ түрінде жарық көрді. Бұған дейін ерте кезде бақырдан жасалған, кілемдер мен түскиіздерге кестеленген немесе оюланған бірен-саран мүшелдік күнтізбелер мен жылдың он екі айға, төрт маусымға бөлінетіндігін көрсететін күнтізбелер жүйесін қолданған. Сауаты бар қазақ есепшілері күнтізбе туралы Омар Хайямның парсы тілінде жазылған кітабын, Ұлықбектің шағатай тілінде жазылған кітабын, XVIII-XIX ғасырларда жазылған «Рузнәме и Дәрендәуи» (Рузнәме – Күнделік кітап (календарь)) атты кітабын пайдаланған.

ран мүшелдік күнтізбелер мен жылдың он екі айға, төрт маусымға бөлінетіндігін көрсететін күнтізбелер жүйесін қолданған. Сауаты бар қазақ есепшілері күнтізбе туралы Омар Хайямның парсы тілінде жазылған кітабын, Ұлықбектің шағатай тілінде жазылған кітабын, XVIII-XIX ғасырларда жазылған «Рузнәме и Дәрендәуи» (Рузнәме – Күнделік кітап (календарь)) атты кітабын пайдаланған.

Тоқсаныншы жылдарға дейін қазақ тілінде календарь сөзі аталады. Ал байырғы қазақ қоғамында күн қайыру деп те аталған. Қазақ халқының рухани мұрасын жинап, түсінік беріп отырған данагөй Мәшһүр Жүсіп қазақ қауымында салнама деген кітаптың болғандығын айтады [1, 418 б.]. Салнама — календарь ұғымын білдіретін парсы сөзі. Мұндай дерекке қарағанда қазақ есепшілері парсы, араб румие күнтізбе жүйесімен жақсы таныс болған. М.Жүсіп румие күнтізбесіне байланысты мынадай дерек берген: «Орысша — июль, арабша — Сыд, румие есебінде тамыз дейді. Қазақтың: «Сарша тамыз» — деп жүргені — сол. Румие есебі: 1. Азар, 2. Нысан, 3. Аяр, 4. Хызыран, 5. Тамыз, 6. Аб, 7. Июль, 8. Шырын уани, 9. Шырынтаны, 10. Кәфін әуел, 11. Қанын таны, 12. Шыбат. Ескендір Зұлқарнайыннан қалған — он күн бұрын жүргізеді [1, 418 б., 56 б.].

Мүшел есебі қазақ халық күнтізбесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Мүшел жыл қайыру есебі бойынша жүзеге асады. Жыл басы, яғни бірінші жыл тышқан болып табылады, екінші жыл — сиыр, үшінші жыл — барыс, төртінші жыл — қоян, бесінші жыл — ұлу, алтыншы жыл — жылан, жетінші жыл — жылқы, сегізінші жыл — қой, тоғызыншы жыл — мешін, оныншы жыл — тауық, он бірінші жыл — ат, он екінші жыл — доңыз. Осы он екі атаудың ішінде доңыз жылы қаракиік, ал ит жылы опадар деп те аталады. Тақуа мұсылман доңыз жылын ит жылы деп айтуды лайық көрмей, доңызды қаракиік, итті опадар деп айтатын болған.

Байырғы қазақ қауымында адамның туған жылы он екі хайуанаттың бірімен аталған, мысалы, тышқан жылы туған баланың жылы тышқан болып есептеледі.

Он үш жыл бір мүшел болады, одан кейін он екі жыл қосылып, жиырма бес — екі мүшел, отыз жеті — үш мүшел, қырық тоғыз — төрт мүшел, алпыс бір — бес мүшел, жетпіс үш — алты мүшел, сексен жеті — жеті мүшел, тоқсан тоғыз — сегіз мүшел деп аталады.

Мүшел атауының қазақ әйелдері тілінде өзгеше айтылатын түрі бар. Бұл атау әйелдің күйеуінің туыстарының атын атамайтын дәстүрімен (табумен) байланысты. Мысалы: Мәшһүр Жүсіп [1, 418 б., 178-179 б.] он екі жыл атауын былай деп көрсетеді:

1. Жорғалауық — тышқан,
2. Әуке — сиыр,
3. Дінке — барыс,
4. Жырық — қоян,
5. Шолпетер — ұлу,
6. Ұзыншешей — жылан,
7. Тағдыр — жылқы,
8. Жандық — қой,
9. Ойнарқы — мешін,
10. Құс баласы — тауық,
11. Ноқай — ит,
12. Жертүртер — доңыз.

«Ақылға салғанда, қатындар қойған ат дұрыс. Ана тілінің асылдығы — осы» дейді [1, 418 б., 179 б.].

Жылдың ауысуын Мәшһүр ата Жүсіп Ұлу таққа мінді, Қоян құлады дейді [1, 418 б., 182 б.]. Бұл тіркесті Қоян шықты, Ұлу кірді деп түсінеміз.

Күн мен айдың қозғалысына тікелей қатысы жоқ, негізінен алғанда, ауа райы мен шаруашылық маусымдарына байланысты қалыптасқан күнтізбе жүйесі "азаматтық айлар" жүйесімен құрылады. Қардың еруі мен жердің көктеуі, өсімдіктердің толуы мен солуды, күн салқындап, аспанды сұр бұлттар қаптап, күздің басталуы, қар жауып, аяз бен боран кезектесіп, қыстың түсуі бүкіл халыққа мәлім болады. Сондықтан азаматтық айлар халықтың өмір тәжірибесіне жақын.

Сонымен толық мағынасындағы тұңғыш қазақ календары 1923 жылы Орынбор қаласында араб әріптерімен басылып шығарылды. Бұл күнтізбенің бірінші жолында «ит жылы бітіп, доңыз жылының басталуы 22 март» деп жазылған. Бұл күнтізбеде әрбір айдың екі түрлі атауы көрсетілген: январь — дәлу; февраль — хұт; март — хамал; апрель — сәуір; май — зауза; июнь — саратан; июль — әсет; август — сүмбіле; сентябрь — мизан; октябрь — ғақырап; ноябрь — қауыс; декабрь — жидді. Бұлай берілу себебін «айлардың бірінші атауы римше, екінші атауы ғарапша (яғни арабша)» деп көрсеткен.

Түркі тілдерінің ономастикасы өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап арнайы қарастырыла бастады десек те, бұл мәселеге орта ғасыр кезінде де ойшылдар көңіл аударып отырған: «Ономастика тюркских языков до 40-х гг. нашего столетия не было предметом специального научного исследования, хотя различные аспекты ее интересовали многих ученых еще в средние века. Так, в трудах ученых раннего средневековья — аль-Фараби (IX в.), аль-Бируни (X-XI вв.), средневековья — Дулати (XV в.), Бабура (XV-XVI вв.), Абу-ль-Гази (XVI в.) и других содержится много данных по топонимии, антропонимии, астрономии и космонимии, этнонимии тюркоязычных народов» [2, 14 б.].

Қазақ тіліне қатысты космонимдерді зерттеу Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен басталады деуге болады. Ғалым кезінде «Космогонимические понятия киргизов» деген мақала жазған болатын. Т. Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» атты еңбегінде қазақ космонимдері туралы алғаш сөз қозғағандардың қатарында Ш. Уәлихановпен қатар Г.Н. Потанин мен Ә. Диваевты да атайды [3].

Ономастиканың космонимдер саласы жалпы тіл білімінде ғана емес, қазақ тіл білімінде біршама зерттелді. Оған Х.А. Әбішевтің [4], Т. Жанұзақовтың [5], А.К. Құрышжановтың [6], К.М. Мұсаевтың [7], Н. Уәлидің [8], Д.К. Нұржанованың [9] және т.б. аспан әлемінің нысандарына қатысты жазған лингвистикалық еңбектерін атауға болады.

Көшпенділердің мәдениеті жөнінде орыс түркітанушылары да көп еңбектенген, көп зерттеген. Мәселен, Орта Азияның космонимдер жөніндегі зерттеулерде жұлдыз аттарына және оның өзбек,

ұйғыр, қырғыз, қазақ тілдерінде кейде бөлекше аталатындығына назар аударған. Көшпенділердің тұрмысы мен мәдениеті мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан, олар қойған жұлдыздың аттары да мал атауларымен байланысты. Бір жұлдыздар тобын әр халық өзінше көріп өзінше таниды. Одан барып олардың аттары да әртүрлі болып келеді. В.Л. Никонов та оны әр халықтың шаруашылық түрімен байланыстыра қарайды: «Не составляют единого излостного массива названия Млачного Пути, связанные с животными. Таковы его названия почти у всех горных народов Кавказа. И в Средней Азии у киргизов одно из его названий — Кой жолу "овечий путь" (К.К. Юдахин указывает его как третье). У туркмен он — Акмаянын Сюйди "молоко белой верблюдицы" — пока нет серьезных исследований, выясняющих происхождение этого космонима. Связанные с животными названия Млечного Пути едва ли родственны между собой. Видимо, они в отличие от рассмотренных массивов возникали независимо друг от друга не из одного источника, а сходство их обязано одиноковому хозяйственному укладу» [10, 294 б.].

Космонимдердің топонимдерден ерекшелігі, Е. Қойшыбаев көрсеткендей, бес қабатқа бөлінбейді. Олар, жоғарыда атап өткендей, тұрақты лексикалық бірліктерге жатады. Е. Қойшыбаев топонимдердің бір бірінен анық түрде ерекшеленетін, шекаралары белгілі мынадай бес қабатын көрсетеді:

1) древнейший слой, характеризующийся наличием элементов древних языков (тал, сал, гар, кан);

2) древний слой с тюрко-монгольскими, тюркоиранскими элементами языков (ал, ала, бай, бала, тогай, шар, кар, кок) и древними окончаниями (-ты, -сы, -ын, -ум);

3) тюркоязычный слой, отражающий в себе в основном признаки тюркских языковых семей с их различными признаками: йокающим, чокающим, докающим, жокающим и др.;

4) слой отражающий особенности современных тюркских языков: казахского, киргизского, алтайского, каракалпакского, башкирского, узбекского, уйгурского;

5) слой, отражающий русские топонимические напластования, который Э.М. Мурзаев называл «наиболее верхним слоем» [11, 5 б.].

Бұл жіктеуді космонимдерге қатысты қолдана алмаймыз. Өйткені топонимдер халықтың тарихынан дерек берсе, космонимдер ұлттық таным түсінігінен хабар береді. Ғылымның аспан әлеміне көңіл аударып, басқа ғылым салалары ғарышқа көз тіге бастаған кезде, тіл танушылардың да аспан әлеміне лингвистикалық талдау жүргізуге құштарлығы арта түскенін байқаймыз. Мәселен, жоғарыда айтып өткендей, бұрыналпысыншы жылдардың аяғына шейін ономастиканың топонимика мен антропонимика саласы көп зерттелсе, жетпісінші жылдан бастап космонимдер де көптеп зерттеле бастаған. 1978 жылы Мәскеуде жарық көрген «Ономастиканың мәселелері мен әдістемесі» атты жинақта бұл туралы былай делінеді: «Космические полеты

стократно увеличили общественный интерес к названиям небесных тел, а возмужавшая за последние два десятилетия отечественная ономастика попыталась его удовлетворить. Этим прежде всего и объясняется заметный рост числа исследований по астрономике за последние годы. В 1970-1976 гг. нами зарегистрировано 37 таких исследований»

Көне түркі ономастикасын қарастырған В.У. Махпиров географиялық атаулардың аспан әлеміндегі атаулармен аталуы халықтың көкке табыну наным-сенімінен шыққан дегенді айтады. Мысалы, ай көл, жұлдыз көл деген атаулар аспан әлеміндегі жарықтарға табынудан қойылған деген пікір білдіріп отырған [12, 108 б.] ғалым көне жер-су атауларын зерттей отырып, екеуі байланысты болғандықтан космонимдерге қатысты жанама пікір білдіріп кеткен.

Ал филология ғылымдарының докторы А. Суперанская 1990 жылы жазған «Наука и жизнь» журналындағы мақаласында күнтізбеге қатысты алғашқы орыс есімдерін талдайды. Бұл космонимдердің топонимдермен ғана емес, антропонимдермен де байланысы барын тағы бір дәлелдейді [13, 128 б.].

Қазақ тіл білімінде сексенінші жылдары космонимдерге мықтап назар аударған ғалым профессор Телғожа Жанұзақов болды. Ғалым жоғарыда аталған еңбегінде космонимдер мен зоонимдерге жеке тарау арнаған. Сондай-ақ онда жұлдыз аттарына тарихи-салыстырмалы талдаулар жүргізген. Мәселен, ғалым жеті қарақшы сөзі туралы мынадай салыстырулар жүргізген: «Жетикаракшы 'Большая медведица'. В тюркских письменных памятниках XI-XIV вв. это слов встречается в форме Йетиген (Замахшари); Иадиген (у Ю. Баласагунского); Иетиген (у М. Кашгарского); тат. Жидэгэн Йолдыз; башк. Етегэн йондоз; туркм. едиген, йедигенлер; каз. Жетіген (семиреченский диалект) кирг. Жети Аркар или Жетиген; чув. Сыччес уддур; якут. Аргас сулус (аргас 'затылок'). По мнению Б.А. Куфтина, Йетиген происходит от монгольского утыган 'медведь'. З.Б. Мухаммедова полагает: «Иедеген йеди + ик + ген = как бы 'усмиренный'» [14].

Түркітануда осы мәселені жеке алып зерттегендердің қатарына Н.Х. Максютованың [15], Ю. Неметтің [16], В.А. Никоновтың [17] еңбектерін атауға болады. В.А. Никонов Орта Азияның ғана емес, Волга жағалауы халықтарының да космонимдерін зерттеген. Ғалымның еңбегі 1978 жылы шыққан ономастика мәселелері атты ғылыми жинақта оң бағаланып аталып өтіледі [17, 194 б.].

Қазақ жыл қайыру тәжірибесін халықтық этимология тұрғысынан қарастырып, тілдік қолданыстағы «ай», «амал», «жұлдыз» атауларының бірінің орнына бірі айтылу себептерін анықтап, қазақ күнтізбесі жүйесіндегі кейбір ұлттық ерекшеліктерді арнайы зерттеген тілші ғалым Н. Уәлиұлының [18] тұжырымдары жұмысымызға арқау болып отыр. Сондай-ақ көне күнтізбе жүйесін қазіргі жыл санаумен байланыстыра қарастырып, күнтізбе жүйесінің қалыптасу тарихын диахронды тұрғыдан қарастырып жүрген ғалым Ә. Ахметовтың [19] еңбектері де маңызды.

Күнтiзбе жүйесi тiлдiк тұрғыдан емес, жалпы ғылыми (астрономиялық, этнографиялық) қырынан да кеңiнен зерттелiндi. Х. Әбiшевтiң, М. Исқақовтың еңбектерi күнтiзбе жүйесiнiң құрылу тарихы мен қалыптасу жолдарын зерттеуге арналған.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. II том. Павлодар, 2007. – 224 б.
2. Струве В.В. История древнего Востока. – Москва, 1941. – 457 с.
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы, 1984. Т. 4. – 431 с.
4. Әбiшев Х. Аспан сыры. – Алматы, 1980. – 245 б.
5. Джанузаков Т. Основные проблемы ономастики казахского языка // Автореф. ... док. фил. наук. – Алматы, 1976. – С. 107-118; Лексико-семантические особенности космонимов // Вестник Ан КазССР. 1978. №6. – С. 51-52.
6. Курьшжанов А. Исследование по лексике «Тюркского арабского словаря». – Алматы, 1970. – С. 76-223.
7. Мусаев К.М. Название дней недели в Западнокыпчакских языках // Советская тюркология. 1979, №4. – С. 32-38.
8. Уәлиев Н. Халқымыздың байырғы күн қайыруы // Ана тілі, 1992. № 11-17.
9. Нуржанова Д.К. Казахская космонимия // Этнография ... – М., 1974. – С. 234-239.
10. Никонов В.А. Материалы по космонимии Средней Азии // Ономастика Средней Азии. – Фрунзе, 1980.- 325 с.
11. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алматы, 1974. - 273 с.
12. Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – Алматы, 1990. – 158 с.
13. Суперанская А. ...руси и первые русские календарные ...// Наука и жизнь. 1990, №10. – С. 128-132.
14. Джанузаков Т: Развитие тюркской ономастики // Тюркологическая ономастика. – Алматы, 1984, – 243 с.
15. Максюттов Н.Х. Башкирская космонимия // Ономастика Поволжья. 3. – Уфа, 1973. С. 388-384; Тюркская космонимия // Ономастика Поволжья. – Саранск, 1976. – С. 283-285.
16. Немет Ю. Названия созвездий .. в тюркских языках // Вопросы тюркологии. – Баку, 1971. – С. 8-13.
17. Никонов В.А. Космонимия Поволжья // Ономастика Поволжья. 3. – Уфа, 1973. – С. 373-381.
18. Уәлиев Н. Халқымыздың байырғы күн қайыруы // Ана тілі, №3.
19. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995. – 143 б.



**Айтқұл ДОСПАНОВА,  
Қостанай облысы әкімдігі тілдерді  
дамыту басқармасы Тілдерді оқытудың  
облыстық орталығының оқытушысы**

## **Мемлекеттік тілді оқытуға әдістемелік жұме**

*Қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ұлы педагог Ахмет Байтұрсынов: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтық, яғни жалқаулық белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу, қажет болса жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп жазған еді.*

**Б**ұрынғы дәстүрлі сабақтарда мұғалімге, оқытушыға басымдылық берілсе, ал жаңа педагогикалық технологиялар бойынша

өткізілетін сабақтарда оқытушының негізгі көңіл аударатын жайы — ол әрбір тыңдаушының (ересек адамдардың) жеке қызығушылығы мен ынта-ықыласын ескере білу болып табылады. Егер оқытушы өз пәнін жақсы білсе, онда дұрыс әдісті де тиімді пайдалана алады. Сондықтан қазіргі жаңашыл педагог әдіс-тәсілдердің тиімдісін өз еркімен таңдайды. Бір сабақты бірнеше әдістерді пайдалана отырып өткізуге де болады.

Қазіргі жаһандану үдерісі (процесс глобализации) басталғалы тілдік қатынас мәселесіне, тілдерді тиімді оқыту амал-тәсілдеріне үлкен мән берілуде. Тіл тек тілдесу құралы ғана емес, ол — тіл иесі халықтың мәдениетін, ұлттық ерекшелігін білдіретін құрал.

Мемлекеттік тіл балабақша, мектеп, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында жалпыға бірдей міндетті білім беру талаптарына сай оқытылып, үйретіліп келеді. Ал аталған білім беру сатыларынан өткен, бүгінде қызмет атқарып жүрген мемлекеттік қызметшілерге (ересектерге) қазақ тілін деңгейлік жүйеде жеделдете оқыту — уақыт талабы. Оқытудың мазмұны тілді үйренушінің мақсатынан туындайды. Тіл үйренушінің басты мақсаты және арманы — сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезеңде тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт — ол тілді деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі алдыңғы қатарға шықты.

Мемлекеттік тілді оқыту мен меңгерудің әдістемесін жетілдіру мәселесі әлі күн тәртібінен түскен жоқ, әсіресе, кейінгі жылдары өткір қойылып отыр.

Екінші бір тілді шет тілі ретінде оқыту тәжірибесі пайда болғаннан бері адамзат баласы оны тиімді жүргізудің түрлі әдістері мен амал-тәсілдерін ойлап табу жолында ізденістер жүргізуде. Тілді оқыту әдісі үнемі бір орында тұрмайды. Ол заман талабына қарай өзгеріп, дамып отырады. Тілді үйрету деген кезде сол тілдегі мәтіндердің барлық түрін толық меңгеріп, терең талдау жасай алуға емес, қарапайым ғана қатысым деңгейінде меңгертуге қол жеткізу болып табылады.

Әдіс — белгілі бір ғылымның теориясын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру үшін, іс жүзінде қолданылатын іс-әрекеттердің жинақталған жүйесі.

Қандай болмасын әдістің бәріне тән ортақ қасиет: ол оның практика арқылы жүзеге асуы.

Мысалы, қазақ әдістемесінде тың мәселені көтерген Ф.Ш. Оразбаева оқыту әдістерінің барлық түрлеріне қатысты ерекшеліктерді меңгерген қатысым әдісін ұсынды. Қазақ тілін оқытуда атқарылатын қатысымдық тапсырмалардың кешенін:

- 1) мәтінмен жұмыс;
- 2) жаттығу жұмыстары;
- 3) шығармашылық жұмыстар;
- 4) рөлдік ойындар;
- 5) жағдаяттық тапсырмаларды құрайды.

Оқытудың жалпы әдістеріне оның тарихи даму тұрғысынан қарайтын болсақ, өзге тілді оқыту әдістемесі төмендегі үш әдіске сүйенетінін байқаймыз:

- 1) аударма әдісі;
- 2) натуралды немесе екінші тілді тікелей (тура) оқыту әдісі;
- 3) аралас әдіс.

Натуралдық (тікелей оқыту) әдісінің сипаты:

1. Сабақ үйреніп отырған тілде жүргізіледі;
2. Күнделікті қолданылатын сөздер мен сөйлем формалары беріледі;
3. Оқытушы – тіл үйренуші, тіл үйренуші – тіл үйренуші арасында коммуникациялық дағдыға арналған жаттығулар жасалынады;
4. Грамматика индуктивті әдіс арқылы түсіндіріледі;
5. Үлгі көрсету және тәжірибе жасау арқылы үйрету ісі жүргізіледі;
6. Жаңа сөздер иллюстративті материалар арқылы енеді;
7. Тыңдалым және қабылдау бірлікте жүргізіледі;
8. Дұрыс дыбыстау мен грамматиканы сөйлеу барысында қолдана алу жағына баса назар аударылады.

Әдісті жүзеге асыру тәсілдері:

1. Дауыстап оқу;
2. Сұрақ-жауап әдісі;
3. Тіл үйренушілердің өз қателіктерін өздері түзетуі;
4. Сөйлесу жаттығулары;
5. Бос орындарды толтыру;
6. Диктант;

Натуралдық әдісті жүзеге асыру үшін тілдік орта қажет. Қазақ тілін үйрену үшін тілдік орта жоқ деген сөзді жиі естиміз. Біздің елімізде басқа шет тілдерді оқытып, үйрету үшін тілдік ортаның жоқ екені рас. Ал Қазақстанда тұрып жатқан кезде, басқаша қандай тілдік орта

туралы айтуымыз керек? Шет тілдерді үйретуде натуралдық әдісті қолданудың мүмкіндіктері шектеулі, ал өз елімізде тұтас бір ұлт сөйлеп отырған мемлекеттік тілді үйретуде ең негізгі әдіс натуралдық әдіс болуы керек.

Ол үшін тіл үйренушілер тілдік ортаға өздері сұранып, іздеп барып кіретіндей қажеттілік тууы керек.

Екінші тілді оқытуда болашағы бар бағыт — коммуникативтік бағыт болып табылады. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретудің ұтымды жолы — қатысым әдісі арқылы оқыту.

Коммуникация (лат. Communicatio - байланыс, қатынас) — араласу, ойлармен, идеялармен, деректермен бөлісу т.б.

- 1) Қатынас жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы;
- 2) Сөйлесу, ақпарат беру.

Қатысым үрдісінде ақпарат алмасу іске асырылады, қарым-қатынасқа түсушілердің әрқайсысы үшін ақпараттың маңыздылығы үлкен рөл атқарады. Себебі адамдар өзара сөз алмасып қана қоймайды, сондай-ақ, ортақ мәмілеге келуге тырысады. Ақпарат жай қабылданып қана қоймай, түсініліп, терең сезілгенде ғана ортақ мәмілеге келу, тіл табысу жүзеге асады. Сол себепті кез келген қатысым үрдісі іс-әрекет, қарым-қатынас, танымнан тұрады.

Қатысым уәжінің қалыптасу жолдары:

1. Үйренетін тілде телебағдарламалар көру, радиобағдарламалар тыңдау, оларды талдау;
2. Көркем әдебиет, баспасөз материалдарын оқу, оқығаны туралы әңгімелесу;

3. Сол тілдің атақты өкілдерімен кездесу, әңгімелесу;

4. Сол тілде ғана сөйлеуге арналған жазғы лагерьлерге қатысу.

Грамматикалық формулалар арқылы оқытудың тиімділігі:

Дайын формула тіл үйренушінің көз алдында сақталып қалады;

Формула арқылы кез келген өзі білетін сөздерін грамматикалық дайын қалыптарға салып, оларды тіркестіріп, сөйлемдер құрай алады;

Сөздікпен жұмыс белсенді түрде жүзеге аса бастайды;

Тіл үйренушілердің өздеріне деген сенімдері, қызығушылықтары арта түседі.

Сөзімнің соңында, теорияны өз тәжірибемде қолданып жүрген бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы сіздермен бөліскім келеді.

Ана тілің - арың бұл  
Ұятың боп тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте... деп ақын Қадыр Мырзалиев жырлағандай, өз  
тіліміздің мәртебесін көтерудегі жұмысымыз жемісті болсын!

Жазира НҰРБАЕВА,  
«Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту  
орталығының жетекші маман-оқытушысы

## Кино арқылы тіл құрмету



Бүгінгі таңда тілді үйретуде жаңа және тың әдістерді пайдалану әдістемені ұштаудың бірден-бір құралы десек те болады. Мәдениет, психология және тіл бір-бірімен тығыз байланысты болса, тілді үйретуде киноны көрсету немесе оның фрагменттерін пайдалануды тиімді тәсіл ретінде

қарастыруға болады, өйткені біріншіден кино өнер атаулының ішінде адам санасында бірден-бір әсер етуші құрал болса, екіншіден кино кейіпкерлерінің әрекеттері арқылы айтылған сөздерін, сөз тіркестерін, тұтастай сөйлемдерін визуалды қабылдауға септігін тигізетіні бар.

Міне, осындай тұжырымдар негізінде киноны пайдалана отырып, тіл үйретудің жаңа жолдарын айқындауға болатындығына көзіміз жетіп отыр. Соңғы жарыққа шыққан кинолардың ішінде әдістемелік тұрғыдан пайдалануға болатын бірден-бір кино туындысы — «Көшпенділер» екенін атап кеткендігіміз жөн. Бұндай пікірдің қалыптасуына бірден-бір негіз болып отырғандығы — фильмнің тілі көркем, әрі бай болғанында. Киноны пайдалану сабағында сабақтың біліктілік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатында толық жетуге мүмкіндік бар. Сабақ барысында тыңдаушылардың жазылым, оқылым, тыңдалым, сөйлесім дағдыларын қалыптастыратын тапсырмаларды орындау барысында сабақтың біліктілік мақсатына, кино жөнінде кеңірек түсінік беріп, дамытушылық мақсатына, әрі қазақтың тұрмыс-салтының көріністері мен кейіпкерлердің патриоттық, жауынгерлік кезеңдегі нағыз қазаққа тән қасиеттерін дәріптей отырып, сабақтың тәрбиелік мақсатына жетуге болады. Негізінде, фильм жөнінде әрбір көрерменнің өзінің пікірі, ойы бар. Киноны жарнамалау немесе ұлттық идеология тұрғысынан дәріптеу сияқты мақсаттарды басшылыққа алу негізсіз болмақ, ең басты сабаққа келісті, әрі тиімді тұсы — фильм арқылы қазақтың сұлу да, көркем тілімен таныстыру. Фильмде образды қанатты сөздер жиі кездеседі. Олардың бәрін жаттатқызу мүмкін емес, сондықтан сабақтың айқын тақырыбын таңдап алған жөн. Фильмді пайдалана отырып, тұрақты сөз тіркестерімен таныстырып, олардың құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталып кетуге болады. Тұрақты сөз тіркестері — сөз тіркесінің бір түрі екендігін және екі немесе бірнеше сөздің тұрақты тіркесуінен туатындығын түсіндіріп келіп, фильмнен үзінді көрсетіп, тұрақты сөз тіркесін таптыруға әбден болады. Олар тұрақты сөз тіркестердің мағынасын бірден түсінбеуі мүмкін, олардың қандай мағынада жұмсалғандығын ашып көрсететін келесі тапсырманы орындатуға болады. Сөздерді сәйкестендіріңіз:

Алты бақан ала ауыз болу	Қуанышты сәт орнау, жақсы хабар келу
Ақ түйенің қарны жарылу	Бірікпеу
Бір тудың астынан табылу	Қызығу
Көз аларту	Төтеп беру
Өз қанына өзін тұншықтыру	Бірігу

Сонымен бірге фильмді жарнамалап, өздерінің сөйлесім дағдыларын қалыптастыратын тапсырманы орындатуға болады. Фильм жөнінде келесі бір жаңа сөздерді тірек сөздер ретінде беріп кетуге болады: тарихи жауынгерлік кино, ауқымды бюджет жұмсалған, қазақтың сардары, шынайы достық пен махаббат. Бұл тапсырмалар-

дан басқа тыңдаушылардың лексикалық қорын дамыту мақсатында әртүрлі жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруға болады: синоним, антоним табу, сөздерді өзара тіркестіру, сөйлемді аяқтау, сөйлемнің құрылымын реттеу және т.б. Тапсырмаларды таңдау аудиторияның деңгейіне байланысты.

Қорыта келе, кино өнері сонау XIX ғасырдың аяғында ағайынды Люмьерлер жарты минуттық кино түсіргеннен бастап, қоғам өміріне ентелеп кіріп, одан әрі жоғары қарқынмен дами түсті. Кино кейде тым шыншыл да ащы, ал кейде ертегіге ұқсас ғажайып, бірақ ең бастысы айтары, көрсетері, берері мол әлем. Кино элементтерін тіл үйретуде қолдану бірте-бірте қажетті де тиімді әдіске айналары сөзсіз. Бірақ кино мен сабақты ұштастыру оқытушы шеберлігіне байланысты. Тақырып таңдау, оның өзектілігін айқындау, тірек сөздерді таңдау, олардың қатарындағы көпшілігі жиі кездесетін сөздер болуы, грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыптарды тапсырмалар арқылы байланыстыру, тапсырмаларға көшу сатыларын дұрыс таңдау сияқты маңызды аспектілерді оқытушы шебер ұйымдастырғаны абзал. Киноны сабақ барысында белгілі бір мақсат үшін шебер пайдаланған оқытушы тыңдаушының дүниетанымдық шеңберін кеңейтумен қатар, тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруға әбден әсерін тигізері анық. «Көшпенділер» сияқты алдымен әдеби туынды ретінде, кейіннен соның сюжеті бойынша түсірілген кинотуындыға айналған кино — лексикалық қорды көбейтуге ықпал ететін бірден-бір тіл үйрету құралы екендігін көптеген қосымша оқу құралдарына енгізіліп отырғандығы дәлелдеп отыр. Бұл фильмде кездесетін қорғап қалды, жайпау, ұшыру, қалжырау, басын қосу, кек алу, аңсау, күту сияқты етістіктермен сөйлем құратып, оларды күнделікті сөйлеу тілінде қолдануды үйрету тапсырмаларын орындату да тыңдаушылардың тілдік қорын дамытып, олардың сөйлесу дағдыларын қалыптастырары сөзсіз.



**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**  
**филология ғылымдарының докторы,**  
**профессор**

## ТАРИХИ «ҚОҢЫРАУ» СӨЗІ: БҰРМАЛАНУЫ МЕН ДӘСТҮРГЕ ЖАТ ҚОЛДАНЫСЫ

*2011 жылы бұрын қазаққа жетпіс жылдай астана болған Алматының шойын жолында айрықша оқиға болды. II теміржол бекетінен Алматы мен Атырау арасында үздіксіз қатынайтын «Ақжайық» пойызы тұңғыш рет жолға шықты.*

**Б**ұл ел көптен күткен, тіпті тараты таусыла аңсаған отарба еді. Пойыз қазір жалпы халыққа қолайлы қоғамдық көлік болып тұрғанын ешкім терістемес. Бәрі жақсы-ақ, бірақ басшы да, қосшы да жиылған осы «Ақжайықтың» тұсаукесеріндегі бір жоралғыны көргенде, қатты ойланып қалдық. Ол пойыз жүрер сәтте соғылған қоңырау еді. Кәдімгі шіркеу колоколы іспеттес «қоңырау». Біз

пойызтанушы немесе теміржолтанушы емеспіз, сондықтан «қоңырау соғу» дәстүрі қашан шыққанын дәл айта алмаймыз. Бір білетіміз, тәуелсіздік алғалы бері жаңа жол тораптары ашыларда, арнаулы һәм атаулы пойыздар шығарда осы «құрығыр қоңырау» қайта-қайта соғылып жүр. Ау, біз халқының 72 пайызы мұсылман ел емеспіз бе? Пойызға мінетіндер де, пойыздан түсетіндер де негізінен хақ жолындағылар ғой. Сонда әлгі қоңырауға неге мән бермедік? Ойлана қарасақ, оның себебі де бар екен. Біздегі шойын жолдың тарихы Ресей империясының өрістеу тарихымен сабақтасып жатыр. Оңтүстік пен солтүстіктегі де, шығыстағы да темір жолдың арғы тарихы Петербордағы екі басты самұрыққа барып бір-ақ тіреледі (ақын Мағжандардың шойын жолға қарсы болуының астары осыған байланысты). Баяғы «Хабар-2»-нің тілімен айтсақ, солай болған. Әрине, мәселеге әміршіл империя тұрғысынан қарасақ, барлық шарада державалық-православтық этикет көрінуі тиіс. Сондықтан жаңа пойыз жолға шығарда ресми сөз де сөйленеді, діндар «благодание» де береді, шіркеудің бөлшегі іспеттес колоколды да соғады. Кейін кеңес тұсында жолашардың біраз христиандық элементі сол күйінде қалып қойды. Міне, сөйтіп оны түсінбей, біз де қабылдап отырмыз. Әлбетте, өкінішке қарай!..

Осыдан 4-5 жыл бұрын Астанада «Қазанат» атты жаңа ипподром ашылды. Оған биік-биік орындардан беделді-беделді кісілер қатысты. Бұлардың 99 пайызы өзіміздің қандастар еді. Сәйгүліктер шабар кезде тағы да таныс-бейтаныс кәдімгі шіркеу қоңырауы соғылды. Соққан — ел ағаларының бірі. Ол не үшін бұлай жасағанын білген де жоқ. Сірә, оны «дәстүр» деп ойласа керек. Әрине, өкінішке қарай!

Енді бір тездетіп реттеуді қажет ететін рәсім — құлағымызға да, сүйегімізге де сіңісті мектеп қоңырауы болып тұр. Жылда кезекті оқу жылы аяқталып, барлық орта мектепте «соңғы қоңырау» соғылады. Нешінші рет екенін тап басып айту қиын. Жәңгір хан тұсынан есептесек, биылғысы — 174-қоңырау! Енді тоқтай қалыңыз. Бұл жез қоңырау қайдан шықты? Түр-тұрпаты, сыңғырлауы шіркеу колоколын елестетпей ме? Қоңырау қашан колокол болды немесе колокол қашан қоңырау болды? «Мемлекет діннен бөлек» дегенде, даусымыз жер жарады, ал сонда христиандықтың элементі ретінде колокол-қоңырау қалайша мектепке кіріп кеткен? Осыны ойланған адам болды ма?

Бірінші қазақтың «қоңырау» сөзіне келейік. Рас, бұл — халқымыздың төл сөзі (мұны Мұрад Аджи естісе, «әне, қазақтардың христиандығын дәлелдейтін колокол-қоңырау ежелден бар» деуші еді). Бірақ ол сөз ешқашан да колоколдың баламасы болған емес. Себебі түсінікті: қазақ христиан емес. Рухани мұрамызға үңілсек, мынандай жолдарды ұшырастырамыз: «Қоңыраулы найза қолға алдың, Қоңыр салқын

төске алдың, Жауды көрсең шүйілдің, Жеңсіз берен киіндің» («Ер Тарғын» жыры), «Қараша емес қауыс-ты, Қоңыраулатып дауысты» («Қобыланды» жыры), «Қоңыраулы найза қолға алып, Қоңыр салқын төске алып, Қол төңкерер ме екеміз» (Ақтамберді), «Ақсүйектің баласын, Қара ұлына теңгеріп, Қоңыраулы найза өңгердім» (Махамбет), «Түстіктен орай жатқан Жоңғар жоны, Қоңырау тау терістікте қорған-қобы» (С. Тастанбекқызы), «Біреу-міреу, кім біледі, газетке де жазып жіберуі мүмкін. Сонан соң біржолата күміс қоңыраулы Сейілбек атанғаным ғой» (С. Садуақасұлы), «Күлдірлеп қоңыраудай күй сыңқылдап, Бота күй маймаң қақты үн былқылдап» (І. Жансүгірұлы), «Күміс қоңыраудай күлкісі де күн күйінен, көңіл кірбіңінен аулақ» (М. Әуезов), «Су ала сол өзенге барды Ләззат, Шолпысы қоңыраудай сылдыр қағып» (Қ. Аманжолов).

Байыптай қарасақ, бұл мысалдардағы «қоңыраудың» бірде-бірі «колокол»-ға дәл келмейді. Бірінде - жауынгер қаруының түрі (оның өзінде бұл найзадан шығатын дыбысқа қатысты болса керек), екіншісінде - әуен, келісім, наз. Смағұлдың тұсында «күміс қоңырау» (осы аттас повесі бар) кісі бойындағы жылтырақ мінездің сипатын да аңғартса керек. Сөйте тұра, отаршылдықтың салалануы шіркеуді де күшейткен XIX-XX ғасыр қаламгерлері шығармаларынан еріксіз шіркеу сыңғырына ұқсас дыбыс та еміс-еміс естіліп қалады... Бұл даң-дұңның ежелгі жырға да кіріп кеткені байқалады. Мысалға 1900 жылы Қазанда басылған «Қыз Жібек» жырын алайық: «Жеті қырдан асқанда, Гүрілдеген қоңырауды, Есітті сонда құлағы...», «Қоңырау даусы келгесін, Төлегендей мырзаңыз, Көкжорға атты ағызып, Жетіп бір келді қасына». Жыршы Ж. Шайхисламұлының қоңырау деп отырғаны — «пәуеске қоңырауы» екен. Бір қызығы, осы нұсқада пәуескені (павозка) жегетін «тройке» де жүр. Бұдан кейін әлгі «қоңыраудың» қайдан шыққанына таңдануға болмас.

Біз, әлбетте, мәселенің мәнісіне үңілу үшін тарих тереңіне бойлауға мүдделіміз. Бәріне төреші — сол өткеннің қатпарлары болмақ. XI ғасырдың энциклопедиялық мұрасы саналатын М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (Түрік сөздігі) еңбегінде «қоңырау» сөзі сол күйінде жүр. Мұнда «қоңырау» сөзінің екі мағынасы берілген: біріншісі — бір нәрсенің сипаты мағынасында (не дыбыстың, не анатомиялық мүшенің), екіншісі — «құлақтың түбіндегі шығыңқы сүйек» (3-том, 515-бет). Сонымен бірге Сара ақынның жырындағы Қоңырау топонимі де бізді әжептәуір ойға жетелеуі тиіс.

Ұлт руханиятының тарихы «қоңырау» сөзіне, міне, осындай анықтама береді.

Ал, мұны қазақтың сөзін әлемге және кейінгі ұрпаққа танытатын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» қалай тәпсірлейді екен?

Тіл — әдебиет марғасқаларының көзі тірісінде шыққан екі томдық түсіндірме сөздік бұй дейді: «ҚОҢЫРАУ зат. Төбесі доғалдану конус тәрізді, ішінде тербеліп тұратын тілі бар, дыбыстық белгі беретін металдан жасалған құрал» (2-том, 64-бет). Бұл сөздікте С.Мұқановтың анық шіркеу қоңырауын сипаттаған екі сөйлемі мысалға алынған.

Тіл білімі институты 1999 жылы жариялаған «Қазақ тілінің сөздігінде»: «ҚОҢЫРАУ. 1. Ішіндегі тербеліп тұратын білеу арқылы дыбыс шығаратын құрал. Құлынға қоңырау тақты ... 2. Шырылдап дыбыс беру үшін жасалған техникалық құрал. Сағаттың қоңырауы шырылдап қоя берді (Қанахин)» делінген. Осы сөздікте мынандай да сөздің түсіндірмесі бар: «ҚОҢЫРАУБАС. бот. Гүлі қоңырау пішіндес көп жылдық шөптесін өсімдік» (407-бет).

Енді осы сөздіктердің мәліметін орыс тіліне аударсақ, М. Аджилер «е,бәсе!» деп бөркін аспанға атып қуанатын шығар. Сонда, сөздікке сенсек, қазақта «тербеліп тұратын тілі бар» құрал ежелден болғаны ғой. Мәссаған! Құлынға тағылатын қоңырауға келсек, бұл — қазақ даласына қарашекпенділермен бірге енген дәстүр (В. Даль колоколды — «божий глас», ол тек қана шіркеуге байланысты қолданылады дей келе, «колокольчик, нпр. на шею скоту» деп түсіндіреді, 2-том, 139-бет). Базаршылап барып, құлынға қоңырау сатып алуды қаймана қазақ қызық көрген. Ал пәуескіге жеккен атқа қоңырау тағып, даланы да, қаланы да жаңғыртып жүру — православ дініндегілер үшін әжептәуір мерей әрі сән болған. XIX ғасырдың қазақ бай-шонжары орыс ұстасына пәуескі жасатқанда, көліктің сәні ретінде бұл «колокольчик» қазақ сахарасына да келген. Біздің аңқау мырза кәпір дінінің бөлшегін қаперіне де алмаған.

Ал «қоңыраубасқа» келсек, бұл — орыс шөп атауының калька-аудармасы. Шіркеуді де, колоколды да көрмеген дала қазағы қайдан оның «қоңырау пішіндес» екенін біледі? Алаш баласы үшін қоңырау — дыбыстың, әуеннің сипаты ғана ғой. Яғни ол заттық форма болған емес.

Міне, осыдан кейін қазақ мектебіне колоколдың қашан орныққаны жөнінде ойлануға тура келеді. Сөз жоқ, ол XIX ғасырда орыс-қырғыз школдарының ашылуымен бірге пайда болды. Бұл — атышулы миссионер Ильминскийлер еңбегінің жемісі. Школ звоногы — шіркеу колоколының кішкене түрі (аталымдарды түсінікті болу үшін орысша бердік). Тіпті бүгін де Қазақстанда электр қуаты болмай қалған жағдайда қаладан ауылға дейін осы «тербеліп тұратын тілі бар» шіркеу колоколының кіші түрі соғылады. Ал оқу жылы аяғындағы «соңғы қоңырау» тоқтың бар-жоғына қарамай мұны қаза қылған емес...

Бір қызық жері, В. Даль сөздігі мен Қазақ сөздіктеріндегі колокол-қоңырауға берілген анықтама өте ұқсас. Орыс ғалымы — православ,

ал мұсылман қазақ ғалымдарына не жорық? Сонда олар батырлар жырындағы, Ақтамберді мен Махамбеттегі «қоңырауды» шіркеу колоколы деп түсіндірмек пе?

Бүгінгі мектепте колоколды қалыптасқан әдетпен «звонок» дейді. Қазақ тілшілері звонокты да, колоколды да — «қоңырау» деп аударады. Орыс сөздігінің атасы В. Даль колоколец, колокольчик, звонок аталымдарын қатар қояды. Орыс сөзінің этимологиясын қарастырған Н. Шанский, В. Иванов, Т. Шанская колоколды — жалпыславяндық сөз дей отырып, ежелгі үнді тілінде kalakalas — жүйесіз шу, айқай мағынасын бергенін, латында calo, гректе kaleo, ескі неміс тілінде hellan — шақыру, дауыстау дегенді білдіргенін жазады (205-206-бет). М. Фасмер сөздігінде әлгіге қоса бұл сөздің «грек жерінің бас киімі», «кезбенің бас киімі» сияқты мағынасы болғаны да көрсетілген (2-том, 294-бет). Қалай десек те мұның бәрінен христиандықтың, шоқыншақ Үрімнің иісі шығады.

Біз өзімізше қызығып «колоколды туысқан түрік халықтары не дейді екен?» деп те бағамдап көрдік. 1992 жылы Анкарада шыққан «Karsilastirmali Turk lehceleri sozlugu» еңбегінің 1-томында (114-115-бет) түрікше — san, әзірбайжанша — zang, башқұртша — san, kingirav, қазақша — konirav, қырғызша — konguro, өзбекше — kongirak, zang, татарша — san, kingirav, түркіменше — san, ұйғырша — san, орысша — kolokol деп тізбеленген (біз мұнда техникалық себеппен түріктің әріп дәйекшелерін қоймадық). Сонда шіркеу даңғырағын түрік, татар, түркімен, ұйғыр, әзірбайжан, башқұрт, өзбек негізінен — чаң, заң, саң дейді екен (біздің даң-дұң, шаң-шұң деген еліктеуіш сөздеріміздің бір сыңары сияқты және бұл «колокол»-дың арғы мағынасын дәл ашады). Жалпы түрік халықтары қатарында шіркеу колоколына байырғы өз сөзін яки әуен атауын оп-оңай қия салған — біз бен қырғыз екен. Қырғыз дәу де болса бізге еліктесе керек... Бұл «тумысымыздан музыкантпыз» деп жүрген біздің жұртқа ұят емес пе? Дәлірек айтсақ, қазақтың қоңыр және содан өрбіген қоңырау әуені мен шіркеу құралының даңғыр-дұңғыры, шаң-шұңы бірдей һәм үндес болғаны ма? Ана тіліміз бен ата дініміздің тектамырынан ажырай бастаған бүгінгі ұрпаққа тарих қойнауындағы қоңыраумен байланысты сөздерімізді қалай түсіндіреміз?

Қазір жат дін өкілдері өздерінің қызылды-жасылды діни кітаптарын Алтайдан Атырауға дейін таза қазақша «Киелі кітап» деген атаумен таратып жүр. Кие де, кітап та — бізге аса қадірлі сөздер. Қазақы қоңыраудың шіркеу қоңырауына айналып кеткенін және оның ақ парақтай мектебімізді жаулап алғанын осы үрдіспен түсіндіруге болады.


Енді мәселенің практикалық жағына келейік.

Бірінші, мектепті шіркеу «қоңырауынан» қалай құтқарамыз? Біздіңше, жыл сайын өтетін «соңғы қоңырау» салтанатында «тербеліп тұратын тілі бар» шіркеу колоколчигінің орнына сылдырмақты немесе басқа да ұлт дәстүріне қатысты аспап пішіндес құралды пайдалануға болады ғой (егер аса керек деп тапса). Әйтпесе сол сыңғырдың не керегі бар? Жалпы оқу орындарында үзілістің келген уақытын білдіретін дыбысты ұлттық құндылықтармен байланысы бар музыканың бір үзігімен алмастыру қажет. Қазақстан бойынша мектеп, колледж, университет жүйелерінің әрқайсына арнап ортақ үзіліс әуенін қабылдауға да болады (мысалы, Еуразия ұлттық университетінде біздің бастамамызбен үзіліс әуені ретінде Н. Тілендиевтің «Аққу» күйінің бір үзігі алынды).

Екінші, ендігі жерде темір жолдың ашылуында, жаңа пойыздың тұсаукесерінде немесе ипподромдағы ат жарысында шіркеу даңғыры секілді «қоңырау соғудың» дым да қажеті жоқ. Шойын жолға жауапты азаматтар мен атбегілер ислам құндылықтарын қадірлейтін Шығыс елдерінде осындай рәсім қалай жүретінін біліп пе екен? Әрине, оны тура көшірудің қажеті жоқ. Бірақ бұрынғыша жүргізе беру елдігімізге қиғаш.

Үшінші, біз жалпы қоңырау сөзін ақтап алуға тиіспіз. Отаршылдық та, онымен ере келген миссионерлік басқыншылық та ресми жойылды. Қазақтың әп-әдемі, тарихи орны бар сөзі неге шіркеу колоколының баламасы болуы керек? Бұл колоколды — А. Байтұрсынұлы анықтаған қағидатпен көлекіл деп алуға да немесе 1926 жылғы Түріктану сиезінің шешіміне сәйкес («бір түрік тілінде жоқ сөз басқа түрік тілінен алынсын») шың (шаң-шұң, даң-дұң-ның кез келген сыңары бұған сәйкес келеді) деп алуға да мүмкіндік бар ғой («Ер Тарғында» торғауыт пен оймауыттың «шың қаққаны» туралы дерек айтылады. Сондай-ақ М. Қашқарида бүгін мәнін жоймаған «шың», «зың» т.б. заттық мағына беретін еліктеуіш сөздер ұшырасады. Қазіргі түрік халықтарында кездесетін «колоколдың» баламасы содан шықса керек).

Қалай десек те, ғасырлар бойы армандап жеткен тәуелсіздік тұсында Ақтамберді мен Махамбеттің қоңыраулы найзасы қай-қайдағы жат діннің қоңырауына емес, дәстүрге берік ұлттың қоңыраулы қаламына, тіпті қоңыраулы технологиясына айналуы қажет-ау! Ал жаратқанға серік қосатындардың Һәм ежелден қазақты энтомологиялық коллекцияға (мәселен, қатырылған көбелек т.б.) айналдыруды қалағандардың салт-сана қондырғыларын ана тіліміздің жағымды сөзімен бүркемелеу кімге бақ, кімге сор екенін аңғаратын уақыт жеткен секілді.



## БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Аз сөйлер де, көп тыңдар хас асылдың баласы.

**Махамбет Өтемісұлы**

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

**Абай**

Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса,  
Жақсы сол – істер ісін тәмамдаса.

**Шал Құлекеұлы**

Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық.

**Төле би Әлібекұлы**

Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман.

**Қазыбек Келдібекұлы**

Ең ұлы жеңіс – өзінді-өзің жеңу.

**П. Кальдерон**

Өмір еңбексіз ештеңе бермейді.

**Гораций**

Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.

**Леонардо Да Винчи**

Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек.

**М. Әуезов**

Ешқашан да үлкен қиыншылықтарсыз үлкен істер болмайды.

**Ф. Вольтер**

Пікір күшті болса, іс те күшті болмақ.

**У. Шекспир**

Күте білгендерге бәрі өз уақытында келеді.

**О. Бальзак**

Бақыт әрдайым батыл адам жағында.

**П. Багратион**

Шын дананы тануға болатын нағыз белгі – шыдамдылық.

**Г. Ибсен**

Кім болам десе, сол болу – ұлы адамның ісі де, қолынан келгені болу – әр адамның ісі.

**В. Гюго**

Адамның аса зор ерекшелігі – ең қиын кедергілерді жеңудегі табандылығы.

**Л. Бетховен**

Адам өзіне-өзі бағынып, өзінің шешімдеріне бой ұсынып үйренуге тиіс.

**Цицерон**

**Құрастырған Мырзагелді Кемел  
«Абзалдық әліппесі»**



## ҚАЗАҚЫ ҚАЛЖЫҢ

### **Білмейтіндерің білетіндеріңнен сұрап алыңдар...**

Бір күні үлкен жиында Қожанасыр әпенде елдің алдына шығып:  
— Уа, халайық! Менің не айтқалы тұрғанымды білесіңдер ме? —  
деп сұрапты.

— Жоқ! — деп шу ете қалады көпшілік.

— Білмесеңдер несіне айтам, — деп Қожекең мінбеден түсіп кетіпті.  
Қожанасырды сөйлетуді мақсат еткен жұрт келесі жиналғанда  
дәстүрлі сұраққа бірауыздан:

— Білеміз! — деп жауап қайырады.

Сөйтсе әпенде:

— Білетін болсаңдар несіне айтам, — деп тағы да бұрылып жүре  
беріпті.

Екі рет қатарынан алданған көпшілік оны қайтсе де сөйлетуге бел  
буыпты. Белгілі сұрағын үшінші рет қайталағанда:

— Жартысымыз білеміз, жартысымыз білмейміз, — деп жауап  
беріпті.

— Онда білмейтіндерің білетіндеріңнен сұрап алыңдар, — деп  
Қожекең есегіне қарғыш мініпті...

### **Қорыққанның әкесі...**

Қожекең мұрыны қоңқиған, құлағы қалқиған, бетінің қорасан  
дағы бар көріксіздеу кісі болыпты. Әйелінің аяғы ауыр екен, тігін тігіп  
отырып:

- Отағасы, осы мен бір нәрседен қатты қорқамын, — депті.
- Е, сонша неден қорқасың? — деп елең ете қалады Қожекең.
- Мына ішімдегі бала ертең саған тартып кете ме деп қорқамын, — деп күрсініпті бәйбішесі.
- Маған тартып кетсе, оқасы жоқ, қорыққанның әкесін маған тартпай кетсе көрерсің, — депті сонда әпенде.

## **Кімді жақсы көресің?**

- Қожекеңнің екі әйелі болыпты. Қолдары сәл босағанда:
- Қайсымызды ерекше жақсы көресің? — деп отағасының есін шығарады екен.
  - Екеуіңді бірдей көремін, — деп қанша қарғанса да сенбестік танытады.
- Қожанасыр бір күні базардан екі қызыл моншақ сатып алыпты. Бәйбішесіне: «Мына моншақты тек саған ғана сатып алдым, ана тоқалға көрсетпей тағып жүр», — десе, екінші әйеліне де: «Мына моншақты саған ғана сатып алдым, ана бәйбіше ештеңе білмесін», — деп алдайды.
- Екеуі үйреншікті сұрағын қайталағанда:
- Қызыл моншақ әпергенімді жақсы көремін, — деп жауап береді. Бәйбіше де риза, тоқал да мәз.
  - Алайда бір күні өтірігі шығып қалып, екі оттың ортасына түседі.
  - Екеуімізді бірдей жақсы көруің мүмкін емес, мысалы біз суға кетіп барамыз делік, сонда сен қайсымызды құтқарасың? — деп жағадан алады. Сасып қалған әпенде:
  - Бәйбіше, осы сен ептеп малти білуші едің ғой, — депті.

## **«Желаяқ»**

- Қожекең үйленгеннен кейін үш айдан соң кішкентайлы болады.
- Қожеке, мына сәби алғашқы көрген қызығымыз ғой, атын өзің қой- дейді әйелі.
  - Жарайды, онда аты Желаяқ болсын, — дейді отағасы ойланбастан.
  - Апырмай, Қожеке, бұдан басқа дұрыс ат таба алмадың ба? — деп ренжиді бәйбішесі.
  - Тоғыз айлық жолды үш-ақ айда жүріп келген балаға тек Желаяқ деген ат жарасады, — деген екен әпенде.

## **Құрдас шығармыз**

- Қожеке, ағаңыз Сізден неше жас үлкен? — деп сұрайды біреу Қожанасырдан.
- Ағам менен бір жас үлкен болатын, былтыр бір жыл ауырып қалды, енді құрдас шығармыз, — депті әпенде.

## **Әрі кетсе жиырма алты**

— Арифметикадан қалай екі алып жүрсің? — деп сұрайды Қожекең баласынан.

— Апайдың «Бесті беске көбейткенде неше болады?» деген сұрағына «Отыз» деп жауап беріп едім, екі қойды, — дейді баласы.

— Ой, оңбаған неме, енді сен екі алмай, мен екі аламын ба, беске беске көбейткенде жиырма бес, әрі кетсе жиырма алты, одан көп болуы мүмкін емес, — деп ұрысыпты әкесі.

## **Тұқым қуалаған пәле**

Бір күні Қожанасырға қаралуға бір әйел келеді.

— Тұрмысқа шыққаныма көп болды, бір перзенттің зарын тартып жүрмін. Ем іздеп бармаған жерім, баспаған тауым жоқ, ендігі бар үмітім Сізде, — деп көзіне жас алады.

— Бәлкім, бұл тұқым қуалаған пәле шығар. Өз шешеніз бала көтерген кісі ме еді? — деп сұрапты сасып қалған әпенді.

## **Тоғыз ділдә болса да, әкелші...**

Қожекең түсінде біреумен ақшаға таласып, дауласып жатыр екен. Бұл:

— Маған қалайда он ділдә бересің! — дейді. Анау болса:

— Он ділдәм жоқ, алатын болсаң, осы тоғыз ділдәні ал! — деп қырсығады.

Қожанасыр әбден ашуланып:

— Он ділдә болмаса, тоғыз ділдәні алмаймын! — деп айғай салады да, өз даусынан өзі оянып кетеді. Түсі екенін білгеннен кейін жалмажан көзін жұма салып:

— Жарайды, тоғыз ділдә болса да әкелші! — деп алақанын жайыпты.

**Қ. Баев,  
Астана қаласы**

# МАЗМҰНЫ

## ТУҒАН ТІЛ – ТҰҒЫРЫҢ

Қазақ тілі: тиімді дамудың жеті шешімі .....	4
Тіл тағдыры – ел тағдыры.....	8
Ұлттық инновация және қазақ мәселесі .....	16

## ТІЛДІК ТҰЛҒА

Сөздік – рухани құндылық .....	23
--------------------------------	----

## АУДАРМА ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Ана тіліне адалдық .....	31
Аударманың пайда болуы және даму ерекшеліктері .....	41

## ТҮБІ БІР ТҮРКІ ТІЛІ

Сары ұйғырлар тарихы мен тілінің қалыптасуы.....	49
Түркі жазуы – қазақ тарихының асыл мұрасы .....	57
Ортақ әліпби мәселесі .....	61
Қазақстанның келешектегі кемел жазуы.....	69
Қазақ күнтізбесінің қалыптасуы .....	79

## ӘДІСТЕМЕ ӘЛЕМІНДЕ

Мемлекеттік тілді оқытудағы әдістемелік жүйе.....	85
Кино арқылы тіл үйрету .....	90

## **СӨЗ ТӨРКІНІ**

Тарихи қоңырау сөзі: бұрмалануы мен дәстүрге жат қолданысы..... 93

**БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ** ..... 99

**ҚАЗАҚЫ ҚАЛЖЫН** .....101

## **РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ:**

Авторлардың стилі,  
орфография хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы  
Тілдерді дамытудың республикалық  
үйлестіру-әдістемелік орталығында  
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап,  
компьютерлік нұсқасын дайындаған  
**Жанар ПЕРНЕБЕКОВА**

## **РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

Қазақстан Республикасы  
010000, Астана қаласы,  
Сол жақ жағалау, Сауран көшесі, 7 А,  
1-қабат, 6-бөлме  
Тел.: 8 (7172) 40-83-97  
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 17.06.2015 ж.  
Басуға қол қойылған күні 14.08.2015 ж.  
Пішімі 70 × 100<sup>1/16</sup>. Шартты баспа табағы 8,5.  
Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс №